

БЕЛГІЛІ АҚЫН ҚАЗЫБЕК ИСА «ПАРАСАТ» ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ АТАНДЫ

2-бет



АЛДАСПАННЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

12-бет



БАХТИЯР АМАНЖОЛ: В 1986 Г. ПРОБУДИЛАСЬ ГЕНЕТИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ КАЗАХОВ

16-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz || qazaquni2000@gmail.com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || **№48-49 (814-815), 13 jeltoqsan, 2018**




## ШӘМШІ: АҢЫЗ бен АҚИҚАТ

Құдайдан жасырмағанды адамнан бүркемелеп қайтеміз. Қалдаяқов өмірінің ең сәулелі жылдары ішкілікпен өткені жайлы жоғарыда да баяндағанбыз...

10-11 бет

# ҰЛЫ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАҒЗЫМ



Тәуелсіздік – ұлы мұрат, шын ұққанға зор мәртебе. Тәуелсіздік – қан мен терін аямаған қазақтың кешкен азабының өтеуі. Ата-бабамыз аңсап, ерекше ықыласпен күткен еркіндік, бостандық таңы. Иә, қазағым тәуелсіз ел болу үшін қаншама азап пен мазаққа шыдады. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!» деп Абай айтқандай, қайран қаһарман ел, алпауыт халық түрлі сынақты көтере білді. Тәуелсіздік жолында еш аянбады, өмір ағынындағы түрлі бұралаң-белестер мен қиындықтардан еш сағы сынбады. Қайта, керісінше, қайсар мінезі шыңдала берді. Керей мен Жәнібек бастаған сұлтандар тобы өзбек ұлысынан бөлініп, жеке дара Қазақ Хандығын құрғаны белгілі. Қазақ халқы біртіндеп көбейіп, жер аумағы да еселене берді. Қазақ халқы, тіпті, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған дәуірді де бастан кешірді. Қазағымның тыныштығын жоңғар халқы бұзды.

7 бет



# ЖАСАНДЫ ТҮСІК – ҚАЗАҚҚА ЖАТ ТҮСІНІК

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі қыз балаларға 16 жастан бастап ата-анасының келісімін алмай-ақ, жасанды түсік жасата беру туралы жобаны ұсынып, заң жүзінде бекітіп алмақшы. Ал қазіргі біздегі қолданыстағы ережелер бойынша кәмелетке толмаған қыз балаларға мұндай медициналық көмек көрсету үшін ата-анасының немесе заңды өкілінің келісімі міндетті түрде керек. Министрліктің бұл ұсынысы жария болысымен-ақ халық арасында қызу талқылау басталып кетті...

3 бет



## ЖЕЛТОҚСАН ЖҮРЕГІМІЗДЕ

Желтоқсан көтерілісінде студенттер ғана емес, жұмысшы жастардың да үлес салмағы айырықша басым болды. Өйткені, Алматыға келгесін орыстың тілі мен орыстық өктем саясаттың езгісін көбірек көрген де осы жұмысшы жастар. Оқуға түсе алмаған ауылдың қазақ жастары қалаға тіркелу мүмкіндігі болмағандықтан қай жерде жұмыс күші жетіспесе, амалсыз сонда баруға мәжбүр...

9 бет

# ДЕНЬ НЕЗАВИСИМОСТИ: КАК ЭТО БЫЛО



Первый шаг к независимости Казахстан сделал еще за год до ее официального провозглашения. 25 октября 1990 г. Верховный Совет Казахской ССР принял Декларацию о государственном суверенитете республики. Это событие завершило «парад суверенитетов», после которого союзные республики стали проводить самостоятельную политику.

15 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К.Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 **Жазылу индексі – 65380**

# ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

**Мемлекет басшысының төрағалығымен Түркістан қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өтті. Жиынды ашқан Нұрсұлтан Назарбаев Түркістан қаласында құрылыс жұмыстарын бастау үшін шұғыл шаралар қабылдау қажеттігін айтты.**



«Түркістан – бүкіл халқымыз үшін қасиетті қала. Біз бұл шаһарды одан әрі дамыту мәселесін жан-жақты талқылап, тиісті тапсырмалар беріп, қажетті қаражат бөлдік. Уақыт келді, алайда ешқандай жұмыс басталған жоқ. Облыс орталығын салу жөнінде белгілеген жоспарды орындауға кірісу керек», – деді Елбасы. Қазақстан Президенті қаланың әкімшілік-іскерлік орталығын, тұрғын үйлер алабын және әлеуметтік нысандарды салу басым бағыт болып саналатынын атап өтті.

Жиында Премьер-Министрдің бірінші орынбасары А.Маминнің, Түркістан облысының әкімі Ж.Түймебаевтың, Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиұлының және Халықаралық сәулет байқауы комиссиясының төрағасы А.Зікiриннің Түркістанның бас жоспарының тұжырымдамасын іске асыру барысы, соның ішінде қалада жаңа нысандар салу жоспарлары туралы баяндамалары тыңдалды. Соңында Мемлекет басшысы жаңғыртылатын энергия көздерін пайдаланудың маңыздылығына назар аударып, облыс орталығын энергиямен және сумен қамтамасыз ету салаларын жақсартуға қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

# ТАҒЫ ДА ҚЫРУАР ҚАРЖЫ ИГЕРІЛМЕЙ ЖАТЫР

**Үкіметтің кезекті отырысында республикалық бюджеттің қаржысын игеру мәселесі қаралды. ҚР Қаржы министрі Әлихан Смайыловтың айтуынша, биыл он бір айдың ішінде 107 миллиард теңге игерілмей отыр.**

Аталған қаржының басым бөлігі ҚР Қорғаныс министрлігі, ҚР Ішкі істер министрлігі, ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Астана, Түркістан, Қызылорда мен Шымкент қалалары, сондай-ақ, Маңғыстау мен Павлодар облыстарына тиесілі.

«Қаражатты игермеудің негізгі себептері — жұмыстар, қызметтер мен тауарларды уақытында жеткізбеу, сондай-ақ, шарттарды ұзақ келісу. Қаржы жылының соңына дейін 12 жұмыс күні қалды. Осы уақыттың ішінде орталық және жергілікті органдар 800 млрд. теңгеге жуық қаражатты игеруі қажет. Сондықтан, қалған уақытта осы мәселеге аса үлкен назар аударып, белсенді жұмыс атқару керек», — деді Ә.Смайылов. ҚР премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев әрбір министрден игерілмей қалған қаржыға қатысты есеп беруді талап етті. ҚР Қорғаныс министрлігі бақандай 40 миллиард, Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев 11 миллиард, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі 8 миллиард, ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы да 8 миллиард теңгені жылдың аяғына дейін игереміз деп уәде берді. Ал жылдың соңына дейін небары жарты ай ғана уақыт қалды. Жыл бойы игере алмаған қаржыны жарты айда қайтып, қайда жұмсамақ? Бұл ешқандай санаға қонымсыз уәде емес пе, оған бас уәзір қалай сеніп отыр?

# БІЛІКТІ МАМАНДАРЫМЫЗДЫ БАҒАЛАЙ БІЛЕЙІК

**«Индустрия 4.0» элементтерін сәтті енгізу – бұл біздің еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне де оң әсерін тигізетін маңызды іс. Бұл туралы Мәжілістегі «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына арналған Үкімет сағатында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев мәлімдеді.**

«Президентіміз, үшінші жаңғыру жолындағы негізгі компоненттердің бірі ретінде, тұрмысымызға цифрлық технологияларды енгізудің қажеттілігін айтты. Осылайша «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жасау туралы нақты тапсырма берді», – деді министр.

Оның атап өтуінше, кадр дайындау ісіне баса мән беру қажет. «Қазір IT-саласының қызметкерлері әлем бойынша ең қажетті мамандықтар тізімінде екінші орында тұр. Шетелдік жұмыс берушілерге жоғары деңгейлі кадрлар ауадай қажет. Сондықтан, өзіміздің озық білімі бар азаматтарды уысымыздан шығарып алмау — басты талаптардың бірі. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, экономиканы жан-жақты нығайту үшін, еңбек нарығындағы IT мамандардың үлесі үш пайыздан төмен болмағаны дұрыс», – деді ол.

Осы орайда, министр Қытайдың тәжірибесін мысалға келтірді. Олар биыл, шетелдерде қызмет істеп, табыс тауып жүрген 432 мың IT-мамандарын елдеріне қайтарып алған. Бұл Қазақстанның Ақтөбе немесе Қарағанды сияқты облыс орталықтарындағы халық санымен бірдей көрсеткіш. Кейбір дерек көздеріне қарасақ түрлі салалар бойынша біздің мыңдаған білікті мамандарымыз шетелдерде жүр. Өз білімі мен тәжірибелерін жат елге жұмсап жатыр. Оған біздегі төмен жалақы және өзге де әлеуметтік мәселелер негізгі себеп болып отыр. Қытай тәжірибесін басшылыққа ала отырып шетелдегі білікті мамандарымызды қайтара алсақ еліміздің өркендеуіне олар өздерінің үлкен үлестерін қосар еді.

# БЕЛГІЛІ АҚЫН ҚАЗЫБЕК ИСА «ПАРАСАТ» ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ АТАНДЫ

**Белгілі ақын, «Ақ жол» ҚДП төрағасының орынбасары Қазыбек Иса Елбасының Жарлығымен «Парасат» орденінің иегері атанды. Бұл туралы «Қазақ үні» ақпарат агенттігі хабарлады.**



– Аллаға шүкір, еңбегіміз еленіп, Елбасының Жарлығымен «Парасат» орденімен марапатталдық! Алаштың 101 жылында 13 желтоқсанда, Тәуелсіздік күні қарсаңында «Алаштың XXI ғасырдағы Ақ жолы» жалпыұлттық байқауы қорытындысы мен «Ақ жол» партиясының XIV құрылтайында осындай жоғары марапатқа ие болғанымызды жақсылыққа жорыдық. Американың Нью-Иорк қаласындағы Қазақстан әдебиеті мен мәдениеті форумынан мерейлі оралғанда бұл да бір күтпеген сый болды! Жұғысты болсын, халайық! Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын! – деп жазды белгілі ақын өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

«Қазақ үні» ақпарат агенттігі мен газетінің ұжымы «Қазақ үні» ЖШС президенті Қазыбек Жарылқасынұлы Исаны бұл марапатымен шын жүректен құттықтап, толайым табыстар мен игі жақсылықтарды тілейді.

# МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚ ИЕГЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

**Мемлекет басшысының қаулысымен, әдебиет және өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықтың иегерлері белгілі болды.**

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығы: ақын Тыныштықбек Әбдікәкімовке – «Алқоңыр дүние» өлеңдер мен балладалар жинағы үшін; Төлеубек Әлпиевке, Алан Бөрібаевқа, Сүндет Байғожинге, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының шығармашылық ұжымына қатысушыларға – «Абай» операсы (Л. Хамиди, А. Жұбанов) үшін; Ақан Сатаевқа, Әлия Назарбаеваға, Тимур Жақсылықовқа, Алтынай Нөгербекке, Әділ Ахметовке – «Анаға апарар жол» толықметражды көркем фильмі үшін; ақын Ақұштап Бақтыгерееваға – «Ана сыры» өлеңдер мен балладалар жинағы үшін; ақын Өтеген Оралбаевқа – «Шуақты шақ» жыр жинағы үшін берілді.

# ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖАҢА РЕФОРМАСЫ

**Бұдан былай заң бұзушылар мен қылмыс жасағандарды фото, видеоға түсіріп, табыс табуға болады. Ішкі істер министрлігі осындай жедел ақпарат жеткізгендерге ақша төлемекші. Ол үшін бар болғаны көшеде, қоғамдық орындарда заң бұзушылық байқасаңыз, ұялы телефонға түсіріп полицияға жіберу қажет.**

Ішкі істер министрлігі әзірлеп жатқан мобильді қосымша іске қосылса, қарапайым адамдар қырағы қоғам сақшысына айналмақ. Мәселен, тыйым салған жерде темекі тартқан адамды байқасаңыз фото, видеоға түсіріп, полицейлерге жібересіз. Егер күдіктінің айыпты екені дәлелденсе, 7 мың 212 теңге айыппұл салынады. Оның 3 мыңға жуық теңгесі куәгерге сыйақы ретінде беріледі.

– Айыппұлдың 50 пайызы мемлекетке түседі, 40 пайызы заңбұзушылық жайлы хабар берген адамға беріледі де, 10 пайызы мобильдік қосымшаны жасап шыққан компанияға тиесілі болады. Ал азаматтардың 78 пайызында ұялы телефон бар. Бұл әдісті АҚШ, Канаданың тәжірибесінен алдық, — деді Қалмұханбет Қасымов. Сондай-ақ, Қасымов лауазымды қызметкерлерді қысқартпақшы. Ішкі істер министрлігіндегі және аймақтардағы департамент, бөлімшелерде отырған 450 басшылар жұмыстан кетеді. Сонда 16 миллиард теңге үнемделеді екен. Артылған ақшаны қызметкерлердің жалақысын көтеруге жұмсалатын болады. Сенат спикері Қасымжомарт Тоқаев бұл мәселеге мұқият қарау керектігін ескертті. Дамыған Швейцарияның өзінде 5 жыл бұрын полицейлер жетіспей қылмыс көбейіп кеткендігін мысалға келтірді. Ал департаменттер пен бөлімдердің қысқартуға ілінген 450 лауазымды қызметкерлері қайда барады? Ол жағы нақтыланған жоқ. Сондай-ақ, полицейлер мемлекеттік, стратегиялық 748 нысанды күзетуден бас тартпақшы. Бұл жерден де босаған 4,5 мың сақшының қайда орналасты белгісіз.

# БІЛІМ МЕН ДЕНСАУЛЫҚ БАСҚАРМАЛАРЫ ЖАБЫЛА МА?

**ҚР Парламент Сенатының депутаты Дариға Назарбаева Білім басқармаларын жауып, мектептерді тікелей қаржыландыруды ұсынды. Оның айтуынша, бүгінде осы салада оң тәжірибе де бар. Шетелде мектептерді тікелей қаржыландырады. Ал Білім және ғылым министрлігі ақпараттық технологиялар арқылы тікелей бақылау шараларын жүргізе алады.**

«Қазір мектептерді жан басына қарай қаржыландыру жүйесі енгізіліп жатыр. Меніңше, ол ақша тікелей Астанадан бөлінетін болса, облыстық, қалалық және аудандық білім басқармалары мүлдем қажетсіз болып қалады. Бұл — өте маңызды мәселе. Себебі мектепке бюджет қаржысы бөлінгенде, ол ақша біраз уақыт жаңағы басқармаларда жатып қалады. Олар оны бүгін бере ме? Ертең бере ме? Ашығын айту керек, бюджет қаржысын үнемдеміз деп, толығымен бермеуі де мүмкін. Артынан кітаптарға, я болмаса, күрделі жөндеуге ата-аналардан жинай саласындар деп, жылы жаба салады. Ол жерде заңбұзушылықтар көп. Меніңше, ондай басқармалардың бәрін жауып тастау қажет», — деді Д.Назарбаева журналистерге берген сұхбатында.

«Мысалы, қазір «Күнделік» деген тамаша бағдарлама бар. Бюджеттен көп шығын шыққан жоқ. Бірақ ішінде мектептер, оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналар туралы көп ақпарат бар», – деп атап көрсетті Д.Назарбаева.

Бұл мәселені халық арасында да қызу талқылау басталған сыңайлы. Мыңдаған адамдар жұмыссыз қала ма? Бастама білім сапасына кері әсерін тигізбей ме? Осы тектес сұрақтар бүгіннің өзінде жиі қойыла бастады.

№48-49 (814-815), 13 jeltoqsan, 2018

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**ҚР Денсаулық сақтау министрлігі қыз балаларға 16 жастан бастап ата-анасының келісімін алмай-ақ, жасанды түсік жасата беру туралы жобаны ұсынып, заң жүзінде бекітіп алмақшы. Ал қазіргі біздегі қолданыстағы ережелер бойынша кәмелетке толмаған қыз балаларға мұндай медициналық көмек көрсету үшін ата-анасының немесе заңды өкілінің келісімі міндетті түрде керек. Министрліктің бұл ұсынысы жария болысымен-ақ халық арасында қызу талқылау басталып кетті. Ол түсінікті де, бұл бүкіл қоғам мен оның әрбір мүшесіне тікелей қатысы бар маңызды мәселе.**

# ЖАСАНДЫ ТҮСІК – ҚАЗАҚҚА ЖАТ ТҮСІНІК

Жобаны жария еткен ҚР Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Ләззат Ақтаеваның айтуынша бұл әлемде бар тәжірибе. Жаңа ережені ұсынуға елімізде аяқасты бала көтеріп қалған қыздар саны көбейіп бара жатқаны басты себеп болып отырғанға ұқсайды. Ал, қоғамдық денсаулық сақтау саясаты департаментінің директоры Айжан Исмағамбетованың пікірінше, бұл тастанды балалардың азаюына да септігін тигізбек. «Жоспарланбаған жүктілік баланы қорғансыз күйде тастап кетудің бірден бір себебі. Біз заңнамаға енгізгелі отырған норма осы мәселелердің алдын алады», – деді Айжан Исмағамбетова Үкімет үйінде журналистерге берген сұхбатында. Айта кетелік, жақында министр Елжан Біртанов та бұл жобаны қолдайтын пікірін білдірді.

Ресми деректерге қарасақ, соңғы үш жылда жасөспірімдер арасында жүктілік пен жасанды түсік жасату саны азайғанмен, қазіргі біздегі көрсеткіш тіпті адамдарға еркіндік өлшеусіз берілген Еуропадан да жоғары екен. «Ең алдымен ақпараттандыру және ескерту жұмыстарын жүргізген жөн. Бүгінде Қазақстанда алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдарда психоәлеуметтік кеңестік көмек көрсететін жүзден астам арнайы ұйымдар жұмыс істейді. Біз жастардың аталмыш орталықтарға барғанын, ақыл-кеңес алғанын қалаймыз», – деп атап өтті министрлік өкілі.

Үлкен мәселеге айналған жасанды түсіктің құқықтық жағын алып қарасақ, одан кейінгі болуы мүмкін кері салдарлары үшін барлық жауапкершілік ұсынылған жоба бойынша медициналық қызметкерлерге артылмақ. «Құқықтық механизм заңнамада көрсетілген. Аталған медициналық қызметтің сапасы үшін әрине, медициналық қызметкерлер жауап береді. Ал жасөспірім медициналық қызмет алуға құқылы болады», – деп түсіндірді А. Исмағамбетова. Заңмен бекіткенмен іс жүзінде қалай болмақ? Біздегі тәжірибеге сүйенсек дәп осы бағытта талай дау-дамайдың туындауы, тіпті адам өлімі орын алуы да әбден мүмкін. Жаңа заң қабылданған екен деп біздің дәрігерлер сапалы қызмет көрсетуге көше қояды дегенге сенім аз. Естеріңізде болса, дәрігерлердің жауапсыздығы мен салғырттығынан босануға келген бірқатар аналардың өлімі тіркелгені белгілі. Ондай жағдайлар әлі де жалғасуда. Жасанды түсік жасау да қатерлі екенін ұмытпағанымыз жөн. Аталған ұсыныс әзірге талқыланып жатыр, ереже қабылданған жағдайда, жасөспірім келісім беретін құжатқа өзі қол қоятын болады. Кәмелетке толмаған, оң-солын ажыратып үлгермеген жас қыздарға соншалықты жауапкершілігі мол шешім қабылдауды өз еріктеріне беріп қою қалай болар екен?..

БҰҰ-ның халық тұрмысы саласына қатысты арнайы қорының (ЮНФПА) мәліметінше, күн сайын әлемдегі дамушы елдердің кәмелетке толмаған 20 мың жасөспірімі босанып жатады. Бір жылда бұл көрсеткіш 7,3 миллионға жетеді, оның 2 миллионы – 15 жасқа толмаған қыздар. Демек бұл дүниежүзі бойынша орын алып отырған мәселе. Әлемдік тәжірибе мен біз еліктеуден танбаған Батыста осылай екен деген деректерді тықпалай берудің, солардың ыңғайына жығылудың қажеті жоқ. Ондай сылтаулар мен сілтеулерді сырып қойып, біз алдымен өзімізге қатысты түйіндерді тарқатып алуымыз қажет. Біздің басымыз батыстықтармен бірге жаратылмаған, қазақтың ұлттық болмысы мүлдем бөлек екенін ұмытпайық. Біз неге әлемдегі қолданылып жатқан басқа да тәжірибелер мен шешімдерге назар аудармаймыз. Мұсылман мемлекеттерін былай қойғанда, мысалы, Польша, Ирландия, Мальта мен Филиппинде абортқа заңмен тыйым салынған. Оңтүстік Америка елдері де түсік атаулыға тіксіне қарайды. Мұнда тек инцест, зорлау мен ананың өміріне қауіп төнген жағдайда ғана аборт жасауға рұқсат беріледі. Ал, мұсылман мемлекеті болып саналатын Қазақстанда жыл сайын 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдердің 20 мыңы жүкті болып, оның тең жартысы – 10 мыңға жуығы жасанды түсік жасатады екен. ЮНФПА-ның мәліметінше қазақстандық жастардың 10 пайызға жуығы 14 жасқа дейін, ал 50 пайызға жуығы 19 жасқа дейін жыныстық қатынас жасап үлгеретінін айтады. Былтырдың өзінде жүкті болғандардың саны 3 жарым мыңға жетіп қалған. Әрине, алаңдатарлық жағдай. Әйтсе де, заңға енгізуге ұсынылған өзгерістер міндетті түрде қоғам талқысына түсуі керек. Бұл бір ғана медицина саласына ғана қатысты мәселе емес, оның адами, жанұялық, қоғамдық, тұрмыстық, тіпті мемелекеттік, ұлттық мән-мағынасы бар. Әсіресе, сан жағынан өсе алмай жатқан қазақ үшін.

Бұған психологтар не дейді? Адам өз тағдырын өзі шешетін болса да мұндай жағдай жасөспірімдердің таным-түсінігіне тым ауыр дейді психологтар. «Осындай кішкентай қыздарды түсікке апару тығырықтан шығудың жолы емес. Барлық мектептерге барып, сол қыз балалармен, жігіттермен жасөспірім кезінен бастап түсіндіру қажет. Жыныстық сауатын ашу керекпіз», – дейді психолог Әсия Мәмбеталина. Мамандардың айтуынша жасанды түсік және оның зияны туралы мектептен бастап үйретуді талап етеді. Біз, жастардың болашағының – білім алуы, адам болып қалыптасуы мен денсаулығына зиян келтіретін факторлардың алдын алуымыз қажет. Ал ерте жастағы жүктілік пен түсік жасау дәл осындай зиянды фактор дейді олар.

Жасөспірімдер бір ғана қауіпсіз жыныстық қатынас жасау шарттарын сақтамағандықтан жүкті болып жатқан жоқ. Бұл құбылыстың және бір себебі – мыңдаған жас қыз кәмелетке толмаған күйі ұзатылып та жатады. Президент жанынан құрылған отбасы-демография саясаты әйелдер ісі жөніндегі Ұлттық комиссияның дерегіне сәйкес Қазақстанда орта есеппен жылына үш мыңнан аса 18 жасқа толмағандардың некесі қиылады екен. Кәмелеттік жасқа толмай тұрмысқа шығу – күрделі мәселенің бастауы ғана. Біріншіден, дәрігерлердің айтуынша ағзасы жетілмеген жасөспірім қыздардың бала туса денсаулығына зор нұқсан келеді. Бізде шынында да қазір ерте жаста некесін қиып жатқандар аз емес. Екіншіден, олардың ана болуға әлі де дайын жоқ. Үшіншіден, жүкті болған жасөспірім білім, алдағы өміріне қажет мамандық та ала алмай, кейін жұмыссыз қалады. Басқасын айтпағанда аталған осы үш себепті назардан тыс қалдыруға болмайды. Сондықтан әрбір ата-ана қызының денсаулығы мен оның болашағына жауапты болу керек.



Кейбір деректер бойынша, жалпы алғанда Қазақстанда жыл сайын 100 мыңға жуық түсік жасалады екен. Олардың көбі 20-30 жас аралығын қамтиды. Оның арасында кәмелетке толмаған қыздар да бар. Алайда, бұл санды нақты деп айту қиын. Себебі, 18-ге толмаған қызға ата-анасының рұқсатынсыз түсік жасауға рұқсат берілмейтіндіктен, кей жеткіншектер арнайы дәрілерді қолданады. Қай қалада болса да түсікке арналған дәрілердің астыртын сауда нүктелері бар. Ол дәрілердің көбі Қытайдан келеді. Оны сататындар дәріні қалай қолдану керектігін өздері де білмейді. Кейін бұл қайғылы оқиғаларға әкеліп соқтырып жатады.

Түсіктің қандай түрі болмасын зияны бар екенін кезкелген дәрігер айтып бере алады. Мұның соңы әйелдің қайтіп бала көтермеуіне алып келуі мүмкін. Бүгінде ресми деректер бойынша елімізде әрбір 5-ші жұп перзент сүйе алмай, балаға зар болып жүр. Сала мамандарының айтуынша, сәбилі болу үшін жасанды ұрықтандыруға ынта білдірген әйелдердің жартысынан астамы жас кезінде түсік жасатқандар екен. Демек, статистика көрсетіп отырғандай, олардың бедеулікке тап болудың негізгі себебі – жасанды түсік. Осы мәселеге қатысты пікір білдірушілердің көпшілігі бұл сұмдықты мүлдем тоқтату керектігін айтады. Аталған проблеманы жою мақсатында бірнеше жыл бұрын «Отбасын жоспарлау» бағдарламасы іске қосылғаны белгілі. Оның аясында отбасы құрудан бастап, алдағы уақытта балалы болу мәселесіне қатысты кеңестер беріледі. Бірақ, оның да нақты нәтижесін көре алмай келеміз. Өйткені, жастар ондай орталықтарға көп бара бермейді, сондықтан, бағдарлама жартылай қағаз жүзінде қалып отыр.

«Медицинада «жасанды түсіктен кейінгі синдром» деген термин бар. Түсіктен соң көп әйелдер психологиялық күйзеліске ұшырайды. Оның соңы есірткіге, ішімдікке жол беруі мүмкін, тіпті, өзіне өзі қол салуына да алып келеді. Сондықтан, біз бұл жерде бір баладан арыламыз деп ананың да өміріне қауіп төндіреміз. Егер де осы жағдайларды ескеретін болсақ, онда біз жасанды түсікке тыйым салу мәселесін қарастыруымыз керек», – дейді ОҚО Дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығының» психолог маманы Мәдина Үсімбекова.

Бұған қарама-қарсы пікірлер де жоқ емес. Мысалы, ШҚО қоғамдық кеңестің өкілі Индира Кәкімова: «Егер де заң бойынша жасанды түсікке тыйым салынса заңсыз, жасырын түсік жасау етек алады. Бұл қазіргі елдегі әлеуметтік мәселелерді шешудің орнына, ушықтырып жібереді. Егер де абортқа заң жүзінде тыйым салынса, онда тастанды балалардың саны көбейеді. Сәйкесінше, балалар үйінің саны артады. Болашақта елде жүгенсіз кеткен жасөспірімдердің қатары өсіп, әлеуметтік дау-жанжал пайда болады», – дейді. Бір қарағанда оны да жоққа шығаруға болмайды. Байқап отырғандарыңыздай пікір көп, қарама-қайшылық та жоқ емес. «Былай тартсақ өгіз өледі, былай тартсақ арба сынадының» кері келі тұр. Сонда не істеуіміз керек?

Алдында арнайы келтірген түрлі мамандардың ой-пікірлеріне қарасақ нақты бір шешім жоқ. Айтпақшы, телеарналардың біріне шағын ғана сұхбат берген саясаттанушы, қоғам қайраткері Дос Көшім «Жасанды түсік – қазақ үшін мүлдем жат түсінік» деп түйіндегенін естіп көрдік. Біздіңше, өзгелерге қарағанда Дос Көшім осы мәселенің тамырына тереңірек үңілген секілді. Біз де сол қырына көз жүгіртіп көрелікші.

Әр ұлттың өзінің қалыптасқан салт-дәстүрі, тәлім-тәрбиелік ұғымы бар. Оң жақта отырып, жүкті болған қызға деген қазақтың көзқарасын өздеріңіз де білесіздер. Сынға ұшырап, «отырса опақ, тұрса сопақ» дегендей ағайын-туыс, көрші-қолаң алдында «қарабетке» айналып шыға келеді. Сондықтан көп жасөспірімдер айтпай аборт жасатады, не үйден кетіп қалып, бала туып, оны тастап кетіп жатады. Бір ғана Алматыда тастанды балалардың 29 пайызының анасы 18-ге толмаған қыздар екені анықталған.

Қазақта «Қызға қырық үйден тыйым» деген ұғым бар. Ол тек қана мәтел емес, ғасырлар бойығы бұлжымас ұлт ұстанымы болып келді. Ашығын айтсақ біз соны жоғалтып алдық. Бұрындар жастайынан жүкті болу өте сирек кездессе бүгіндер қалыпты жағдайға айналды. Бұған жас қыздарды кіналай беруге болмайды. Бұның әлеуметтік, қоғамдық, керек десеңіз, саяси да астары бар. Капиталистік қоғамға кіргеннен бері біз материалдық байлыққа бой ұрып, ежелден келе жатқан рухани құндылықтарымызға қараудан қалдық. Қазіргі сәнге айналған тілмен айтсақ – ұлттық идеология дегенді ұмыта бастадық. Бұрындар анасы керек кеңестерді қызының құлағына өзі құйып отыратын. Қоғамда қыздың ашық-шашық жүруі болмайтын. Қазақ қызы – инабатты мінезімен көркем, үлкенді сыйлап алдын кесіп өтпейтін тәрбиесімен ерекшеленетін. Қазір мүлдем басқаша. Бүгін жастарды ата-анасы емес, шетелдік идеология тәрбиелеп жатыр. Телеарналар мен ғаламторлар арқылы белгілі бір бағыттағы идеологиялық теріс тәрбие жүргізіліп келеді. Шетел киноларындағы төсекте жалаңаш аунағандарды көрген жастар қандай тәрбие алмақшы? Оның үстіне біз мектептерде жастардың «жыныстық сауатын» ашу керек деп айқайға басудамыз. Ол туралы ашық әңгіме қозғаудың өзі – жастарды соған итермелеу болып табылады. Қазақта ол туралы ашық айтудың өзі ұятты нәрсе болған, ол тек ана мен қыздың арасындағы құпия әңгіме болып келген. Осыған қарағанда біз алдымен идеологиямызды жөндеп, ұлттық тәлім-тәрбиемізге қайта бет бұруымыз керек. Ол да енді оңайға түспесі белгілі, тым көп уақыт керек. Бірақ оң нәтиже беретіні анық, оған ата-бабаларымыздың ғасырлық тәжірибесі нақты дәлел бола алады.

**Зейнолла АБАЖАН**

# «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ XIV ҚҰРЫЛТАЙЫ ӨТТІ

**Астана қаласында «Ақ жол» партиясының XIV кезектен тыс Құрылтайы өтті. Құрылтайда партия мен оның парламенттік фракциясының 2018 жылғы атқарылған жұмыстары қорытындыланды.**




Жиынға партия төрағасы Азат Перуашев, Орталық Кеңес Президиумының мүшелері, Парламент Мәжілісінің депутаттары, аймақтық филиал төрағалары және өңірлерден келген 100-ге жуық арнайы делегаттар қатысты.

Съездің алғашқы бөлімінде «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев мемлекеттік марапатқа ие болған «ақжолдықтарға» және Алаш мұрасын баспасөзде белсенді түрде насихаттап, осы тақырыпта көлемді материалдар жазып жүрген журналистерге арнайы дипломдар мен сертификаттар табыс етті.

Мемлекеттік және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі үшін бірқатар «ақжолдықтар» Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталды. «Парасат» орденімен белгілі ақын, партия төрағасының орынбасары Қазыбек Иса, «Құрмет» орденімен Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Асан Қошмамбетов, «Алтай» газетінің бас редакторы Рахат Омаров, «Ерен еңбегі үшін» медалімен Солтүстік Қазақстан облыстық партия кеңесінің мүшесі Евгений Кинцель марапатталды.

Сондай-ақ, «Қазақстан» ұлттық телеарнасы дирекциясының бас редакторы Қайнар Олжай, «Жас Алаш» газетінің бас редакторының орынбасары Оралхан Дәуіт, «Қамшы.кз» ақпараттық агенттігінің PR-директоры Жазира Байдалы және «Абай.kz» ақпараттық ұлттық порталының шеф-редакторы Нұргелді Әбдіғаниұлы Алаш идеясын баспасөзде насихаттағаны үшін арнайы сыйлықтар мен «Алаштың Ақ жолы» медалімен марапатталды.




# «XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ» АТТЫ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

**Елордада «Ақ жол» демократиялық партиясының төл жобасы – «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» байқауының қорытынды кезеңі болып өтті. Тәуелсіздік күні қарсаңында өткен ұлттық байқаудың ақтық мәресінде әр өңірлерден келген 12 үміткер бақ сынады.**

Оған белгілі алаштанушы ғалымдар, Парламент Мәжілісінің депутаттары, «Ақ жол» партиясы Орталық Кеңесінің мүшелері, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Конференцияны құттықтау сөзбен «Ақ жол» партиясының төрағасы, Парламент Мәжілісінің депутаты Азат Перуашев ашты.

Байқауды қазылар алқасының төрағасы академик, профессор Дихан Қамзабекұлы жүргізді. Елімізге белгілі алаштанушы ғалым Сұлтан Хан Аққұлы Жүсіп, алаш қайраткерінің ұрпағы, ғалым Қайырбек Кемеңгер және филология ғылымдарының докторы, профессор Сағымбай Жұмағұлов төрағалық еткен қазылар алқасы төрт номинация бойынша өткен байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтады.

Нәтижесінде «Алаш қозғалысы және ұлтты саяси дамыту мәселелері» номинациясы бойынша бас жүлдені Бауыржан Айманов; екінші орынды Нұргүл Бекжанова; үшінші орынды Әзизбек Сүлейменов иеленді. «Алаш қозғалысы және ұлтты экономикалық-әлеуметтік дамыту мәселелері» номинациясы бойынша бас жүлдені Қайрат Динара; екінші орынды — Жылкыбаев Асылболат; үшінші орынды — Мейрамбекова Динара иеленді. «Алаш қозғалысы және ұлтты рухани жаңғырту мәселелері» тақырыбы бойынша бірінші орынға Мырзағали Абай; екінші орынға Уәлиев Талапкер; үшінші орынға Кенжебаева Алтынай ие болды.

«Алаш қозғалысы тарихындағы белгісіз оқиғалар мен жаңа есімдер» номинациясы бойынша: бас жүлденің иегері Әлібек Байбол атанып, екінші орынға Жастілек Надия; үшінші орынға Нәмет Бағлан ие болды.

Жеңімпаздарға 300 мың, 200 мың және 100 мың көлемінде сертификаттар берілді. Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің барлығының омырауларына «Алаштың ақ жолы» төсбелгісі қадалып, тиісті дипломдар табысталды.

*«Ақ жол» КДП баспасөз қызметі*

# САЛЫҚТЫҚ РАҚЫМШЫЛЫҚ ТИІМДІ ЖҮРГІЗІЛУГЕ ТИІСТІ

**«Ақ жол» фракциясы салықтық рақымшылықты тиімді жүргізу үшін Үкіметке өз ұсыныстарын жолдады. Депутаттық сауалды Екатерина Никитинская мәлімдеді.**

«Қазіргі уақытта Парламенттің және ҚР Үкіметінің барлық күш-жігері Жолдауды жүзеге асыруға бағытталған. Бизнес жаңадан құрылып, нөлден жұмыс істей бастауы үшін Президент шағын және орта кәсіпкерлікке арналған салықтық рақымшылық жүргізуді тапсырды. Салықтық амнистия кәсіпкерлерге заңнамалық қызметті жаңартуға мүмкіндік беріп қана қоймай, бизнесті заңға қайшы әкімшілік қысымнан қорғайды. Салықтың негізгі сомасын төлеген кәсіпкерлерді айыппұлдар мен өсімақылардан босату – бүгінде Мемлекет басшысының бизнеске қызу талқыға түскен бастамаларының бірі болды», — деп айтылған сауалда.

Никитинская Қаржы министрлігінің деректерін келтіріп өтті. Оған сүйенсек қазан айының басында айыппұлдар мен өсімақылардың үлесі шағын және орта кәсіпкерлердің салықтық қарыз мөлшерінің жалпы сомасының 40%-ын құрайды. Соған қарамастан, өсімақының сомасы (111 млрд.) айыппұлдың сомасынан (5,8 млрд.) 20 есеге дейін асып кеткен. «Ақ жол» партиясы бұл мұндай дау-дамайлар бойынша талап қою мерзімінің артықтығын және олардың уақыты өтіп кеткеннен кейін (бұрынғы күнмен) туындауының айқын дәлелі деп санайды. Былайша айтқанда, Президенттің салықтық рақымшылық жасау жөніндегі бұл бастамасы тез арада салықтық міндеттемелер бойынша талап қою мерзімін 5 жылдан 3 жылға дейін қысқарту қажеттілігінің өзектілігін арттыра түсті. «Ақ жол» фракциясы осы хақында бір емес бірнеше рет талап еткен болатын.

Өздерімізге мәлім, 18-қазанда Қаржы министрлігі рақымшылық жасаудың негізгі тәсілдерін жариялады және бүгінгі күні салық органдарының рақымшылық жасау тәртібін анықтайтын нормативтік-құқықтық құжаттар пакеті мемлекеттік органдармен келісу процесінен өтуде. Осы орайда, депутат Никитинская британдық миллиардер Ричард Брэнсонның дәйексөзін келтіріп өтті: «Бүге-шігесіне дейін мән беру көп жағдайда бизнес – идеяның табысты жүзеге асуын анықтап береді».

Депутат Жолдауды талқылау барысында «Ақ жол» демократиялық партиясының атына бизнес-қауымдастық тарапынан жоспарланған әкімшілік шаралардың тиімділігін арттыруға және шағын және орта кәсіпкерліктің қаржы жағдайын сауықтыруның кең ауқымдылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін біршама ұсыныстар келіп түскенін атап өтті. Осыған байланысты, «Ақ жол» депутаттары салықтық рақымшылық жүргізу кезінде келесідей мәселелердің заңды шешімін табуды қамтамасыз ету қажет деп есептейді:

- салықтық берешекті тікелей ақшалай қаражаттардың түсуі есебінен ғана емес, сондай-ақ есепке алу әдісімен төлеу кезінде айыппұлдарды және өсімақыларды есептен шығару тәртібін қарастыруды;

- салықтық рақымшылыққа іліккен салық төлеушілердің қатарына, кең таралған пайдалы қазба байлықтарды өндіруші шағын және орта бизнесті қосуды (ақпаратқа жүгінсек, бұл топтан тек су мен емдік саз-балшықтарды пайдаланушыларға ғана рақымшылық жасау жоспарлануда. Ал, жол құрылысы және құрылыс материалдарын өндіру саласындағы көптеген кәсіпкерлер назардан тыс қалып отыр);

- үстіміздегі жылдың 10 қазанындағы салық берешегін өтеу есебіне айыппұлдар мен өсімақылар сомасын бастапқы алып тастау жағдайында кейін айыппұлдар мен өсімақыларды төмендету арқылы оларды негізгі қарызды өтеу есебіне есепке алу мүмкіндігін қарастыру;

- ағымдағы жылғы 1-қазанға дейін заң бұзушылыққа жол берген ШОК субъектілерін айыппұлдар мен өсімақыны төлеуден босату. Алайда өз еркімен төлеу мерзімі өтіп кетпеген болуы керек және аталған салық төлеушілер салықтың негізгі сомасын өтеуге тиіс;

- салықтық тексеріс жүргізу нәтижесінде есепке алынған және 1-қазандағы жағдай бойынша шағым түсіру кезеңіндегі айыппұлдар мен өсімақыларды есептен шығару талаптарын белгілеу;

- төлем қабілетсіздігін реттеу я болмаса оңалту рәсімдеріне өткен салық төлеушілердің айыппұлдары мен өсімақысын есептен шығарудың арнайы тетіктерін қарастыру. Себебі, олардың салықтық берешегінің мерзімі өтіп кеткендіктен салықтық рақымшылыққа іліккендердің тізіміне қосылмай қалуы ықтимал.

Бұдан басқа, Никитинская 2001-2002 жылдардан бері аумақтық мемлекеттік кіріс органдарында жеке тұлғалардың ҚҚС, әлеуметтік салық, өндіріп алынған жеке табыс салығы бойынша қарыздары есепке алынып келгеніне назар аударды. Салық органдары олардан өндіріп ала алмайды, себебі, соның негізінде аталған сомалар есепке алынған құжаттары жоқ. Аталған соманы ресми түрде есептен шығару шағын бизнеске қосымша жеке тұлғалар санының кіруіне мүмкіндік береді.

«Ақ жол» фракциясы салықтық қарыздар бойынша талап қою мерзімін 5 жылдан 3 жылға дейін қысқартуды 2020 жылдан бастап емес, ағымдағы қаржылық жылдан бастап қолға алу мәселесін тағы бір мәрте көтерді. Осылайша мемлекет одан туындайтын салдарының алдын алып қоймай, шағын және орта бизнесті төлем қабілетсіздігіне душар ететін басты әрі маңызды себептерді жоя алады. «Ақжолдықтар» жоғарыда көрсетілген ұсыныстар Президенттің салықтық рақымшылық бойынша жүктеген тапсырмаларын сапалы орындауға мүмкіндік беретініне сенімді.

# НАДО ЭФФЕКТИВНО ПРОВОДИТЬ АМНИСТИЮ!



**Фракция «Ак жол» направила в правительство предложения для эффективного проведения налоговой амнистии – соответствующий депутатский запрос озвучен Екатериной Никитинской.**

«В настоящее время все усилия Парламента и Правительства РК направлены на реализацию Послания. Чтобы бизнес мог работать с чистого листа, Президент поручил провести налоговую амнистию для МСБ. Налоговая амнистия не только предоставит возможность предпринимателям возобновить законную деятельность, но и защитит бизнес от неправомерного административного давления. Списание пени и штрафов с предпринимателей, уплативших основную сумму налога, сегодня одна из самых обсуждаемых бизнесом инициатив Главы государства», – говорится в запросе.

Никитинская приводит данные Минфина, согласно которым на начало октября доля пени и штрафов составляет 40% от общей суммы налоговой задолженности МСБ. При этом, сумма пени (111 млрд) почти в 20 раз превышает сумму штрафов (5,8 млрд). В «Ак жоле» считают, что это свидетельствует о явно избыточном сроке давности по таким претензиям, а также об их возникновении задним числом.

Иными словами, инициатива Президента о налоговой амнистии вновь актуализировала необходимость немедленного сокращения срока исковой давности по налогам с 5 до 3 лет, на чём неоднократно настаивала фракция «Ак жол».

Как известно, 18 октября Минфин сообщил об основных подходах к проведению амнистии, и сегодня пакет нормативно-правовых документов, определяющих порядок проведения налоговой амнистии, проходит процедуру согласования в госорганах. В этой связи Никитинская привела высказывание британского миллиардера Ричарда Брэнсона: «Внимание к деталям в огромной степени определяет успешную реализацию бизнес-идей».



Депутат отметила, что в ходе обсуждения Послания в партию «Ак жол» от бизнес-сообщества поступил пул предложений, позволяющих повысить эффективность планируемых административных мер и обеспечить полномасштабность финансового оздоровления МСБ.

В этой связи депутаты «Ак жола» считают необходимым при проведении налоговой амнистии обеспечить легитимное решение следующих вопросов:

- предусмотреть порядок списания пени и штрафов в случаях уплаты задолженности по налогам не только через прямое поступление денежных средств, но и методом зачета;

- включить в число налогоплательщиков, подлежащих налоговой амнистии, МСБ, осуществляющий добычу общераспространенных полезных ископаемых (по информации, из этой группы предполагается амнистировать только пользователей воды и лечебных грязей, что оставляет за бортом огромное количество предпринимателей, работающих в сфере дорожного строительства и производства стройматериалов);

- в случаях первоочередного изъятия сумм пени и штрафов в счет погашения налоговой задолженности на 10 октября т.г. предусмотреть возможность их зачета в счет уплаты основного долга с последующим снижением пени и штрафов;

- освободить от уплаты пени и штрафов субъектов МСБ, допустивших нарушения до 1 октября т.г., но по которым срок добровольной уплаты еще не истек, при условии оплаты данными налогоплательщиками основной суммы налогов;

- определить условия списания пени и штрафов, начисленных по результатам налоговых проверок и находящихся по состоянию на 1 октября со стадии обжалования;

- рассмотреть специальные механизмы списания пени и штрафов для налогоплательщиков, проходящих процедуру реабилитации либо урегулирования неплатежеспособности, поскольку их налоговые задолженности являются отсроченными и по этой причине могут быть не включены в список, подлежащих налоговой амнистии.

Кроме того, Никитинская обратила внимание, что в территориальных органах госдоходов с 2001-2002гг., числятся задолженности физлиц по НДС, социальному налогу, ИПН, взимаемого у источника и т.п. Налоговые органы не могут их взыскать, т.к. отсутствуют документы, на основании которых были начислены данные суммы. Официальное списание данных сумм создаст возможность вхождения в малый бизнес дополнительного числа физлиц.

Фракция «Ак жол» в очередной раз ставит вопрос о сокращении срока исковой давности по налогам с 5 до 3 лет не с 2020-го, а начиная с текущего финансового года. Тем самым государство сможет устранить не только последствия, но и одну из важных причин, приводящих к неплатежеспособности малого и среднего бизнеса.

В «Ак жоле» уверены, что вышеперечисленные предложения будут способствовать более качественному исполнению поручений Президента по налоговой амнистии.

*Пресс-служба ДПК «Ак жол»*

**«Ак жол»:**

# ВОЗРОЖДЕНИЕ ПЕШИХ МАРШРУТОВ АЛМАТЫ–ИССЫК-КУЛЬ МОЖЕТ СТАТЬ УСПЕШНЫМ ТУРИСТИЧЕСКИМ ПРОЕКТОМ

**Возрождение пеших маршрутов Алматы – Иссык-Куль через Заилийский Алатау может стать успешным туристическим проектом, – заявил Кенес Абсатиров на пленарном заседании Мажилиса.**



«Открывая четвертую сессию 6-го созыва, Глава государства обратил особое внимание сфере туризма, способной придать импульс развитию предпринимательства. В нынешнем Послании он также призвал уделить особое внимание развитию внутреннего туризма. Теме туризма был посвящен и недавний Форум межрегионального сотрудничества Казахстана и России», – отмечено в запросе фракции правительству.

Абсатиров напомнил, что в 2014 году на депзапрос фракции «Ак жол» о развитии внутреннего туризма, Правительство представило планы до 2020 года, но многое так и осталось не реализованным.

Между тем, как отметил депутат, иностранным туристам давно знакомы достопримечательности нашей страны: скальные мечети Мангыстау, мавзолей ходжа Ахмеда Яссави, горы и озера Баянаульского национального парка, курорт Боровое и др. Но из множества красивейших мест следует выделить величие гор Заилийского Алатау.

В недавнем прошлом вокруг Алматы были разработаны десятки многодневных горных маршрутов. В начале 80-х годов в городе работало около 100 туристских секций, 7 клубов туристов, а количество занимающихся туризмом превышало 213 тыс. чел. Особой популярностью пользовались туристские маршруты по хребтам Северного Тянь-Шаня – Заилийскому Алатау – Кунгей – Алатау с выходом к озеру Иссык-Куль.

В настоящее время все попытки турфирм возродить былую славу казахстанского горного туризма и открыть для многочисленных иностранных гостей новые увлекательные маршруты сталкиваются с проблемами пребывания в пограничной зоне.

Так, турфирмы неоднократно поднимали вопрос о пересечении государственной границы организованными туристскими группами по ранее действовавшим двум маршрутам Северного Тянь-Шаня из Казахстана в Кыргызстан для осуществления пешего перехода из Алматы на озеро Иссык-Куль и обратно – из 10 действовавших ранее маршрутов турфирмы просили разрешить хотя бы 2.

В начале т.г. МИД РК дал разрешение на пересечение государственной границы с 1 июля по 30 августа со стороны Кегень по маршруту автомобильной трассы, которая проходит по каменистой, голой и совершенно неинтересной территории – там никогда не было туристских маршрутов. К месту начала маршрута из Алматы необходимо добираться 5 часов на автомашине – это сразу делает такой тур непривлекательным для любителей горного туризма.

«Ведь вся прелесть таких туров – это путешествия в горах: прохождение склонов и перевалов, ночёвки в палаточных лагерях, расположенных на пути следования, а возрождение горно-спортивного туризма, вместе со всемирно известным высокогорным катком «Медеу», горнолыжным курортом «Шымбулак», действительно способно сделать Алматы центром международного горного туризма», – считают «акжоловцы».

Известно, что повышенный интерес к посещению гор Заилийского Алатау проявляют гости из Кореи, Турции, ряда других стран, небезосновательно считающие Казахстан родиной своих предков, а Алатау – продолжением Алтая.

В «Ак жоле» уверены, что популяризация этой темы в указанных странах в свете статьи Президента «Семь граней Великой степи» может сформировать постоянный поток туристов по данным маршрутам.

В этой связи депутаты фракции просят правительство проработать вопросы пребывания в пограничной зоне и пересечения государственной границы в летний период организованных туристских групп по следующим маршрутам:

• «По пути первопроходцев Тянь-Шаня Петра Семенова и Шокана Валиханова»;

• «Кульсайские озера: город Алматы – поселок Саты – ущелье Кольсай – перевал Сары Булак – поселок Сары Булак – пансионаты на побережье Иссык Куля».

*Пресс-служба ДПК «Ак жол»*

Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ:

# ПРЕЗИДЕНТ МАҚАЛАСЫ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ КЕМЕЛДЕНУІН ТЕЗДЕТЕДІ




Ұлт тарихы мен өркениетін санаға сіңіру — ұлттық патриотизмді дамытып, өзелі мен жеріне деген құрмет пен мақтаныш сезімін қалыптастырады.

Филология ғылымдарының докторы Уәлихан Қалижановтың айтуынша, Елбасының бұл мақаласы Қазақстан қоғамының барлық топтарына әсер етті. «Нұрсұлтан Назарбаев кезінде «рухы мықты халық қана мықты мемлекет құра алады» деп жазған еді. Сол халық рухын көтеру үшін, ең алдымен, өзі сүйген, өзін сүйген ұлтының тарихына үңілді. 1994 жылы жазған «Тарих толқынында» атты кітабында «ел Президенті ретінде өз халқымның кемінде бес мың жылдық тарихын білуім керек» деп еді. Әрі қазақ руханияты өркениетінің негізгі 12 жолын ашып көрсетті. Әрине, бұған тағы бір сазия, теңдессіз шешім – Қазақстанның Егемендігін жариялауын қосайық. Сондай-ақ, егемен ел құрудағы Қазақстан дамуының Президенттік басқару жүйесі және Назарбаев феномені бар», — деді ғалым. Сарапшының айтуынша, Мемлекет басшысы Ұлы дала өркениетінің жеті қырын жүзеге асыру жолдарын анық көрсеткен. «Елбасы атқа міну мәдениетіне қатысты сөзбен ғана айтып қоймай, оны ат әбзелдерімен, әскердің киген киімдерімен үйлестіре зерттеу керектігін айтты. Бұл, арнаулы ғылыми тақырыпқа сұранып отыр. Ұлы даладағы ежелгі металлургия дала өркениетінің технологиясы бар екендігін көрсетті. Ендеше, оны ғылымитанымдық тұрғыдан зерделеп, халыққа жеткізу міндеті тұр. Елбасы әлемдік өркениетте ерекше орны бар аң стилін ұлттық болмыс, кеңістік пен уақыт өлшемдерін ескере отырып бағамдауға шақырады. Алтын адамның алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін аңғартады. Сонымен бірге бұл жаңалық дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологияны паш етті. Күміс кеседен табылған жазу да әлі оқыла қойған жоқ. Оқылғанмен, ол ғылыми тоқтам ретінде мойындалмады. Бұл да лингвистер алдында тұрған үлкен міндет. Түркі империясының аумағын қамтыған көне Жібек жолы жаһандану заманында қандай трансформацияға ұшырап отыр? Оның Қазақстан экономикасының дамуына қандай үлес әкелгенін сана, экономикалық, рухани-мәдени тұрғыда сараптау қажет. Бұған ғалымдар өз сөзін айтуы керек деп білемін», — деді филолог. Сарапшы ұлт тарихы мен өркениетін санаға сіңіру ұлттық патриотизмді дамытып, өз ұлтына, өз мемлекетіне деген құрмет пен мақтаныш сезімін қалыптастыратынын айтты. «Елбасының мақаласы рухани жаңғырудың кемелденуін тездете түседі. Өйткені, бұл мақаладағы ойлармен тұжырымдар «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» жобаларының заңды жалғасы болып табылады, — деді ол. Еске салайық, ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын жариялаған болатын.

**Гүлмира ҒОСМАНАЛИ**

Ерлан САИРОВ,
әлеуметтанушы әрі саясаттанушы,
ҚР Кәсіподақтар федерациясы төрағасының орынбасары:

# БІЗГЕ ТАРИХ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҒЫМЫЗҒА ЖОЛ САЛУ ҚАЖЕТ



Өзіміздің толағай тарихымызды түлету – өте өзекті.

Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың мақаласы: «Ұлы даланың жеті қыры» «Көңілге қонымды. Өзіңнің тарихыңмен мақтанып қана қоймай, сол тарихтың қырсырларын сараптап, ғылыми негізде болашаққа бағдар жасау өте өзекті. Біз жаһандану заманына өзіміздің тамырымызбен, сол тамырымызды тереңдете отырып енуіміз өзекті. Осы тұрғыда, өзіміздің толағай тарихымызды түлету күн тәртібінде және өзекті. Отарлау кезеңінде, бізді, қазақтарды, тарихы болмаған, болмысы, бет-әлпеті жоқ, даланы кезіп жүрген халық ретінде көрсету әрекеттері болды. Біз сол жүйелі әрекеттердің кесірінен өзіміздің тарихымыздан айрылып қалдық, тарихты есімізге алғымыз келмеді, «тарихтан шаршау» синдромына іліктік... «Халықты құртқың келсе, оның тарихын құрту керек, тарихын білмеген халық тобырға айналады» деген аспект бар. Біз осынау «мәңгүрттік» заманды да басымыздан өткердік... Жаһандану процестері ұлттың өткені мен өткергенін басқаша көзқараспен сараптай отырып, болашаққа бағдар жасауды талап етеді...», — деп жазды Е.Саиров өзінің Фейсбуктегі парақшасында. Бұл тұрғыда сарапшы Ұлы Дала кеңістігіндегі жобаларды ел игілігіне пайдалану керектігін атап өтті. «Жаһандану әрқашан болған... Халықтардың Ұлы көші, Алтын Орда, Дели сұлтанаты Ұлы даланың сценариімен болған жаһанданудың жобалары...Осы тарихи жобалардың жетістіктерін әлі күнге дейін батыс иеленіп, пайдаланып келеді... Атты қолға үйрету, үзеңгі, металлургия, алтын өңдеу технологиялары біздің қасиетті жерде пайда болған... Осы жайт батыс тарихнамасында жабулы қазан болып тұр. Ғылыми-техникалық прогресстің тарихшысы Линн Уайт «Үзеңгіні жасау адамзат тарихында ұшақ, автомобильді жасаумен тең революция жасады», – дейді... Бізге тарих арқылы, өзіміздің болашағымызға жол салу қажет...», — деді Ерлан Саиров.

# ТАРИХТЫ ҚАЙТА ТІРІЛТКЕН ЕҢБЕК

**Алтай мен Атыраудың арасында ұзыннан-ұзақ созылған ұшқан құстың қанаты мен жүгірген аңның аяғы талатын ұлан байтақ ұлы даланың тарихи қаптары сонау көнеден бастау алады. Бүгінде Еуразия құрлығының ортасынан ойып орын теуіп, көк байрағын көкке желбіреткен бұл далам талай өркениет пен мәдениеттің бастауына мұрындық болды.**

Біз өзіміздің бай тарихымызды ақын-жазушыларымыз бен тарихшыларымыздың құнды еңбектерімен сусындап, өзіміздің ұлттық болмысымызды танып өстік. Десек те, күні кешегі Ұлт Көшбасшысының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық еңбегі Тәуелсіз Қазақстанның тарихын жаңа қырынан таныта білді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының кеше ғана пайда болмағанын, оның тарихы әріде жатқанын бұдан бұрын да айтып келсе, бұл еңбегінде қазіргі әлемге кеңінен тараған түрлі мәдениеттің бастауы біздің кең байтақ жерімізден қанат жайғанын нақтылы дәлелдермен келтіре білген. Президент Н.Назарбаев бұл мақалада Европаның қазіргі мемлекеттері сол жерді бұрын мекендеген халықтардың жұрнағы екенін айта келіп, қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның да кезіндегі бұл мекенді қоныс қылған тайпалар мен ұлыстардың кіндігінен тараған бірден-бір мұрагері екеніне кеңінен тоқталған.

Ұлт Көшбасшысының осыдан бір жарым жыл бұрын жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық еңбегінде біздің болашақ Қазақстан бүгінгі және кешегі ұлттық құндылықтарымызды бойына терең сіңіргенде ғана өзінің ұлттық ерекшелігін сақтай алатынын мәлімдеген болатын. Ал, бүгінгі «Ұлы даланың жеті қыры» деп аталатын мақаласы бұрынғы еңбектің аясын кеңейтіп, тарихымыздың бастауын айқындап бергендей. Бұл еңбекте, әсіресе, «Атқа міну мәдениеті» ұлы даладан бастау алады деген пікірі бойымызға қуат, санамызға қанат бітіргендей. Елбасы айтқандай біз қазақ халқы төрт түлік малдың ішінде жылқыны ерекше қадірлеп, қадір тұтқан халықпыз. Сонау көне түркі дәуірінен бастау алатын бұл мәдениет біздің ұлттық ерекшелігіміздің бірі ғана емес, осынау кең байтақ жерімізді сыртқы көздерден қорғауда да ерекше рөл атқарды. Біздің дана бабаларымыздың «Біз жылқы мінезді халықпыз», «Ат – ердің қанаты» деген ордалы нақылдары осы ойымызды толықтырғандай. Сонымен қатар ат үстіндегі соғыс өнері, атты әскер жасағы, ат үстіндегі спорттық ойындар және ықшам киім кию мәдениеті де осы жерден бастау алатынын Елбасымыз тағы да бір дәлелдеді.

Елбасы Қазақстанның бай тарихы мен мәдениетінен сөз қозғай келіп, біздің киелі мекеніміз бүкіл түркі халқының бұрынғы қоныс тепкен атажұрты екенін тағы да қадап айтты. Бұл біздің тарихымыздың бастауы сонау ықылым заманнан, кезінде әлемді дүр сілкіндірген ғұндар мен сақтардан бастау алатынын атап көрсеткен. Бұл кемеңгер Көшбасшының болашақ ұрпаққа өз тегі мен атажұртын тануға бағыт беретін өміршең еңбегі десек артық айтқандық емес. Мақаладағы «Тарихи сананы жаңғырту» бөлімі де біздің ұлтымыздың бай қазынасын ұрпақ бойына сіңіртуге кеңінен жол ашары сөзсіз. Сонымен қатар Елбасының «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасын жасауымыз керек» деп ел алдына қойған бұл міндеті осы аралықтарда кешегі жоғалып немесе еленбей келген ұлттық құндылықтарымызды жинастырып, санамызды қайта жаңғыруға да жол ашады. Кең байтақ жеріміздің әрбір тасы мен тауы, тарихи атауына дейін келешек ұрпағымыздың санасына сіңіре алсақ Елбасы айтқан Мәңгілік елге айналарымыз ақиқат. Бұл жерде Президенттің бұл тапсырмасын орындауда біздің оқу орнымыз қазақ білімінің қара шаңырағы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті де алдыңғы шепте болуы тиіс. Бұл турасында жуырда ғана университет ректоры Такир Балықбаевты қабылдаған Президентіміз Н.Ә.Назарбаев білім саласында болатын қандай жаңалықта да тұңғыш білім ордасы алда болуын тапсырған болатын. Біз әрқашан да осы міндетті басшылыққа аламыз.

**Хайрулла ЖАНБЕКОВ,**
**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, профессор**

**Тәуелсіздік – ұлы мұрат, шын ұққанға зор мәртебе. Тәуелсіздік – қан мен терін аямаған қазақтың кешкен азабының өтеуі. Ата-бабамыз аңсап, ерекше ықыласпен күткен еркіндік, бостандық таңы. Иә, қазағым тәуелсіз ел болу үшін қаншама азап пен мазаққа шыдады. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!»деп Абай айтқандай, қайран қаһарман ел, алпауыт халық түрлі сынақты көтере білді. Тәуелсіздік жолында еш аянбады, өмір ағынындағы түрлі бұралаң-белестер мен қиындықтардан еш сағы сынбады. Қайта, керісінше, қайсар мінезі шыңдала берді. Керей мен Жәнібек бастаған сұлтандар тобы Өзбек ұлысынан бөлініп, жеке дара Қазақ Хандығын құрғаны белгілі. Қазақ халқы біртіндеп көбейіп, жер аумағы да еселене берді. Қазақ халқы, тіпті, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған дәуірді де бастан кешірді. Қазағымның тыныштығын жоңғар халқы бұзды.**

# ҰЛЫ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАҒЗЫМ



Тыныш жатқан бейбіт елге шүйілігіп, мазасын алды. Ұлы нәубетті бастан кешірген қазақ «елім-ай» деп елден безгеннен басқа амалы қалмады. Бір жұдырықтай бірігіп, бірлігі жарасқан ел Жоңғар елін тарих сахнасынан жойып жіберді. Қазақ елі Ресейге қосылып, «достас» мемлекет, яғни , терезесі тең, дәрежесі бір мемлекет болуды көздеді. Келіскен шарттарды Ресей патшалығы толыққанды орындамады. Қазақ халқын басынып, біртіндеп, өзіне бодан қылып алды. Онымен бірге шұрайлы жерімізді тартып алып, өз крестьян-шаруаларына жерді бөліп берді. Тіпті, қазақ өзінің жерін жалға алуға мәжбүр болды. Ұлтымызды қорлаған ақ патша, қазақ жігіттерін қара жұмысқа салып қоюға ұмтылды. Бұған шыдай алмай көтерілген қазақтың көзін жойып, теңсіздік орнатты. Көтерілісшілерді басу үшін тайпааралық қақтығыстарды шебер пайдаланды. Олар үшін қазақ елінің қараңғы болғаны тиімді еді. Сол себепті де түрлі жәрмеңкелерде қазақтың ақысын жеп, басынды. Мұндай мазаққа қой мінезді қазақ зорға шыдады.

«Ұлы Қазан төңкерісі» келіп, сарғайған сағымдай жеткен бостандық таңы енді атты деген қазақтың көңілі су сепкендей басылды. Әділетсіз ақ патша алтын тақтан кеткенімен, жұмысшы, шаруа, солдат депутаттарының билігі жеңіске жеткенімен, халыққа ешбір жеңілдік болмады. «Отар болып келген ел, отар болып қалды» деп С.Сәдуақасов сияқты зиялы қауым өкілдері күйінді. Қазақстан олар үшін тек шикізаттың мол сарқылмас қоры ретінде көрінді. Бар байлығын тартып алып, малмен күн көретін қазақтан байлықтарын тәркілеп, шарасыз, панасыз қазақты шетел асуға итермеледі. «Кіші қазан» революциясын ойластырып, аштықты өз қолымен жасап, халықты қырды. «Елім, халқым» деп шырылдаған беткеұстар азаматтарды, олардың отбасыларын түгел қинап, азаптап өлтірді. «Ұлтжанды» жанашыр зиялыларды «ұлтшыл» деп айыптады. Қазақты шоқындырып, орыстандырғысы келді. Қазақ халқының өр рухы, биік құндылықтары, әсем әдеп-ғұрпы, көркем діні басым болды. Жасампаз қазақ еш уақытта өз ділін, тілін, дінін ұмытқан емес. Қандай тыйым салынса да, қазақ асыл қазынасын сақтап қала алды. Талай-талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз – Қазақ елі. Қазақстан – тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, ХХ ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды. Ұзақ жылдар қорлыққа шыдаған қазақты Кеңес үкіметі одан әрі басынып, мүлде бөгде елдің екінші хатшысын басшы қылып қойған кез естен кетпейді. 1986 жылы 15 желтоқсанда қазақ халқы мен еліне сіңірген орасан зор еңбегіне қарамастан, Д.Қонаевты 2 минут ішінде лауазымынан босатты. Бұл талай шыдап та, жылап та баққан қазақтың шыдамының соңғы тамшысы еді. Дәл келесі күні бұл іске ашынған қазақ жастары, әсіресе, жас студенттер түрлі транспараттар ұстап көтеріліске шықты. Ондағы мақсат ұлтшылдық емес, Қазақ елінің жағдайын жақсы білетін, осында туып-өскен басшы тағайындау еді. Әділдіктің салтанат құруын сұраған жалаң қолды бейбіт жандардың тілегіне құлақ асқысы келмеген озбыр орталық жүйесі жүректері тітіркенбестен мұздай қаруланған әскермен шеруге шыққандарды аяусыз жаншыды, итке талатты, аяусыз ұрып-соқты. Бір қару алып шықпаған қазақ жастарына оқ жаудырды. Қоқыс артқандай ауыр көліктерге тиеп, қала сыртына апарып тастады. Оқу орнынан шығарды. Қоғамнан қудалады.

«Қазақ бұзақыларының ұлтшылдық» көрінісі деп бағалады. Талай көкөрім қыздарға қорлық көрсетті. Жігіттерімізді қинап, аямай жазалады. Түрмеге жапты. Дегенмен, қой мінезді деп жүрген қазақ кешегі көк бөрінің ұрпағы екенін танытты. «Досына адал, жауына қатал ел» өзіндік көзқарасы бар және онымен санасу керек екендігін солқылдақ басшылыққа жеткізді. Қазақ жастары Алматыда, Талдықорғанда, Ақмолада, Орталық Қазақстанның бірнеше елді мекендерінде тоталитарлық билік жүйесіне қарсы көтеріліп, өкіметке саяси талаптар қойды. Желтоқсан көтерілісі сол кездегі кеңес одағының керегесін шайқалтып, КСРО-дағы ашық демократиялық үрдістің негізін қалаушы оқиғалардың бірі болды. Жазықсыз, қиянатпен жоғары оқу орындарынан шығарылған, сотталған сан мыңдаған қыз-жігіттер кейін ресми ақталды. Бірақ, олардың жүректерінде қалған қаяу, сызат-дақ кете қойды ма екен?! Талайы зардабын шегіп, қасіретін тартты. Қаншама өрімдей жасөспірім қанаты қайырылса да, намысын жерге таптатпай, еңселерін биік ұстады. Бірақ, сырын сыртқа шығармай, шерін тарқата алмай іштен тынды. Неткен қайтпас қайсар, өр рухты биік халық?! Ел таспен атқанды аспен атып, әрбір жамандыққа жақсылықпен жауап қатты.

Сан ғасырда түрлі сыннан өтсе де, өзіндік көркем мінезі мен ұлттық байлықты тәрк етпеді. Мұндай ержүрек халықтың тарихымен сусындаған өскелең жас ұрпақ мол үлгі-өнеге алары сөзсіз. 1991 жылы Қазақ елі егемендікке қол жеткізіп, өз алдына тәуелсіз мемлекет атанды. Мұндай қиындықпен келген азаттықты бағалау қажеттігі түсінікті. Иә, тәуелсіз, дербес Қазақстанның ұландары, ұлы Мағжан ақын айтатындай, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты. Мемлекетіміздің тағдыры мен болашағы енді сол жастардың қолында. Жастар неғұрлым жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, білімпаз болса-соғұрлым алтын бесік еліміздің көркеюі арта бермек. Бізге ата-бабамыз мирас қылып қалдырып кеткен рухани, материалды мәдениетті қорғау, сақтау – басты міндет. Тәуелсіздік –ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Тәуелсіздік-ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіз еліміз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде қарды дағдарыстарының қиындықтарына қарсы тұра білді, тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды, толағай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына енді. Мемлекет басшысының елді дамытуға стратегиялық бағдарламалары мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді. Өзінің Жолдауында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіз мемлекет атанғанымыздың 27 жылдығына аяқ басқалы тұрғанымызды айта келіп: «Бұл – тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт. Тәуелсіздікті баянды ету оған қол жеткізуден қиын. Мемлекеттігіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін бізге әлі талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келеді», – деп алдағы кезеңде кездесетін сын-қатерлерден мүдірмей өтуге шақырды. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастап кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», – деп атап көрсетуінде үлкен мағына жатыр. Ата-бабаларымыз сан ғасыр армандаған Тәуелсіздіктің 27 жылдығы еліміздегі іргелі істермен айшықталып, сәт сайын жақындап келеді. Осы жылдар ішінде елімізде қыруар істер атқарылды. Атап айтсақ, тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітілді. Мемлекеттік рәміздеріміз, Ата заңымыз, ұлттық валютамыз және Сарыарқаның кең жазық даласында барша елдің өзінің тез көркейіп өсуімен таң қалдырып, жаңа Астанамыз дүниеге келді. Әлемдік қауымдастық алдында «Қазақстан Республикасы» деген асқақ рухты елдің екенін мойындаттық. Ел экономикасы да жылдан-жылға нығайып, мәдени, рухани даму деңгейі белеске көтерілуде. Өзіне тән барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын тәуелсіз мемлекет құрылды. Жыл сайынғы ел Президентінің халыққа арналған Жолдаулары мен қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық бағыттардың барлығы да қарапайым халықтың тұрмысын жақсартып, тәуелсіздігімізді нығайтуға бағытталды. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден әлдеқайда алда. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы – қазіргі таңда негізгі стратегиялық бағыттар.

Бүгінгі Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Қазақстан бүгін де әлем мойындаған дамушы мемлекет. Өзіндік территориясы, ата заңы, халқы мен басшысы бар бақытты мемлекет. Қазақпен бірге өзге 130-дан астам ұлт пен ұлысқа пана болған Отан-ана. Жаһандану заманында әлемдегі ең тыныш, бейбіт, қонақжай, тұрақты дамушы мемлекет. Жиырма жеті жыл ішінде Қазақ халқының ұлттық санасы жаңғырып, өзін-өзі тану, өзінің бай ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін құрметтеу, ұлы тұлғаларын бүкіл дүниеге таныту, бай рухани қазынасын әлемдік өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруалар атқарылды. Ең бастысы, Қазақ халқымен бірге әр түрлі этностардың да Отаны болып табылатын біздің еліміз бүкіл әлемге қоғамдағы татулық пен ынтымақтастықты сақтаудың, әр түрлі ұлттық мәдениеттер мен діндердің үйлесімді дамуына қамқорлық жасаудың жарқын үлгісін көрсетіп берді. Біз жыл өткен сайын сол бір тарихи таңдаудың сарқылмас құдіретін жан-жүрегімізбен түсінеміз. Ол егемен мемлекетте бейбітшілік пен келісімде, өзара сенімде азат өмір сүру таңдауы. Ол туған жеріміздің қазынасы мен қазба байлығына дербес иелік етіп, барша қоғамның игілігі үшін өз қалауымызбен жұмсау таңдауы. Ол – өз тағдырымызды өзіміз айқындау, болашағымызды өз қолымызбен жасау таңдауы. Біздің жаңа Қазақстанымыз жарық жұлдыз болып дүниеге келді. Баршамызды Тәуелсіздіктің Ұлы рухы жебейді, біріктіреді, бойымызға қуат беріп, сенімімізді нығайтады. Ол алтын күндей жарқырап, алтын қыраны қалықтаған Қазақ елінің ашық аспаны астында дүниеге келген әрбір сәбидің жүрегіне орнайды. Ол әрбір азаматтың жүрегінде, әр шаңырақтың төрінде, елімізде бой көтерген әрбір үйде, әрбір қала мен ауылда салтанат құрды. Ол әрбір жаңа өндіріс орнымен, ұланғайыр Отанымызға төселген әрбір күре жолмен, дала төсіне өнген әрбір тонна алтын дәнмен нығаяды. Ұлы тәуелсіздікке тағзым ету – әрбір азаматтың қасиетті борышы.

**Дана ИКАПОВА,**
**Халықаралық Білім беру Корпорациясының оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты**
*Алматы*

**Қазақ Елінің Астанасы, Бас қаласының кескініне қарап тұрып, Сарыарқа төріндегі осыдан ширек ғасыр бұрынғы шағын да жүдеулеу елдімекеннің қанатын кеңге жайып, әлем көз тіккен ғажайып жауһар шаһарға айналғанын ойлап толғанамын. Дүниежүзі тарихынан дәл осындай керемет құбылыстың мысалын келтіру қиынның қиыны болар. Ән-жырдың арқауына айналған менің Астанам бейбітшілік пен жасампаздықтың құдіретімен нұрланып, айбынымен асқақтай түсуде. Мұндай ғажайып құбылысқа, әлбетте, Қазақ елінің Тәуелсіздігі арқылы қол жеткізгеніміз түсінікті.**
**Иә, Тәуелсіздік әр қазақтың мерейін асқақтатып, ерекше бір отты сезімге бөлегендей. Жүрек қылын шерткен осынау сазды әуен терең ойға жетелеп, жан сарайыңды күмбірлеген күй кернейді.**



# БАР ҚАЗАҚТЫҢ МЕРЕЙІ АСҚАҚТАҒАН КҮН БҮГІН

Кезінде шағын ғана қаланың құлаққа түрпідей тиетін Целиноград, Ақмола атаулары да ұмытыла бастағандай. Ару Астананың бүгінгі таңғажайып әсем келбеті еліміздің өсіп-өркендеуінің символы екеніне ешкім де қарсы дау айта алмас. Ұлы Дала жауһарына айналған Елордада бой көтерген ғажайып ғимараттарға тамсана қарап, таңдай қағасың! Әне, анау алып «Ақорда», «Астана триумфы», «Пирамида», «Бәйтерек», «Хан шатыр», «Мәңгілік ел» монументі, басқа да елдігіміздің сан алуан нысандары қиялыңа қанат байлап, көкейіңе жарқын болашаққа деген нық сенім ұялатқандай. Ең бастысы – Астана төрінде күн шуағымен нұрланған көк Туымыз желбіреп тұр. Осыған мерейленіп, іштей шүкіршілік етесің. Қазақстанның астанасын республиканың солтүстігіне қарай, орталыққа қоныстандыру идеясы тәуелсіздіктің елең-алаңында күн тәртібінде тұрған еді. Мұны Президент Н.Назарбаев түпкілікті шешіп, Елорданы Сарыарқа төріне қоныстандырды. Осылайша әлем картасында орын алған Астана әлем жұртшылығының назарын аударған айшықты қалаға айналды. Елбасы, Н.Назарбаев Астананың 10 жылдық мерейтойына арналған жиында былай деген еді: «Осында ежелгі Сарыарқа жерінде тек Астана емес, еліміздің болашақ бесігі өмірге келді. Астана тарихы мен қазақстандықтардың тағдыры бір-бірінен ажырағысыз. Елорда біздің республикамыздың күш-қуатының іске асуының, динамикалық дамуының және тұрақтылығының көрінісі. Астана барша қазақстандықтарды біріктіретін және алға қарай қадам басқан жарқын, қуатты, гүлденген қалаға айналды. Біздің Елордамыз Отанымыздың жүрегі, халықтың өз күшіне сенімі мен ұлы тағдыр-талайының символы болып табылады. Бүгінде Астанада, Қазақстанның барлық өңіріндегі сияқты, жүзден астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Халықтар достығы, өзара түсіністік және ынтымақтастық — Астананы және жаңа Қазақстанды құрудың негізі, міне, осылар».

Әлемдік қоғамдастықта іргелі мемлекетке айналған Тәуелсіз Қазақстанның сайын Сарыарқа төріндегі Бас қаласында жұмыр жердің тағдырына орайластырылған өзекті мәселелер шешімін тауып отырғаны әмбеге аян. Соның жарқын дәлелі, бүгінгі таңда Қазақ елін әлемнің 130-ға жуық мемлекеті мойындады, республикада 67 елшілік пен 20-дан астам халықаралық ұйымдардың өкілдіктері тіркелген. Қазақстан экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштері жөнінен ТМД елдері арасында алдыңғы орынға шықты. Дүниежүзі мемлекеттерінің санатында нарықтық экономикалық ел ретінде мойындалды. Қазір әлем Қазақ елін Орталық Азия аймағындағы көшбасшы демократиялық ел ретінде таниды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасы аймақтағы геосаяси тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында ұланғайыр ұйымдастырушылық еңбегімен халықаралық қауымдастықтың толыққанды мүшесіне айналды. Айталық, 2007 жылы желтоқсанда Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына қауымдасқан 56 мемлекеттің Сыртқы істер министрінің Қазақстанның осы ұйымға төрағалық қызмет атқаруын мақұлдап дауыс беруі, Қазақстанның 2010 жылғы 3 тамызда осы ұйымға Төраға болып бекітілуі соның жарқын дәлелі болып табылса керек. Қазақ елі ТМД елдері арасынан аталмыш ұйымға төралқалылыққа сайланған тұңғыш мемлекет!

Әлем назарын көк туы желбіреген Қазақ еліне аударған тарихи оқиғалар аз емес. Сөз орайы келгенде есімізге түсірер болсақ, 2010 жылғы 1-2 желтоқсанда Астанада ЕҚЫҰ Саммиті табысты өтті, Астана декларациясы бірауыздан қабылданды. Осылайша, Қазақстан Елордасында әлем тарихында алтын әріптермен жазылған ұлы тарихи оқиға болды!

Қазақ елінің Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына байсалдылықпен табысты Төрағалық етуі ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының содан бергі аралықтағы сессияларында ұдайы айтылып келеді, Астана Саммитінде қабылданған Астана Декларациясының орасан зор маңызы лайықты бағаланууда.



Тәуелсіз мемлекетіміздің әлем алдында танылып, мойындалуының бұдан асқан жарқын дәлелдерін келтіріп жатудың қажеті де бола қоймас.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей бастамасымен еліміздің Елордасында жүйелі түрде өткізіліп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері қазіргі заманғы діндер арасындағы жаһандық үнқатысудың жарқын да іскерлік көрінісі ретінде әлемдік қоғамдастықтан жоғары баға алуда. 2012 жылғы 30-31 мамырда Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшысының IV съезіне әлемнің 40-тан астам елінен жүзге жуық көрнекті дін қайраткерлері қатысып, ұлтаралық аралысында әлемдік адамзат қоғамының бүгінгі қайшылықтары мен оларды болдырмау, діндер арасындағы өзара салиқалы түсіністік, дінаралық үнқатысу мен конфессияаралық келісім, қоғам дамуының өркениетті жолдарының бүгіні мен болашағы жөнінде тұжырымды ойлар айтысып, пікір алысылды. Кезекті IV әлемдік діндер съезінің күн тәртібінде «Адамзаттың таңдауы – бейбітшілік пен келісім» мәселесі талқыланды.

Батыс пен Шығысты жалғастырып отырған жауһар Астана күллі түркі әлемінің де мақтанышына айналып келеді, шаһар бауырластық бастауларының құтты мекеніне айналып отыр. Сондай-ақ, Елордада өткен VII Қысқы Азия ойындары, ИҚҰ форумы, басқа да әлемдік маңызды шаралар еліміздің беделін төрткүл дүниеге паш етті. Ал Астанада өткен жылы аса табысты өткен «ЭКСПО — 2017» көрмесін әлем мойындады.

Қазір арман қалаға айналған Астанада тұрғындар саны жиырма жылда үш есе артып, 1 миллион адамға жетті. Оқу орындары, денсаулық сақтау мекемелері еселеп артты.

Қазақ елі Тәуелсіздігінің жауһарына айналған Астана Елбасының төлтумасы десек қателесе қоймаймыз. Еске түсірер болсақ, 1994 жылдың 6 шілдесінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жалпы отырысында Нұрсұлтан Назарбаев депутаттарға елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы идеяны ұсынған болатын. Бұған қарсы шыққандар, күмән келтірушілер аз болмады. Дегенмен де Президент өз ойының дұрыстығын бұлтартпас фактілермен нақты дәлелдеп шықты. Уақыт өте келе бұл шешімнің дұрыс болғанын өмірдің өзі дәлелдеді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев астананың бас архитекторына айналды. Бас қаланың ғажайып құрылысғимараттары Нұрекеңнің мұқият сүзгісінен өтіп жатты.

Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз аңсап келген Тәуелсіздік туғырына көтерілген Қазақ елі тарихының жаңа да жарқын беттері жазылуда. Қасиетті ата мекенді шексіз сүйіп, оның еліне ие, халқына кие болып, қиын кезеңнен алып өтіп, жаңа дәуірге бастау бақыты кез-келген адамның басында бола бермейтін бақыт. Ол бақ елі сүйген Елбасы – Нұрсұлтан Назарбаевтың басына қонды. Байлығы мол Ұлы Даланы күллі әлемге танытып, туған ел терезесін теңгерген ұлы саясаткер Нұрсұлтан Әбішұлы өз халқына деген орасан сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі болып табылады. Ол өзінің тағдырын толығымен еліміздің игілігіне арнаумен келеді.

Қазақтардың идентификациялануы мен ұлттық бәсекелестікті, өзге ұлттармен пара-парлыққа ұмтылысты ту етіп көтерген Президентіміз атажұртқа аңсап жеткен қандастардың Қазақстан азаматтығын алуда, түпкілікті қоныстануда қолайлы жағдай туғызуды әрдайым басты назарда ұстап келеді. Қазіргі таңда атажұртта қайта қауышып, азаматтығын алған 800 мыңнан астам өз бауырларымыздың түтін түтетіп, шат-шадыман өмір сүріп отыруы осының айқын айғағы болып табылса керек. Осылайша, алдағы онжылдықтарда қазақ халқының саны 35-40 миллиондық деңгейге көтеріліп, әлемдік өркениеттің бел ортасынан ойып тұрып орын алатын бақытты сәттің де алғышарты жасалуда деп нық сеніммен айтуға болады!

Ұлттық сананың көрінісі, өзіндік қайталанбас ерекшеліктері халқымызға әлемдік қауымдастықта өзінің лайықты орнын алуға мүмкіндік береді. Ұлттық теңдіктің, ұлттық бәсекелестікке қабілеттіліктің жарқын белгілері – этностың, қоғам мен мемлекеттің орнығуы мен дамуының міндетті шарты іспеттес. Ұлттық идентификациялану мен ұлтшылдық адамдар қауымдастығын нәрлендіреді, оны қарапайым қауымдастықтан ұлттық қауымдастыққа айналдырып, өзінің жеке мемлекетін, мәдениетін, идеологиясын құруға мүмкіндік туғызады. Кез келген ұлт өзіндік «Менің» терең сезінбейінше, алға айқын мақсат қоя алмайды, өзіндік іс-қимыл мен ұмтылысты үйлестіруге қабілетсіз болып шығады. Идентификациялану мен ұлттық бірегейліктің күрделі астарлары бар. Президент Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ұлтымыздың ұлттық сана мен ұлттық бірегейліктің XXI ғасырдағы бағыт-бағдарларын түбегейлі айқындап берді.

Тәуелсіз Қазақстанның барлық табыстары мен жетістіктері Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Бұл – тарихтың терең қойнауларына жететін бұлтартпас факт. Қазақстан халқы Елбасына сенеді, өздері мен елдің жарқын болашағын оның есімімен байланыстырады.

Бүгінгі Қазақстан тыныштық пен тұрақтылықтың мекені. Еліміз бірліктің бесігіне, татулықтың тірегіне айналды. Қазақстан халқында бірбіріне деген жарастық, тұтастық, ынтымақ, бірлік бар. Бұл Елбасының сындарлы саясатының арқасында қол жеткізілген табыс.

Тәуелсіздік пен Нұрсұлтан Назарбаев – егіз ұғым. Бұл біздің тарихи символымыз. Қазір Қазақ елін бүкіл әлем таныды.

Қазіргі Қазақстан – қуатты Қазақстан. Ал мұндай дәрежені ата-бабамыз ғасырлар бойы аңсап, осынау жолда ғасырлар бойы қан мен тер төкті.

**Сейдулла САДЫҚОВ,**
**Ясауи атындағы Халықаралық қазақ–түрік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, Түркістан қаласы**

**Желтоқсан көтерілісінде студенттер ғана емес, жұмысшы жастардың да үлес салмағы айырықша басым болды. Өйткені, Алматыға келгесін орыстың тілі мен орыстық өктем саясаттың езгісін көбірек көрген де осы жұмысшы жастар. Оқуға түсе алмаған ауылдың қазақ жастары қалаға тіркелу мүмкіндігі болмағандықтан қай жерде жұмыс күші жетіспесе, амалсыз сонда баруға мәжбүр. Жылы жердің барлығы дерлік тілі жүріп тұрған өктем ұлт өкілдерінің қолында. Өзім де құрылыс саласында көбірек жұмыс істеп жүріп, империялық саясаттың озбырлығына жарылып кетуге шақ жүруші едім. Енді өзіме тағдырлас, жиырма шақты жігіт болып көтеріліске бірге қатысқан құрылысшылардың көз алдында өткен оқиға көрінісіне олардың өз әңгімелері арқылы зер салайық.**



# ЖЕЛТОҚСАН – ЖҮРЕГІМІЗДЕ!



**Советхан Бөгісов:**

– Мен 1958 жылы 25 сәуірде Семей облысы Ақсуат ауданында тудым. 1975 жылы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы «Қарасу» совхозында В.П.Чкалов атындағы орта мектепті бітірдім. 1977-1979 жылдары Мәскеуде әскери борышымды өтеп, Алматыға келіп тұрақтадым. Желтоқсан ұлт-азаттық көтерілісі кезінде мен «Алмаатаоблтяжстрой» тресіне қарасты ПМК-33 мекемесінде тас қалаушы, ағаш шебері болып жұмыс істеп, «Дружба-1» деп аталатын жатақханада тұратынбыз. 16-желтоқсан күні кешкісін жұмыстан шығып, Фурманов көшесі 197 «б» жатақханада тұратын Қарлығаштың (қазіргі әйелім, ол кезде жүріп жүрген қызым болатын) туған күнін атап өтуге жиналып таныс құрбы-құрдастармен бас қостық. Сол кеште сағат 8-дер шамасында радиодан соңғы хабарды естідік. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумы болып, бірінші басшы Д.А.Қонаевты орнынан босатып, орнына Мәскеудің арнайы жіберген адамы Г.В.Колбинді тағайындапты. Бұл хабар ашық күнде аспаннан жай түскендей әсер етіп, бәріміз дүрлігіп кеттік. Қасымдағылар:

– Бұл қалай? Қазаққа қазақ басшы табылмағаны ма? Бұған бей-жай қарап үнсіз отыруымыз жарамайды. Жолдастар, ертең Л.И.Брежнев алаңына ұрандар жазып алып, бәріміз бірге барайық, – деді, Рахила деген Қарлығаштың жан құрбысы. Шұбартаулық сол қыз – өжет, турасын айтатын қайсар, ұлтшыл қыз болатын. Жайсыз суық хабар қуанышты отырысымыздың шырқын бұзып, көңіл-күйді түсіріп кетті. Бойымызда намыс оты тұтанып, бір келсем, бірге тұратын жігіттердің бәрі дүрлігіп жатыр екен. Секен, Ерғали, Қайрат, Самиғолла, Қабыкен, Жасұлан, Құсыбек, Сайранбек деген жігіттермен бәріміз жиналып, түнімен жоспар құрдық. Құсыбек Өскеменнен келген менің сыныптасым болатын. Жатақханадағы қазақ жігіттердің барлығын құлақтандырып, болып жатқан жайды түсіндірдік. Бәрінің де пікірлері бізбен үндесіп, қолдай түсті. Бұл нағыз қазақ жастарының ұлтымыз үшін неден болса да тайынбайтын қайсарлығын көрсетті. 17-желтоқсан күні таңертен жұмысқа барып, өзіммен бірге істейтін 20-ға жуық қазақ жігітін түгел ұйымдастырып, алаңға баратын болдық. Бірге жұмыс істейтін орыс ұлтының өкілдері мен басшыларымыз бізге кедергі келтіргеніне құлақ аспадық. Өйткені, «Алаңға студенттер, жұмысшы жастар жиналып шеруленіп жатқанда біз неге жайбарақат жұмыс істеп жүруіміз керек?» дедік те тартып кеттік. Алаңға жеткенімізде қоршаған қарулы әскерилер мен милиционерлер сап түзеп қаптап тұр екен. Жастар жан-жақтан лек-легімен ағылуда. Осы алаңда Мұрат Сәбиев пен оның інісі Маратты кездестірдім. Сәбиев Марат «Ақ үйге» келіссөзге барған бес жігіттің бірі болатын. Ол батыр тұлғалы, ерекше ұлтшыл, нағыз қазақтың қайсар азаматы еді. Ағалы-інілі екеуі де Желтоқсан көтерілісіне бастан-аяқ қатысқанына куәмін. Олар – ШҚО Күршім ауданы Қалғұты ауылынан. (Мараттың кейін қайтыс болғанын естідік). Тажалдан тайсалмай ол кезде талай ерліктер жасаппыз. Оның бәрін тізе берсек қағазға сыймасы анық. Әттең талай жастың тағдыры қыршынынан қиылғаны өкінішті-ақ. Сол құрбандыққа саналы түрде барып, жалаң қолмен мұздай қаруланған жендеттерден тайсалмаған азат ойлы, өр мінезді қазақ жастарының қимылдарына қалай сүйсінбеске? Қиын күнде бас болып, бұғып қалмай қажыр-қайрат көрсетті. 18-і күні кешкі сағат 5-6-лар шамасында жиырмаға жуық жігітті әбден ұрып-соғып, жабық машинаға қойша тиеп, Қаскеленңнен әрі бір зираттың ортасына апарып тастады. Тас қараңғы түн, қақаған аязда қансыраған бізді айдалаға қалдырып кетті. Қасымда сол жиырманың екеуі Жасұлан Тоғанов пен Құсыбек Мұхамеджанов болатын. Отарлаушылардың осынау қиянатынан қалай ішің жылысын? Сол көрген зорлық пен қорлықтың кесірінен денсаулықтан айырылдым. Жасым қырықтан аспай жатып, 3-ші топтағы мүгедектікке ұшырап, ауыр еңбекке жарамсыз боп қалдым. Әйтсе де өкініш жоқ. Сол бір елге салмақ, сынақ болған сындарлы шақта намыс пен ардың туын көтерген азаматтармен бірге болғанымызды мақтан тұтамын.



**Секен Ажитаев:**

– 1958 жылы 21 тамызда Семей облысы Ново-Покровка ауданы «Комсомол» ауылында дүниеге келдім. Екі жасымда ата-анам Семей облысы Абай ауданы «Қайнар» совхозына қоныс аударып, балалық шағым сонда өтті. Он жылдық мектепті, сол ауылда аяқтадым. Поэзия пайғамбары, ұлы Абай атамыз туып-өскен құнарлы топырақтың бізге әсері аз болмаған шығар. Қазақ халқының тауқыметті тағдыры осынау ұлан-ғайыр өлкені ұрпағына аманат етіп, аман жеткізген ата-бабамыз аттан түспеген, найзасын қолдан тастамаған. Ар мен намыс жолында тәуекелден таймаған, Алған беттен айнымаған. Киелі бабалар салған сара жолдан таймау бізге де парыз.

Мен, ол кезде Алматы «Культбытстрой» тресіне қарасты СМУ – «Академстрой» Құрылыс-монтаж басқармасында ағаш шебері болып жұмыс істеп, «Дружба-1» деген құрлысшы жастардың жатақханасында тұрдым. Жұмыстан шығып кешке бөлмеге келгенде алаңда аласапыран басталып жатқанын естідік. Бұл – 16 желтоқсан күні. Ертеңіне жұмысқа барып, осы жөнінде жігіттермен ақылдастық. Қалайда алаңда болып жатқан оқиғаны өз көзімізбен көруді ұйғардық. Бірге жұмыс істейтін Жүнісов Қабыкен, Оразалин Жангелді, Оралбаев Самиғолла, Аман (Волгоград облысынан) , Әлмағанбетов Қанат, Қайырбаев Ерғали, Тоғанов Жасұлан, т.б. көптеген жолдастарыммен бірге кешкі сағат жетілер шамасында алаңға барсақ, нағыз қым – қиғаш аласапыран басталған екен. Алаңға біз жеткенде мінбеде бір қазақ орысшалап: «Қайтыңдар, қойыңдар! Орталықтың шешіміне бағынбау – басбұзарлыққа апарады. Арты жақсы болмайды» деген сыңайда сөйлеп тұр екен. Сұрастырып білсем, бұл азамат Орталық комитеттің идеология жөніндегі хатшысы – Зақаш Камалединов екен. Оны тыңдаған ешкім болмады. Ұрандатып «Әр халыққа өз көсемі болсын!», «Лениннің ұлт саясаты жүзеге ассын!» деген плакаттар ұстағын жастар «Менің Қазақстаным» әнін қосыла шырқадық. Бейбіт шеруге шыққан жастарды алдыңғы жақтан ұрып, соғып, әдейі арандатуға итермелейтін төбелес те басталды. Жазалаушы жағынан мұздай қаруланған әскерлерге қарсы біздер де қарап қалмадық. Гранит тас кесектерімен қаруланып алған жастар болып, нағыз жан аямас қырғын салдық. Ыза, кекке толы қайсарлықты көрсеттік. Әсіресе, қыздардың қайтпас мінездеріне риза боласың. Шашынан сүйрелеп тепкілеген аяусыз соққыдан қайтпай, жендеттердің жағасына жармасқанына қалай сүйсінбейсің?! Қылшылдаған қызыл шұнақ аязда жендеттер өрт сөндіргіш машиналардан суық су шашып мұзға құлатып сапер күрегімен сілейте соғып қанға бөктірді. Осыншама қатігездік пен қорлықтың табы әр жастың жүрегіне өшпестей жара салды. Небір боздақтар қыршынан қиылып, талай жастың жас ғұмыры абақтыда өтті.

Бізді 18-желтоқсанда сағат күндізгі 11-12-лер шамасында қоршалап қыспаққа алып, соққылап жүріп ұстап, «Целинный» кинотеатрының жанындағы Алматы қалалық ішкі істер бөлімінің жертөлесіне апарды. Тергеп-тексеріп, суретке түсіріп, саусақ іздерін алды. Ешбіреуімізге ешқандай дәрігерлік көмек те көрсетпеді. Шөлден қаталағанымызға да қарамады. Адами қайырым атаулыдан жұрдай бұндай аяусыздық жасаушылармен қалай ымыраласуға болады? Түн ортасы болғанда аузы-мұрнынан лыққа толған абақтыда орын болмағасын біздерден қолхат алып, басшыларымызды шақырып, КГБ-ның қызметкерлерінің арнайы жетегімен жатақханамызға жеткізді. Жұмыстан «ұлтшыл», «бұзақы» атандырып шеттетуді бастады. Жоғары оқу орнының кешкі бөлімінің 4-курсынан қуылдым. Кейіннен ісімізді Калинин аудандық сотында қарап, алғашында он бес күн абақтыға жабуға кесіп, кейіннен айып пұл салып босатты. Одан кейін о кезде «КГБ» деп аталатын мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде тергеп, түсініктеме жаздырып, сол күннен әлгі мекеменің есебінде тұратынымды қатаң ескертті. Жазықсыз жаланың жанды жабырқатып, жүйкені жұқартқаны өз алдына, үнемі бақылауда, сенімсіздер сабында саналып, жастық ғұмырдың талай жылы өтті. Төгілген қан, өкінішті өртеген, өксікті күндеріміздің өтеуі ел Тәуелсіздігіне ұласты.

Ендігі бар қажыр-қайратымызды осы еліміздің туын жықпай, тілімізді мемлекеттік мәртебесін көтеруге шақырамын.



**Жасұлан Тоғанов:**

– Ызғарлы желтоқсанның сызды күндері қазақ халқының еркіндік жолындағы арнамысты ту еткен ақтық сынына айналды. Ол кезде мен, Алматы шаһарындағы «Алматыкультбытстрой» тресіне қарасты «СМУ- Академстрой» құрылыс басқармасында ағаш ұстасы болып жұмыс істедім. Өзім Орал облысы Ақжайық ауданы Өлеңті (қазіргі Жұбан Молдағалиев атындағы ауыл) ауылында туып-өстім. Алматыға оқуға келіп түсе алмаған соң, жатақханасы бар осы жұмысқа орналасқанмын. Қазақ халқын «ұлы халықтар» ұлт ретінде мойындамай, шеттетіп, кемсітіп, үстемдігіне үйретуге тырысқанына наразы болып жүретінбіз. Осының арты Желтоқсан ұлт-азаттық көтерілісіне ұласты.

Д.А.Қонаевтай азаматтың Қазақстанды ширек ғасыр басқарған еңбегін елеусіз етіп, бір күнде орнынан алып тастап, қазақтың өңі түгіл, түсінде көрмеген, Ресейдің бір облысын басқарған Колбин деген дүмбілез орысты тағайындады. Ұлтымызды масқаралаған мұндай бейбастыққа қалай төзуге болады? Орыстандыру саясатын әріден орайластырып, қазақ мектептерін түгелдей жауып, орысша білмегендерді адам санатына қоспаудың астарында қазақ халқын ұлт есебінде жоюдың астыртын сыры жататын. Іштей пісіп жетілген ыза-кекке осы саяси оқиға түрткі болды. Алаңда «көппен көрген ұлы той» болғандықтан көппен көрген қорлығымды тізбектеп жатпай-ақ қояйын. Негізінен, бұл шайқас қазақтың қайсар, өр мінез, намыс жолында ештеңеден қайтпайтын қаһарман халық екенін дәлелдеді. Қазақстаннан мұндай табандылық күтпеген отаршылдар ұйымдастырушыларды, бастаушыларды іздеп әлекке түсті. Момын, қойдан жуас қазақты біреу айдап әкелмесе өз бетімен мұндай ұлы күреске шамасы жоқ бұратана ретінде қорлауы – қазақтың табиғатын танымаған әңгүдіктік еді. Осындай жомарт та дархан ел пейілін аяққа таптатпау үшін «Әр халықтың өз көсемі болсын!» деп ұрандап, атойлап алаңға шықтық. Бейбіт шеруге шыққан жалаң қолды жастар мен каршадай қыздарды сұраусыз қан жоса етіп ұрып-соғып, қорлаудан асқан қандай қатыгездік болмақ?

18-желтоқсанда алаңға СМУ-да бірге істейтін Шарипов Бауыржан, Оралбаев Самиғолла, Жүнісов Қабыкен, Ажитаев Секен, Қайырбаев Ерғали т.б. жігіттермен бірге бардым. Қанша уақыт өткенін білмеймін. Сол қырғын кезінде қоршауға түсіп қалдым. Мені бір сақшы мен бір әскери соққының астына алып, сол кездегі Фурманов пен Сәтпаев көшесінің қиылысынан сүйреп «Ақ орданың» алдына әкелді де талдырып ұрып-соғып машинаға тиеп, Қаскелең жаққа апарып тастады. Жараланбаған біреуіміз жоқ. Кілең зардап шегіп, ит қорлық көрген біздер бір автобусты жалдап қаланың шетіне қайта іліктік. Жұмыста «нағыз халық жауындай» суық көзқарас пен шеттетудің небір түрін бастан кешірдім. Сөгіс жариялап, 13-14 айлық жалақымды қысқартып, үй кезегінен алып тастады. Бастан тиген соққыдан қатты зардап шегіп, дәрігерден көп ем қабылдадым.



**Самиғолла Оралбаев:**

– 1986 жылы «Алматыкульбытстрой» тресіне қарасты СМУ «Академстрой» мекемесінде құрылыс бригадирі болып жұмыс істеп, «Дружба-1» жастар жатақханасында тұрғанмын. Көтерілістің басынан аяғына дейін қатыстым. 17 күні түнде бір топ қаруланған солдаттар мен миллиционерлер бізді қоршауға алды. Ұсталғандарды аямай ұрып-соғып, тепкілеп машиналарға, автобустарға тиеп әкетіп жатты. Қайда әкетіп жатқаны белгісіз. Үлкен бе, кіші ме, әйел ме, еркек пе, ешкімді аямады. Қасымда жиырмашақты жолдасым болған еді. Екі қызды сақшылар ұрып жатқан жерінен құтқарып, олардан алысырақ жерге алып кеттік.

18-желтоқсанда 40 шақты адамдарды ұстап алып, «Целинный» кинотеатры маңындағы Совет аудандық ІІБ жертөлесіне апарып, ұрып-соғып, бір тәулік қамады. Содан бізді ұстап отырғандарын жұмыс орнымызға хабарлап, кадрлар бөлімі бастығы келіп айып төледі. Бізді жатақханаға дейін «КГБ-ның» бір адамы милиционерлермен бірге әкеліп тастады.

Ол кезде бір жағы КПСС мүшесі едім. Көтеріліске қатысқаным үшін партия қатарынан шығарылдым. Бірақ, отанымның болашағы үшін қатысқаныма өкінбеймін.

**Аманғазы КӘРІПЖАН**

№48-49 (814-815), 13 jeltoqsan, 2018

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# Шәмші: ауыз бен

**ШӘМШІНІҢ «БЕЛАЯ ГОРЯЧКАМЕН» АУЫРЫП, САУЫҒЫП ШЫҒУЫ, ТҮН ЖАРЫМЫНДА ӘЙЕЛДІҢ ПАЛЬТОСЫН КИІП КЕЛУІ ЖӘНЕ КЕНТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖАНТҮРШІГЕРЛІК ОҚИҒА**

Рас, кейінгі жылдары Шәкең арақты мүлде қойып кетті. Бірақ оның ең тамаша әндері, негізінен, жастық қуатының жалындап тұрған кезінде, яғни арақты судай сіміріп жүрген жылдары жазылды. Оның осы кезіндегі өмірінің едәуір бөлігі маған тап келді. Қаншама уақытым оны ішкіліктен, түрлі өсек-аяңдардан қорғаумен және негізгі табиғи арнасына бұрумен өтті.

Бір күні кешкілік Шәкең:

– Терезенің сыртында біреу: «Қалдаяқовтың қайткен күнде де көзін жоюымыз керек» деген әңгіме айтып тұр, – деді түсі бұзылып. Пәтеріміз бірінші қабатта болғандықтан сыртқа шығып қарап келдім. Ешкім жоқ. Сәлден кейін әлгі сөзін көрші бөлмеде ұршық иіріп отырған анама да барып айтты. Ол да сыртқы терезе алдын шолып келді. Шәкең әлгі сөзін жиі қайталай берді. Амалым таусылған мен, өзім жиі араласатын Қалаубек Тұрсынқұловқа, Тұяқ Мұсатаевқа телефон соқтым. Олар бұл «белая горячка» болуы ғажап емес. «Жедел жәрдем» шақырып емдетпесең, асқынып кетуі мүмкін» деп қорқытты. Амалым таусылған соң «Жедел жәрдем» шақырдым.

Түн жарымына таман, екі иығына екі адам мінгендей қапсағай денелі орыс жігіті кіріп: «Науқас кім?» – деп сұрады. «Жоқ, мен науқас емеспін», – деп Шәмші ыршып түсті. Менің нұсқауыммен дәрігер Шәкенді көріп болған соң, «ауруханаға кеттік» деді. «Мұхтар бармаса бармаймын», – деді ол.

Мәшинеге мен де отырдым. «Жедел жәрдем» қаланың шетіне таман орналасқан, бұрын біз маңына жақындауға сескенетін «Жындыханаға» келіп тоқтады. «Мұнда әкелгеніңіз не?» – дедім дәрігердің құлағына сыбырлап. «Бізде осылай. Екі ауру түрінің айырмашылығы шамалы», – деді дәрігер.

Шәкенді ішке кіргізбекші болып еді, ол: «Мұхтар қалмаса, мен де қалмаймын», – деп арқамнан қапсыра құшақтап алды. Жалмажан екі жігіт жетіп келіп, оның қолын ажыратып, ішке алып кетті. Сол жердің «кезекші дәрігері» мені бөлмесіне шақырып: «Ертең, түске дейін жеті бөтелке арақ алып келесіз», – деді. «Бұларыңыз қалай? Арақтан емдейді деп алып келсем, қайта арақ ішкізбексіздер ме?» – дедім таңданып. «Дәл солай, – деді кезекші дәрігер. – Алдымен денесіне дәрі егеміз. Сосын арақ ішкіземіз. Дәрі жүрегін айнытып, ішкен арағын қайта құстырады. Бұл тәсіл бірнеше рет қайталанғанда, науқас арақ көрсе жүрегі айнитын халге жетеді. Біздің емдеу тәсіліміз осындай».

Келесі күні, айтқан уақытында әлгілерге жеті бөтелке арақты жеткіздім. Екі күннен кейін Шәкенді іздеп барсам, аула ішінде еңгезердей бір жігітпен қыдырып жүр екен.

– Ауруханадағы жалғыз есі дұрыс жігіт осы, – деп ол қасындағы жігітті маған таныстырды.

Сосын бөлмесіне ертіп барды. Жиырма шақты адам бір бөлмеде жатады екен.

– Мен мына темір кереуеттің үстіне емес, астында жатып жүрмін.



**Мұхтар ШАХАНОВ,**
**ақын, мемлекет қайраткері**

**Құдайдан жасырмағанды адамнан бүркемелеп қайтеміз. Қалдаяқов өмірінің ең сәулелі жылдары ішкілікпен өткені жайлы жоғарыда да баяндағанбыз...**
**Шәмші біздің үйде жүргенде, егер қонақ келе қалса, мүлде арақ-шарап қойдырмайтынмын. Сонда Шәкең:**
**– Мына кісілерге дастархан мәзірі жасалмады ғой, – дейтін.**
**– Бұл кісілер ішпейді екен, – десем:**
**– Ішпесе, алдынан қайтады да, – деуші еді ол қулана.**
**Шәкеңмен бірге жүрген жылдар ішінде, тек дауысын тыңдасам болды, оны қанша деңгейде мастық жеңгенін айқын сезе беретінмін. Алғаш қыза бастаған кезінде, орташа мас шағында, естен тана мас болған уақытында аузына қандай сөз түсетініне дейін біліп алғанмын. Шәкеңді іш-іш деп зорлағандарға енді екі, төрт немесе бес рюмкадан кейін «концертке» енесіздер деп ескертетінмін. Өйткені, Шәкең қатты мас болған шағында айналасындағыларға өзгеше жайсыз мінез көрсететін. Сондықтан да сол тұста оның төңірегінде санаулы ғана адам қалған еді. Егер Шәмшінің: «Хочешь, не хочешь... Вот так... Мен мықты қазақпын... Вот так...» деген сөз аузынан шықты ма бітті, айналасындағылар өзгеше дайындыққа кірісуі керек. Тез арада үстел үстіндегі сынатын заттарды жинап алған жөн. Немесе оны күштеп, төсегіне апарып жатқызып, өзгеше қимыл әрекетіне дес бермей, қашан ұйқыға кеткенше қасында болған тиімді.**

Себебі, қасымдағы жындылардың бірі сыртқа шыққанда қойнына тас салып кіріп, түнде сонысын бар пәрменімен лақтырады екен, – деді ол.

Ауруханаға жатқанына айға жақын уақыт өткенде, өзі де әбден қажыса керек, «мені қашан шығарып аласыздар» деп анама қайта-қайта телефон соға бастады. Менімен сөйлесуге ұрысып тастайма деп қаймығады. Дәрігермен ақылдассам, «әлі бір ай жатқаны дұрыс» дейді. Ақыры анама бағынбасқа шарам қалмады. Ол маған былай деді:

– Шәмші бірнеше рет телефон соғып, «арақты енді аузыма алмаймын» деп уәде берді. Сондықтан Жүсіп нағашыңның үйінде сақтап отырған жалғыз қойымызды базарға апарып сатайық. Соның ақшасына Шәмшіге костюм, шалбар, көйлек, аяқкиім, тіпті, ішкиімдеріне дейін алайық та, жындыханадан түгел тазартып, жаңартып шығарайық!

Мен Шәмшінің «арақты қойдым» деп уәде бергеніне сене қоймасам да, анамның ақ тілегіне мойынсұнбауыма хақым жоқ еді. Шәкенді мұнтаздай етіп киіндіріп, жолай мешітке соғып, құран оқыттық. Бала мінезді Шәкең анама деген ризалығын білдіріп, қайта-қайта бетінен сүйе береді. Үйге келдік. Анам ас әзірлеу қамымен жүргенде:

– Ал, Шәке, шыныңызды айтыңыз, енді қанша айға дейін ішпейсіз? – деп едім, ол анам жаққа жалтақ-жалтақ қарап:

– Қайтсем де алты айға шыдаймын, – деді.

Бірақ Шәкеңнің бұл жолғы шыдамы үш айға әзер жетті...

Ол тұста мен «Лениншіл жас» газетінің Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстары бойынша меншікті тілшісімін. Жұмыс жағдайымен жүріп, кешкілік үйге келсем, Шәмші жоқ. Анам оның «бір жерге барып, көп ұзамай ораламын» деген сөзін жеткізді.

Түнгі сағат 4-тер шамасында, шырт ұйқыда жатқан шағымызда, есік қоңырауы шылдырлады. Ашсам – Шәмші. Үстіне бір әйелдің қызыл пальтосын киіп алыпты. Костюм-шалбары жоқ, ішкиімі ғана бар. Аяғында –кебіс. Дір-дір етеді. Қысқа қадам басқан ызғырықты күз айы болатын. Қайта-қайта жөтеледі.

– Мұхтар, ұрыспашы. Осылай болып қалды. Кешірші мені, – деді де, дірілдеген қалпында, анам салып қойған төсекке еніп, басын бүркеп жатып алды.

Оқиға былай өрбіпті. Шәкең екі бөлмелі үйде тұратын бір таныс келіншегіне қонақ боп барады. Сол кезеңде ол әр 15-20 минут сайын шылым тартпаса, өзін мүлде ыңғайсыз сезінетін. Келіншектің қарт анасының, темекі түтініне ерекше аллергиясы болуы себепті, әрі екі-үш сағат бойына темекі тартпағандықтан, Шәкең бұл «міндетін» сыртқа шығып орындауға бекінеді. Жалаңаш денесіне есік алдында ілулі тұрған келіншектің пальтосын киіп, оның анасының кебісін аяғына сұға салып, баспалдақтан төмен құлдилап, шылымды құмары қанғанынша тартып, жоғары көтеріледі. Бірақ қай қабаттан, қай бөлмеден шыққанына назар аудармаған екен. Үш үйдің қоңырауын шылдырлатады. Бәрі басқа отбасы болып шығады. «Түн жарымында мазалауға қандай құқың бар» деп бір еңгезердей еркек Шәкеңнің тұмсығын тегістеп жіберуге ұмтылғанда, бұл одан қашып құтылыпты. Мәшине ұстауға қалтасында көк тиын болмағандықтан үйге қарай жаяу тартады. Міне, Шәкеңнің қызыл пальто киюінің құпиясы.

Шәмші өмірінде мұндай қызықтар сан алуан. Бірақ мен енді солардың біреуіне ғана тоқталғанды жөн санадым.

Шәмші екеуміздің, алдымен Түркістан қаласында, сонан кейін Кентау қаласында бірлескен шығармашылық кешіміз өтті. Әсіресе, Кентаудағы түніміз өзінің ерекше жантүршігерлік сипатымен есте қалды. Жиынды ұйымдастырып жүрген жігіт: «Кентау қаласында екеуіңізге де дара құрметпен қарайтын бір азамат кездесті. Кешеден бері қайта-қайта өтініш жасай берген соң, бүгін кешкілік, кездесуден кейін, соның үйіне қонаққа баруға, сіздердің аттарыңыздан келісім беріп қойдым» деді. Шәмші де, мен де қарсылық білдірмедік. Шығармашылық кештен соң, жігіт бізді үйіне алып кетті. Бірнеше бөлмелі, үлкен жер үйі бар екен. Әйелінің де, өзінің де аузын ашса жүрегі көрінетіндей ақжарқын, аққөңіл жан екені сезіліп тұрды. Екеуі қосылып «Ақ бантик», «Құшақ жайған қандай адам» әндерін шырқап еді, дауыстары да көңілден шықты. Дастархан басындағы, жиырмадан астам адам бас қосқан жиынды дене бітімі мол пішілген бір жігіт жүргізіп отырды. Үй иесі оны өзінің бала кезгі жақын досы екенін, бірақ бір үлкен әділетсіздікке бет бұрған адамға, аңдаусызда соққан пышағынан, әлгі қылмыскер қаза болғандықтан, он жеті жыл түрмеде отырып, жақында ғана босанып шыққанын әңгімеледі. Бірақ жігіттің пайымды, парасатты жан екендігі сөйлеген сөзінен аңғарылып тұрды. Алдымен Кентау қаласының беделді, сыйлы адамдары сөйледі. Олардың әрқайсысы Шәмші әндерінің ерекше құбылыс екеніне тоқталып, сазгерге ұзақ ғұмыр тіледі. Ықылас пен ізгілік жалынына оранған мадақ сөздерден мені де тыс қалдырмады. Сол кезгі қалыптасқан дәстүр бойынша әрбір адамның сөзі қомақты рюмкаға құйылған арақ-шараппен жалғасып жатты. Шәмшінің қасында отырған бір жас келіншек құйқылжыта ән шырқағанда, Шәмші оның бетінен сүйді. Кейінірек, олардың бір-бірімен қол қысысып отырғанын да аңғардым.

Түнгі сағат 12-лер шамасында, ішкілік қуаты жеңе бастаған Шәмшінің сөз құрамы едәуір өзгеріске түсті. Ортадағы жалғыз ішпей отырған адам болғандықтан асабаны шақырып, өзімнің демалатынымды, ал Шәмші тағы үш-төрт рюмке ішсе өздерін ыңғайсыз жағдайға қалдыратынын құлағына сыбырлап жеткіздім. Өйткені, жиын-тойлардың көпшілігінде Шәмшінің қасында жүретіндіктен, оның дауыс ыңғайына қарап, қаншалықты деңгейде мастық жеңгенін дөп басып, дәл айта алатынмын.

Көрші бөлмеге еніп, салынған мамық төсек үстінде қалғып кеткенім сол екен, біреу жұлқылап оятты. Көзімді ашып жіберсем, жиынды жүргізіп отырған асаба жігіт екен. Қанға малынған қолына үлкен пышақ ұстап алыпты.

– Мұхтар, анауыңды қазір өлтіремін. Өзіңді ерекше таза адам деп есептегендіктен ғана алдыңа келіп тұрмын, – деді ол қолы дір-дір етіп. – Бәріміз ұйқыға жатқанда, анау маскүнемің өздеріңді қонақ етіп отырған, менің досымның әйелінің қойнына кіріпті. Әйел шошына айқайлаған соң жетіп бардым да, досыңның тұмсығын тегістеп жібердім. Сөздің ашығы, енді оныңды тірі жібермеймін.

– Кешіріңіз аға, – дедім әлгіге жалбарынып. – Ашуды бір сәт ақылға жеңдірелік. Өзіңіз он жеті жыл отырып келіпсіз. Тағы сонша жыл түрме есігінен сығалағыңыз келе ме? Меніңше, мұнда бір түсінбестік бар. Бағана Шәмші қасындағы тамаша дауысты әнші қызбен екеуі қол ұстасып отыр еді. Байқауымша, ол сіздің досыңыздың әйелін сол әнші қызбен шатастырып алған сияқты.

Байыпты қалыппен жігіттің пышағын алдым да, көрпенің астына сүңгітіп жібердім. Сосын екеуміз Шәмшіге барсақ, оның ештеңеден хабары жоқ, мұрнынан аққан қанға боялған қалпы терең ұйқыға кетіпті.

– Шәмшінің бұл әбестігі үшін ертең, міндетті түрде өздеріңізден кешірім сұратамын, – деп әлгі жігіттің өрікпіген мінезін бастым.



# ақиқат

Оқиға, шынында да, мен ойлағандай болыпты. Ертесіне Шәмші үй егесінен және оның жұбайынан, көзіне жас ірке отырып, кешірім сұрады. Түпкі негізін Сахалиннен алған ішкілік толқыны, қазақ жерінде өзінің дара жаңғырығын, Шәмші арқылы осылай көрсетіп еді.

## «АРЫС ЖАҒАСЫНДА» АТТЫ ӘНІМІЗДІҢ «ТӨМЕННЕН САНАҒАНДА» БІРІНШІ ОРЫНДЫ «ЖЕҢІП» АЛУЫ ЖӘНЕ БІР КЕМПІРДІҢ «ОСЫ ӘНДІ ШӘМШІ МЕН МҰХТАР МАҒАН АРНАҒАН» ДЕП МАҚТАНУЫ

Кезінде Шәмшіге қарсы адамдардың бірлесіп қимылдауының нәтижесінде, қазақ радиосының көркемдік кеңесі, екеуміз жазған «Арыс жағасында» атты әнді қабылдамай қойған еді. Бұл туралы осы әнді Ескендір Хасанғалиевпен бірге тұңғыш рет орындаған Қазақстанның Халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанов 2013 жылы Шәмші Қалдаяқовқа арналған «Аңыз адам» журналында былай деп сұхбат беріпті:

«Пендешіліктің, көре алмаушылықтың зардабын Шәкең көп тартты.

«Арыс жағасында» туралы сол кезде де аз айтылып, аз жазылған жоқ. Бүгінде жиі айтылатын әндердің бірі ғой. Сол мықты әнді көркемдік кеңесте аты дардай композиторларымыз жаратпай, ұнатпай, «браковатъ» етіп тастаған. Ескендір екеуміз ол кезде «Қазақ» радиосында жұмыс істеп жүргенбіз. Ол жерде әрбір жаңа шығарманы эфирге жіберместен бұрын әнші-иллюстратор радионың көркемдік кеңесіне орындап беруі тиіс болатын. «Арыс жағасында» сол кеңестің «сынынан» өтпей қалды. Іштей жақсы ән екенін біліп тұрмыз... Басшылар шай ішуге кеткенде, дыбыс режиссерін шақырдық та, есікті жауып алып, әнді радиоға жазуға сұрандық. Көркемдік кеңестен өтпеген, бастықтар рұқсат бермеген әндерді студияға жазуға рұқсат жоқ... Ескендір екеуміз әнді жазып болып қарасақ, біраз жұрт жиналып қалыпты. «Бұл неғылған ән?» деп қызықтап келген радионың қызметкерлері екен. Бәрі де айрандай ұйып тыңдап қалыпты. Екеуміз ыңғайсызданып та тұрмыз. Тәртіпті бұзып, өтпеген әнді жазғанымыз үшін жұмыстан шығып қалуымыз да әбден мүмкін еді. Дыбыс режиссеріне де зиянымыз тиіп кетуі ықтимал еді. Сөйтіп, не керек, әнді жаздырдық. Әріптестеріміз мақтап жатыр. Ал Ескендір екеуміз «дымымыз ішімізде болсын, ешкімге ештеңе демейік» деп өзара бәтуаластық. Сөйтіп ақырын ғана әнді фототекаға өткізіп қойдық. Жиырма күннен кейін-ақ редакциядағылардың бірі әнді эфирге беріп жіберіпті. «Не болар екен?» деп ішімізден тынып жүрміз. «Әндерің мықты екен» деп кейбіреулер құттықтап жатыр. Ақырында, елдің түкпір-түкпірінен жақсы мазмұндағы хаттар легі жиі ағылып келгендіктен, Ескендір екеуміз аман қалдық. «Арыс жағасында» бүкіл халықтың қолдауымен, көркемдік кеңестен өтпесе де, өмірге осылай жолдама алып еді».

Бір күні Шәмші Қалдаяқов маған: «Республикалық әндер конкурсы жарияланыпты. Соған «Арыс жағасындағыны» салып көрсек қайтеді? Бірақ қазылар алқасының төрағасы менің Композиторлар одағының мүшелігіне өтуіме көп жылдан бері кедергі жасап келе жатқан ағамыз екен. Сосын, қазылар алқасында сені де суқаны сүймейтін, аталмыш әннің радиода қабылдануына қарсы болған бір ақын ағаң бар сияқты. Дегенмен, бағымызды сынап көрелік. Осы жолы құласақ, кейін конкурс деген пәленің маңынан жүрмейтін боламыз», – деді.

Мен алғашында қарсылық білдірдім. Бірақ Шәкеңнің ұсынысы орынды болғандықтан, келісуге тура келді. Шарт бойынша ән мен сөз авторлары конкурсқа ұсынылған шығарманы алты дана етіп көшіріп, әрқайсысына қол қоюымыз керек екен. Айтқан талаптарын толық орындап, әнді конкурсқа аттандырдық.

Конкурста бірнеше жүлде белгіленіпті. Бірінші орын – біреу, екінші орын – екеу, үшінші орын – үшеу. Бұған қоса алты ынталандыру сыйлығы бар екен. Шәкең оны «Алла разы болсын сыйлығы» деп атады.

Екі-үш айдан кейін республикамыздың бір беделді газетінде конкурс қорытындысы жарияланыпты. Бірінші орынды қазылар алқасы төрағасының әні алыпты. Екінші орынды да екі «мықты» иеленіпті. Тіпті, үшінші орын үшеу болса да, бізге тұмсығын шүйіріпті. Бізге ынталандыру, яғни Шәкең айтқан «Алла разы болсын» сыйлығы ғана бұйырыпты. Сол алты ынталандыру сыйлығының ең соңына ғана «Арыс жағасында» әні тіркеліпті.

– Осы конкурсқа қатыспай-ақ қояйық деп ем, көнбедіңіз. Енді не болды? Беделіміз бес тиын сияқты сайға домалады ғой, – деп едім, Шәкең:

– Мұхтар, неге ренжисің? Біз бәрібір төменнен санағанда бірінші орын алдық қой, – деп жымиды.

Бірақ, «барлық іске – уақыт төреші» деген рас екен. Сол конкурста бірінші, екінші, үшінші, тіпті, бізбен бірге ынталандыру сыйлығын алған әндердің де ешбірін қазір халық білмейді. Олардың аты да ұмытылып қалды. Тек «Арыс жағасында» әні жарты ғасырға жуық уақыттан бері, жылдан-жылға ауысып, қазақтардың ғана емес, басқа ұлт әншілерінің де аузынан түспей келеді. Жуырда ғана «Хабар» арнасынан бір африкалық қара нәсілді жігіттің осы әнді нәшіне келтіре, қазақ тілінде орындағанын көріп, сүйсіндім. Бұл Шәмші әуендерінің өміршеңдігін әйгілесе керек.

Енді бір мәселеге тоқтала кеткеннің артықтығы болмас. Оңтүстік өлкесінен «Арыс жағасында» атты ән маған арналған дейтін үш-төрт әйел табылды. Халықпен болған кездесулерде де «Сіз осы әннің өлеңін пәлен деген әйелге арнаған жоқ па едіңіз?» деген сұрақтар да түсті. Тіпті, жасы Шәмшіден де үлкен бір кемпір орталық телеарнадан «Арыс жағасында» атты әнді Шәмші мен Мұхтар маған арнап жазған» деп соғып тұр. Сөйтсек, көп жыл бұрын Ордабасы ауданында, Арыс өзенінің жиегінде «Арыс жағасында» атты, 30-40 мың адам жиналған үлкен фестиваль өткен. Фестивальге Шәмші екеумізді қонақ ретінде шақырған еді. Мерекені ұйымдастырушылар «Арыс жағасында» атты әнімізді екі парақ етіп, әлденеше мың данамен бастырып, жиналған жұртқа таратыпты. Әлгі әйел Шәмші екеумізден қолтаңба сұрағанда, біз: «Пәленше аруға, құрметпен» деп қол қойған екенбіз. Міне, мәселе қайда жатыр.

Осындай сөздерге денемнің үйреніп кеткені соншалық, кейінгі жылдары сан қилы өсек әңгімелерге де селк етпейтін мінез қалыптастырдым.

## ШӘМШІНІҢ ӘБІЛАХАТ ЕСПАЕВҚА ЗОР ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАУЫ, «ЖҰБАЙЛАР ЖЫРЫНЫҢ» ТУУЫ ЖӘНЕ «АНА ТУРАЛЫ ЖЫРДЫҢ» ТАТАР ЕЛІНДЕГІ БЕДЕЛІ

Шығармашыл адамдардың едәуір бөлігінде кездесетін, біреудің жетістігіне қызғанышпен қарау – Шәкеңде атымен болмайтын.

Бірде мен оған:

– Әндерінің әуезділігі жағынан Әбілахат Еспаев сізден бір мысқал да қалыспайды. Басты кемшілігі, ән сөздерін өзімен арақты бірге ішіп жүрген орташа, тіпті орташадан да төмен деңгейлі ақындарға жаздыруында, – дедім.

– Өте дұрыс айтасың! Әбілахат аға менен әлдеқайда талантты адам. Оны ерекше қадірлейтінім де сондықтан, – деді ол өзгеше ризалық сезіммен.

Бәлкім, Шәкеңнің Әбілахат талантын өзінен жоғары қоюы кішіпейілділігі болар. Әйтсе де, ол өзгенің жақсысын жарқырата көрсету жағынан қашанда биікте тұратын.

Жетпісінші жылдардың бірінші жартысында, «Қазақ» радиосында жұмыс істеген шағымда маған Әбілахат Еспаев жиі келіп жүрді. Әбекең қазақтың дара тұлғалы сазгері ғана емес, әзіл сөздің де ерекше алғыры еді. Қысқаша ғана екі-үш мысал келтірейін.

Бірде екеуміз автобусқа міндік. Әдетте автобуста адамдар бір бағытқа, алға қарап отырады да, тек бірінші қатардағы ұзынша орындық қана керісінше, жұртқа қарама-қарсы орналастырылған ғой. Біз мінген автобустың тек алдыңғы қатары ғана бос екен. Солай қарай беттеген Әбілахат аға: «Мұхтар, жүр, Президиумға барып отыралық», – деді. Тағы бірде бұрынғы «Мир», қазіргі «Желтоқсан» көшесін қиып өтіп бара жатқанбыз. Қасымыздағы Шәмші Қалдаяқовқа бір танысы кездесіп, жол шетінде кідіріп қалды. Ал Әбекең тіпті асығар емес. Алдан құйғытып келе жатқан бір мәшине көрінді.

– Әбеке, жылдам қозғалалық, ана мәшине басып кетуі мүмкін, – дегеніме ол:

– Бізді басқан күнде де ол мәшиненің жолы бола қоймас. Арқамызда келе жатқан Шәмші оның нөмірін жазып алып қалады ғой, – деп жымиды.

Әбілахат Еспаев хақында Шәмші Қалдаяқов айтқан бір әфсана есімнен кетпейді:

Кілең сазгерлер мен ақындар қаладағы Ленин ескерткіші маңында бас қосыпты. «Енді қайда барамыз?» деген сұрақ көлденең тартылса керек. Сонда Әбілахат Еспаев:

– Бас қататын не бар? Бізге қайда бару керектігін Ленин атамыздың өзі көрсетіп тұрған жоқ па? – дейді. Ал Ленин қолымен нұсқап тұрған жақта үлкен мейрамхана (ресторан) үйі орналасқан екен.

Міне, сол Әбілахат аға бірде маған:

– Мұхтар, екеуміз әлі күнге дейін бірлесіп бір ән жазбаған екенбіз-ау, – деді.

Іле-шала сол олқылықтың орнын толтыруға кірістік. Жиын-тойларда жаңа шаңырақ құрғандар және жастар қауымы айтып жүрсін деп, жас жұбайлар жайлы ән жазуға пәтуаластық. Мен Әбекеңе, ертеңге дейін болашақ әннің сөзін бітіріп әкелуге уәде бердім. Кешкілік, өлең жазуға отырғанымда ойламаған жерден, бас-аяғы он бес-жиырма минуттың ішінде әні де бірге шығып кетті...

Ертесіне уәделескен уақытта Әбілахат аға келді. Мен нақ бір ұрлық жасаған адамдай, ыңғайсыздана отырып, болған жағдайды тәптіштей түсіндірдім. Төменнен санағанда бірінші орын алатын гүжілдеген даусыммен әнді орындап та бердім. Әбекең мұқият тыңдады да:

– Сөзі мен әні қабысқан тамаша туынды болыпты. Әнін мен жазған күннің өзінде де нақ осы деңгейде сәтті шыға қоюы неғайбыл еді. Құттықтаймын! – деп бетімнен сүйді.

Әрине, мұнысы кішіпейілділігі. Әйтпесе Әбілахат Еспаев жазған әндер күні бүгінге дейін өз бағасын толық алмаған, қазақ ән өнеріндегі санаулы алтын діңгектердің бірі. Бірақ бірлесіп ән тудыруды тағдыр біздің маңдайымызға жазбаған екен. Бірнеше жыл өткен соң Еспаев, Қалдаяқов үшеуміз ойда-жоқта тоқайласып қалдық. Мен осы кездесудің алдында ғана Татарстанда өткен бір әдеби жиынға барып келген едім. Сол жақта өзім куә болған ерекше қуанышты жағдайды, Қазақстан теледидарында өткен бір хабарда, Татарстанда Шәмші Қалдаяқовтың Ғафу Қайырбековтің сөзіне жазылған «Ана туралы жыр» атты әнін білмейтін татарды табудың қиындығы жайлы құлшына әңгімелеген едім.

– Теледидардағы сөзіңді есіттім. Татар ағайындардың Шәмші әнін әнұран деңгейінде айтуы бүкіл қазаққа абырой емес пе? Мұны қалай жуусыз қалдырамыз, – деп Әбілахат аға Шәмшіге қарады.

– Жууға қарсы адамның бірі арамызда тұрғандықтан, бұл мәселені екеуара шешкеніміз жөн шығар, – деді Шәкең.

– Шәмші, сен сол жууға қарсы адамның «Жұбайлар жыры» атты әнін тыңдадың ба? – деді Әбілахат аға құлана.

– Жуырда бір үлкен жиында Ғабит Мүсірепов «Жұбайлар жырын» қазіргі қазақ әндерінің классикасы» деп атап, сенің «Ана туралы жырыңның» сөзін жазған атақты ақын Ғафу Қайырбековке және оның жұбайы Бәдешке айтқызып еді, жұрт орындарынан тұрып қол соқты.

– «Егер Мұхтар аға әдебиетті қойып, тек ән шығарумен айналысса, екеумізді де жарты жолда қалдыруы әбден мүмкін» деп өзіңізге айтқаным бар еді ғой. Бірақ әндерді жуу мәселесін ұйымдастырмағандықтан, әзірге жолы онша болмай келе жатқан сияқты, Әбілахат, – деп әзілдеді Шәмші.

Кейіннен пайымдап қарасам, бұл менің Әбілахат Еспаевпен ең соңғы рет жолығысуым екен.

*(Материал автордың «Шәмшінің ғұмырлық геометриясы» жинағынан алынды)*



# АЛДАСПАННЫҢ жарқылы

## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ДОСТАРЫНА ЖАЗҒАН ХАТЫ

*Қымбатты оқушы, назарларыңызға қазақтың қаһарман ұлдарының бірі Бауыржан Момышұлының хаттар топтамасын ұсынып отырмыз. Бұлар көпшілікке беймәлімдігімен де құнды. Және Баукең аталған қолжазбасында қаламын еркін ғана тербей отырып, айрықша ағынан ақтарылады. Әрине, ажалмен бетпе-бет келгенде де ақ алмастай өткірлігі мен адалдығынан таймаған Бауыржан Момышұлының тазалығы ардың кіршіксіздігінен кем түспейтін ақ қағаз алдында жаңсақтыққа бармайтыны түсінікті. Мына жазбаларға да Баукеңнің үлкен толғаныспен келгені байқалады.*

I.

Құдайға шүкір, мен кедей қазақ емеспін. Мені ел дәулетті қазақтың бірі санайды. Ол шынында да рас! Менен баска да дәулетті қазақтар аз емес! Менен бай қазақтар көп екеніне көзім жетті!

Сәбит, Ғабит, Ғабидендер Мұханды былай қойғанда ішіміздегі бай жазушылар. Олардың ақшаларының есебін мен білмеймін. Менің білетінім, олар рухани творчестволық жағынан менен дәулетті екеніне ешқандай күмәнім жоқ.

Я, рухани деп айттым. Сөзім сөз. Мен екі сөзді адам емеспін. Дүние, ақша қолдың кіріндей, бір жусаң кетеді дейді қазақ. Ол рас. Дәулеттің келуі де, кетуі де бір адам өмірінде оңай емес: келуі маңдай тері, кетуінің себептері көп: ұшқалақтық, бейғамсыздық, маңдай терін қадірлемеу, жасырмай айтқанда, маскүнемдік, артына қарамай «мырзашылық», орынсыз бауырмалдық... тағы баска ескіліктің — қоқым-соқымдарының салдарлары, орысша айтқанда кейбіреулеріміз феодально-купеческое самодурствоға дейін барамыз. Ол да қиналып мойынға алатын шындық.

Әңгімені өз басымнан бастайын. Басқаны сынау әркімге де оңай екені ақиқат. Өзін-өзі сынау оңай емес екеніне тірі жанның бәрі де түсінеді. Әңгімені өз басымнан бастайын.

II.

Менің әкем бай да болған жоқ, кедей де болған жоқ. Әкем тірі болса, биыл 104-ке келер еді.

Әкемнің тірі кезінде мен талай рет ашықтым да, жалаңаяқ, жалаңбас жүрген кездерім де болды. Әкем сараң кісі емес еді. Мен оның 54 жасында көрген жалғыз ұл баласы едім. Әсіресе, біздің қазақ жалғызынан несін аяйды...

Әкем мені еркелетіп өсірген жоқ. Әрине, қолынан келгенше шамасына қарап тарылтқан жоқ. Есептеп беріп, есептеп алып отырды ол кісі.

Мен Жамбылда оқып жүрген кезім еді. Әкем базарға екі қой айдап келіп әрқайсысын алты сомнан сатты. Менің киімім тозған еді.

Үбианның да, Әлиманның да (менің үлкен апаларым), жеңешемнің де (менің өгей шешем) киімдері тозып, жұпыланып отыр деді әкем.

— Ал екеуміз ақылдасып, мына он екі сомды қарыштайықшы. Билік сенде болсын, — деп күлімсіреп маған қарады да, — Ал алдымен кім үшін қарыштаймыз? — деп сұрады менен.

— Алдымен үйге қарыштайық! — дедім мен.

— Біз — үйдегі, сен түздегі адамсың ғой, қарағым! — деді әкем тағы да жылысырап, — алдымен сен керегіңді алғын, қарағым!

— Маған... Маған... — дедім мен сасқалақтап не айтарымды білместен. — Маған еш нәрсенің керегі жоқ.

— Саған еш нәрсенің керегі жоқ, — деп әкем мырс етіп күлді де, — біз үйдегілерміз, сен түздегісің, — деп қайталады.

— Жоқ, шынында маған ештеңе керек емес!

— Тұра тұр, балам, сабыр ет! Күз өтіп, қыс түсіп келеді. Саған жылы тужурка керек. Ол бір! Үстіңде бірақ ішкі киімің бар. Моншаға барғанда...

— Я, моншаға барғанда ауыстыратын ішкі нәрсем жоқ. Басқа балалардікі бар, — деп даусым дірілдеп, — Менің шұлғауым да жоқ... Мұрнымды сүртетін орамал да жоқ, — деп жылап жібердім.

— Ай, балам! Сені бұндай босаң деп ойламаушы едім. Бұның не, қарағым?.. Бұрын неге айтпадың?

Мен ұялып төмен қарадым.

— Ал екеуміз де бір үйдің еркектеріміз. Алдымен шайханаға барып шай ішіп алалық та, одан кейін ақылдасып барымызды қарыштайық, — деп әкем қолымнан жетектеп шайханаға ертіп барды.

Одан кейін магазиндерді араладық. Керек-жарақтарымызды алдық.

— «Бай болып көргенім жоқ, кедей болып өлгенім жоқ» дейді қазақ біз сияқтыны, қарағым! — деді әкем қоштасып тұрып. — Барына шүкір етелік... Ақшада тіл жоқ — қайда жұмсасаң сонда кете береді... Біз сияқты адамдарға бір тиын — маңдай тері. Мә, саған тағы да 25 тиын. Керегіңе орынды жаратып жұмсауға тырыс, шырағым...

Әкем кетті. Мен қалдым.

III.

Мен ержеттім. Қызмет-жұмыс істеу жағынан адам қатарына қосылдым. Еңбек! Еңбекті мен қара жұмыстан бастадым: кора сыпырдым, қой бақтым, қос айдадым, пішен шаптым... Мұғалім болдым, аукам болдым, райком болдым... Екі жыл жер тепкілеп, ефрейтордан таяқ жеген солдаттың бірі болдым... Мерген болдым, шабандоздықтан бірінші қатардағылардың біреуі болдым. Кейде аш, кейде жалаңаш та болу жағдайларын басынан өткіздім... Он жыл бойы оқыдым, оқыттым. Офицер болдым. Қатарымнан қалғаным жоқ. Қатардан қалмау маған оңайға түсті деп айтуға аузым бармайды. Еш нәрсе маған оңайға түскен жоқ.

«Жігіттер, араз арзан, достық қымбат» деп қазақ бекер айтқан емес. Араздастым да, достастым да. Қателестім де, адастым да. Қаталарымды түзеуге өзімнен бұрын достарым көмектесті. Адасқанымда ақ жолға — ұстаздарым салып отырды. Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады дегендейін таяқты алдымен әкемнен, ұстаздарымнан, достарымнан жедім. Олар мені жаман болсын деп ұрыспағандарына жаңа ғана түсініп келе жатқаныма қарағанда — енді ғана ақылым кіріп келе жатқанына көзім жетіп келеді.

Жалғыз ой түбінде отырғанда — өзімді қиналап, ұстаздарыма рахмет айту күн асқан сайын әдетке айналып барады.

Кейбір жолдастарыма, достарыма, ұстаздарыма олардың көзі тірі кезінде уақытылы рахмет айта алмағандығыма өкінемін де, қиналамын да, бармағымды тістеймін.

Жалғыз өмір, жалғыз жан. Қап, шіркін, қайта келетін өмір болса — есерсоқтығымды қайталамас едім деп ішімнен тынамын.

IV.

Мен офицер болдым.

Ұлы байтақ Отанымыздың мен болмаған түкпірлері аз. Мен Отанымыздың көп дұшпандарымен көзбе-көз, бетпе-бет кездескендердің бірі болдым.

Мен ержеттім. Әкем қартайды. Мен әкем қартайғанда тарықпасын деген оймен тапқан-таянғанымды алдымен үйге жіберіп отырдым. Әсемпаз болғаным жоқ. Оған қаражатым да жетпес еді.

Әкем өлді. Мен жалғыз қалдым.

V.

Ұлы Отан соғысы басталды. Ел азаматтары майданға аттанды. Мен батальон командирі болып отыз соғысқа қатыстым. Бес рет қоршауда қалдым....

Отыз жасымда полк командирі болып тағайындалдым....

Отыз үштен отыз төртке шыққанда дивизия командирі болып тағайындалдым... Аз жылдарда көпті көрдік. Солардың бірі мен болдым.

VI.

Мен де адаммын. 200-ден аса мен қатынасқан ұрыстар жалыны шарпы, мені құрдастарымнан бұрын қартайтты, бетіме әжім таңбасын аямай басты, шашымды бурылдатты... Туған-туыстарым да мені аяған жоқ. Аяр да емес...

Мен қазақпын. Ол рас. Мен халқымды сүйетіндердің бірімін. Ол рас. Мен халқымның намысы үшін жанымды аямағандардың бірімін. Ол рас. Халқым мен үшін еш нәрсесін аямағандығын мен де түсінетіндердің біреуімін. Ол рас!

Бірақ!.. Тағы да «бірақ»! Ашық сөйлесейік:

Қазақ даңқынмен жаманатыңды қатар шығарады десек онша қателеспеспіз... Мақтаймын деп жамандап алғанын түсінетін қазақтар осы уақытқа дейін аз екенін екеудің бірі айтады... Легенда — аңыз, жүгенсіз ұзын-құлақ біздің заманда саяздап барады. «Жаман достан жақсы дұшпан артық» деген аталарымыздың сөзін қайта-қайта қиналып еске алушылардың бірі менмін.

VII.

Соғыстан кейін мен жоғарғы әскери білім медресесін бітірдім. Бес жыл соғыс жоғарғы білімнен сабақ берушілердің бірі болдым. Менің шәкірттерімнің арасында көптеген генералдар, көптеген полковниктер, тағы басқа дәрежедегі офицерлер болды. Олардың көбі қазір жоғары дәрежелі орындарда қызмет етеді.

Мен ауырдым. Саптан босадым.

Әскер қатарында істеу оңай емес. Одан босау болса одан да ауыр.

VIII.

Мен әскер сабынан босадым. Пенсиям 300 сом. Атағым бар. Әшекей киім үстімде — я полковник при мундире. «Жатып ішер» болуға заң бойынша маған толық право берілді.

Мен әскери адаммын. Полковник запаса болуға менің толық правом бар. Ол даусыз дейді елдің көбі. Үкімет те солай дейді. Мен олай демеймін. Олай деуге ешқандай қақым жоқ. Мен азаматпын — гражданинмін. Мен жігіт ағасы жасына жаңада ғана жеткендердің біреуімін.

Нет! Я не старик! Я профессиональный военный! Если случиться война (не дай бог) — я еще не способен воевать до тех пор пока меня не убьют! Простите! Признаюсь честно — предпочтиаю свой гибель на поле брани, чем смерть на руках своей жены. Ердің басы қайда қалмаған. Менің басым ешкімнен артық емес!

***

Міне, қымбатты оқырман, Бауыржан хатының шағын ғана бөлімінде осындай сыр қозғалады. Жалпы, Баукеңнің керемет шыншылдығына бас иесіз. Себебі, өздерін зиялылар тобына жатқызатын қазіргі ағайындарымыздың да көпшілігі мұндай кішіпейілдікке әдеттене алмай-ақ келе жатқаны жасырын емес. Олай болса халқының алдындағы адалдығынан айнымаған батыр Бауыржанның мұнша қарапайымдылығы нағыз бекзаттық үлгісіндей көрінеді. Немесе, мәселен, жер ортасы жасқа келгенде ертеректегі ұстаздары мен ағаларын еске алып, «Олар мені жаман болсын деп ұрыспағандарына жаңа ғана түсініп келе жатқаныма қарағанда — енді ғана ақылым кіріп келе жатқанына көзім жетіп келеді» деп баяғы балғын шақтағы көп қателігін балаша мойындадауы, одан соң қан майданның қақ ортасынан талай мәрте қалың әскерімен аман шығып, атағы жер жаһанға жайылған хас батырдың «Қап, шіркін, қайта келетін өмір болса — есерсоқтығымды қайталамас едім деп ішімнен тынамын» деуі қандай ғажап! Ойы шолақ, өресі тар біреулер болса, мұндайда риясыз ағынан жарылу былай тұрсын, өз сәтсіздіктері үшін өзгені кінәлап, әлдекімдерге қарадай кектенетіні де анық қой!

Иә, Бауыржан батырлығының белгісі осынау мінезінен-ақ айқын көрінеді.

*Хаттар Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатынан алынды. (Қор 1432. Іс -135).*

**Дайындаған — Құлтөлеу МҰҚАШ**

# АЙҚАЙ-ШУМЕН ҚОЙЫЛҒАН ВАЛИДАТОРЛАР

## ҚАШАНҒЫ РЕСЕЙ ТІЛІНДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ?



**Тілдерді дамыту басқармасының бастауымен өтіп жатқан қалалық «Акцияны» пайдаланып, қала көліктеріне де «кірдік». Бұл жерде де Мемлекеттік тіл жайлы, «Әй!» дейтін әже, «Қой!» дейтін қожа табылмағанға ұқсайды. Бұған жауапты «Астана LRT» ЖШС көтере алмайтын шоқпарды беліне неге байлайды?**

«Астана қаласының қоғамдық көліктерінде жол жүру ақысын төлеудің электрондық жүйесін енгізу (ЖАТЭЖ) – астанамыздың көлік кешенін модернизациялау жоспарының ажырамас бөлігі болып табылады. Аталмыш жобаның басты мақсаты – әрі қарай «бла бла бла» деп, шыңғырып тұрып жарнамалады. Жарайды. Түсінікпен қарап, қосылмай жатып туындаған көптеген түсініксіз жағдайларға тап болсақ та, шыдап, күттік. Автобусымыз тоқтамай, жүріп тұрса болды, уақыт өте бәрі түзелер деп, өз-өзімізді осы уақытқа дейін алдап келдік.

Жетеді енді! Уақыттың да уақыты бар! «Айқай-шумен» қойылған «валидаторлары» қашанға дейін орыс тілінде қызмет көрсетеді? Мемлекеттік тіліміз неге бірден енгізілмеген? Нақты сұраққа, нақты жауап берілуі керек!

Осы жазбам шығысымен іле сала Мұқағали Балқыбай інім де, тағы 60 адаммен қоса бірге бөлісіп шығарды. Содан, «Астана LRT» басшыларына да жетсе керек. Жауаптарын жаза бастады...

24-қараша 2018 жыл. «109-көмек» консультант операторының әлеуметтік желі арқылы берілген жауабына жауап қайтаруыма тура келді.

Өткендегі, 5-қараша күні Ел ордамыздағы қоғамдық көліктерінде орнатылған валидаторларда Мемлекеттік тілдің жоқ болуына байланысты қойылған сұрақтарымызға, «109»-дың консультант операторлары екі жеті ойланып былай деп жауап қайтарған болатын, «Құрметті МҰҚАҒАЛИ БАЛҚЫБАЙ! Сіздің өтініміңіз №SD0951030 қабылданды және мемлекеттік мекемелерге жіберілді. Өтінімнің жауабы жуық арада беріледі. Сізге елорданың өміріне белсене қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз!»

Әрине, біз сенімділік танытып, нақты жауаптарын береді екен деп, күтіп отырсақ, олар ұялмай қызармай, тағы бір жеті ойланып барып, кәзір ғана, «бұй» деп жауаптарын бере салыпты, «Құрметті Мұқағали Балқыбай! Сіздің өтінішіңізге Бірыңғай «iKomek» байланыс орталығы «Астана ЛРТ» ЖШС жауабына сәйкес, келесі ақпараттарды хабарлаймыз. Біздің қызметімізді пайдаланғаныңызға рахмет. 2016 жылы Астана қаласына жолақы төлеудің электрондық жүйесі енгізілгенде, халыққа ыңғайлы болу үшін валидаторлар орыс тілінде болды, бірақ қазіргі уақытта билет, қайтарылма чегі, түбіртек барлығы қазақша тілінде. Валидаторлардың қазақша тілінде болуы жоспарлануда және ол үшін жұмыстар жүргізілуде. Астана қаласының тіршілігіне үлес қосқаныңызға алғыс білдіреміз!»

Басқасы жоқ болғандықтан, пайдаланғымыз келсе де пайдаланамыз. Пайдаланғымыз келмесе де пайдаланамыз. Амал жоқ!

Түн ішіне қарамастан, іле-тұра біз де жазып жібердік, «Консультант оператор игі құрметтілер! «...халыққа ыңғайлы болу үшін валидаторлар орыс тілінде болды,...» дегендеріңізді түсінер емеспіз. Сонда ҚР заңдары халыққа ыңғайсыз болғаны ма? Немесе, ҚР халқы мемлекеттік тілді білмейді дегілеріңіз келді ме? Жоқ, әлде, Тәуелсіз мемлекет екенімізге күмәнмен қарап отырсыздар ма? Сосын барып, «... Валидаторлардың қазақша тілінде болуы жоспарланып және ол үшін жұмыстар жүргізілуде...» дегендеріңіз, қай сасқандарыңыз? Біріншіден, ол жай «қазақша» тіл емес, ол Мемлекеттік тіл! Сондықтан, ресми түрде осылай жазуларыңыз керек! Екіншіден, жұмыстар жүргізілуде деп емес, нақты қанша уақытта мемлекеттік тілдің қосылатынын айтыңыздар! Бос сөзден іске көшетін уақыт келді!

«Консультант оператор нақты қойылған сұрақтарға, нақты жауаптарыңызды берулеріңізді сұраймыз!»

Шамасы, бұлар ұйқылы көздерімен не жазып, не қойып отырғандарын білмесе керек. Ендеше, әңгімені басқаша құруға тура келеді....

Үшінші күн өтуде. Жауап жоқ.

*Жасұлан ИСА*
*qazaquni.kz*

# ТІЛ ЖАНАШЫРЛАРЫ РУЗА БЕЙСЕНБАЙТЕГІН ҚОЛДАУ ҮШІН ПАВЛОДАРҒА БАРДЫ

**Белгілі қоғам қайраткерлері мен тіл жанашырлары Мемлекеттік тіл мүддесін қорғап жүрген Руза Бейсенбайтегін қолдау үшін арнайы Павлодар қаласына барды. Оғыз Доған, Сәуле Әбілдаханқызы, Абзал Құспан, Жасұлан Иса, Мұқағали Балқыбай секілді тіл күрескерлері мемлекеттік орган қызметкерлері мен қала тұрғындарының қатысуымен кездесу өткізді.**



Осы орайда Мемлекеттік тіл мүддесін қорғап барған белгілі журналист Сәуле Әбілдаханқызының әлеуметтік желідегі жазбасын оқырман қауымға ұсынуды жөн санадық.

Мемлекеттік маңызы бар Мемлекеттік тілдің мәселесі

Америкада «қара нәсілді болғаны үшін ақ нәсілдіге орын беруге міндетті» деген заңды орындамағаны үшін сотқа тартылған Роза Паркерді ХХ ғасырда әйгілі адвокат Мартин Лютер Кинг жалғыз қорғаған жоқ, оның соңынан бүкіл қара нәсілділер ерді...

Қазақстанда дәл бүгін, ХХІ ғасырда қазақ тілінде қызмет көрсетуді талап еткені үшін әртүрлі сөзге қалған Руза Бейсенбайтегін қолдап, қорғаушы адвокат Абзал Құспан да, Мартин сияқты, жалғыз емес, Руза апай мен Абзал Құспанның артында да Мемлекеттік тіл – Ана тіліміздің барлық қолданушылары мен қорғаушылары тұр!

Руза апай жалғыз емес. Мәселе Руза апайдың жеке мәселесі емес – Мемлекеттік маңызы бар Мемлекеттік тілдің мәселесі... Әрқайсысымыз Руза Бейсенбайтегі сияқты, қазақ болуды өзімізден бастасақ, әрқайсысымыз өз құқығымызды қорғай білсек, сонда ғана 27 жылда тұғырына қона алмаған Мемлекеттік тіліміз өз мәртебелі орнын иеленетін болады.

Сіз тіл жанашырысыз ба?

Ендеше, тіліңіз үшін күресіңіз.

Тіл күрескері Мен ғана емес, Сіз ғана емес, Ол ғана емес – БӘРІМІЗ бола аламыз!

Бір ғана Роза Паркердің әрекетінің арқасында құқығы тапталған бүкіл қара нәсілділер жеңіске жеткен болса, көптеген Рузалардың әркетінің арқасында құқығы өмір бойы тапталып жүрген қазақ деген мемлекет құраушы ұлт, Қазақия деген мемлекет жеңіске жетеді!

# КИНОТЕАТРЛАРДАН ҚАЗАҚ ТІЛІН ТАЛАП ЕТЕЙІК

Еліміздің кинотеатрларында қазақ тіліндегі кино мен анимациялық фильмдерді ыңғайсыз уақытта және тым аз көрсетеді.

Бұл – қазақ тілді көрерменнің, тұтынушы құқығын бұзу. Осыны біле тұра ешқайсымыз не заңға жүгініп, не басшылығына айтып талап етпейміз.

Тәуелсіз, дербес мемлекетте емес, өзгенің елінде тұрып жатқандай күйдеміз. Заң біз жақта, қазақ тілі жағында, тек саұатты талап етіп, жұмыла білсек болғаны.

Кез-келген ұлы жетістік қарапайым ғана істен басталады. Қазақ тіліндегі кино, мультфильмді түске дейін ғана емес, күні бойы, түнде де және жиі көрсетуін талап етейік. Заң бар, тек ол жұмыс істемейді.

Ендеше, жұмыс істеуіне жұмыла кірісейік. Өз елімде киноны қазақша көргім келеді. Сіздер де қолдаңыздар!

**Мәди МАНАТБЕК,**
**facebook парақшасынан**



# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ НАСИХАТТАУ КЕРЕК

**Облыстық газеттің жазуынша, өңірде қазақ тілін меңгеріп қана қоймай, тіпті осы пәннен сабақ беріп жүрген өзге ұлт өкілдері баршылық екен. Шындығында, өз қандастарымыздың біразы ана тілін үйренуге асықпай жүргенде бұл ерекше жағдайдың бірі секілді. Осыған байланысты газет солтүстік өңірде сөйлесетін ортасы көп болмаса да қазақ тілін меңгерген өзге ұлт өкілдерінің талабына қуаныш білдірген. Мақала да соларға арналыпты.**

Газеттің жазуынша, сондай адамның бірі – Римма Афанасьева. Ол Жітікара ауданында дүниеге келген. Өскен ортасында қазақша сөйлейтіндер мүлде болмапты. Орыс мектебінде оқып, бітірген. Яғни, бәрі өз талап-ынтасымен жүзеге асқан.

«Қазақ тілін еркін меңгеруге өзімнің қызығушылығым мен осы пәннен сабақ берген ұстазым себеп болды», – дейді ол. – 1-сыныпты бітірген кезде «Мен қандай пәнді жақсы білемін?» деп ойладым. Сол кезде қазақ тілінен байқауға қатысып, екінші орын алғанмын. Егер жарыста озсам, яғни, әрі қарай тыныса беруге болады деп шештім. Сонда қатты қуанғаным әлі есімде, – дейді қазақ тілі пәнінің мұғалімі Римма Афанасьева».

Римма қазір Федоров ауданындағы Воронеж ауылында орыс мектебінде қазақ тілінен сабақ береді екен. Мақалаға арқау болған тағы бір кейіпкер Дмитрий Ромашенко да қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі екен. Ол Украин отбасында дүниеге келіпті, мектепті орысша оқыған. Өзінің ерік-жігерінің арқасында қазақ тілін меңгеріп шыққан екен. Ол қазақ тілінің насихатталу жағы кем деген пікірде екен.

«Тілді тағы да насихаттау керек. Жақсы кітаптарды көптеп шығарған дұрыс. Әлемдегі ең жақсы кітаптарды қазақ тіліне аударса жақсы болар еді. Сосын оқулықтардың сапасын көтеру қажет, – дейді кейіпкеріміз»...

**28 ноября 2018 г. в Алматы в библиотеке Казахского национального университета им. аль-Фараби состоялось открытие историко-художественной экспозиции «Семь граней Великой степи». Экспозиция «Семь граней Великой степи» является основной частью университетского историко-художественного комплекса «Қазақ Елі», который отражает историю Великой степи с древних времен до современности.**

# «АК ЖОЛ»: ОТКРЫТИЕ КОМПОЗИЦИИ «АЛАШ ОРДА» И ЦЕНТРА «АЛАШТАНУ»


Кадырхан Алмабеков, Батыркан Исаев и профессор Берекет Карибаев

**СКУЛЬПТУРНАЯ КОМПОЗИЦИЯ «АЛАШ ОРДА»**

В торжественной церемонии открытия историко-художественной экспозиции «Семь граней Великой степи» приняли участие видные общественные и государственные деятели, представители акимата города Алматы и СМИ, известные ученые, преподаватели вузов, работники библиотеки КазНУ, а также более 500 студентов из 70 вузов страны.

Демонстрационный зал «Алаш мұраты» является одной частью комплекса «Қазақ Елі». Зал «Алаш мұраты» представляет основные вехи национально-освободительной борьбы за независимость ка-



захского народа в начале XX века.

Усилиями демократической партии Казахстана «Ак жол» в библиотеке КазНУ им. аль-Фараби появилась скульптурная композиция «Алаш Орда». Автором композиции является скульптор Батыркан Исаев. Эту скульптурную группу можно увидеть в демонстрационном зале «Алаш мұраты».

В свое время Батыркан Исаев обратился в Алматинский городской филиал партии «Ак жол» и предложил рассмотреть композицию «Алаш Орда». Когда появилась идея создания зала «Алаш мұраты» и стали подыскивать экспонаты, в «Ак жоле» вспомнили о скульптурной композиции. Активист Алматинского городского филиала партии «Ак жол» Кадырхан Алмабеков нашел автора работы в г. Талгар, вел переговоры с местными властями о передаче экспозиции в библиотеку КазНУ. После организовал людей, доставку в КазНУ и установку данной скульптуры.

Композиция «Алаш Орда» представляет собой 21 фигуру деятелей движения «Алаш Орда» во главе с Алиханом Букейхановым. Фигуры как бы поднимаются по лестнице наверх, на пьедестал.

Благодарственные письма от имени КазНУ и партии «Ак жол» вручены скульптору Батыркану Исаеву и активисту Кадырхану Алмабекову. Медаль «100-летие «Алаш» вручена автору скульптурной группы.

Руководители и члены Алматинского филиала партии «Ак жол» приняли участие в торжественной церемонии открытия историко-художественной экспозиции «Семь граней Великой степи» и комплекса «Қазақ елі». Во время этого торжества организаторы мероприятия выразили большую благодарность активисту партии «Ак жол» Кадырхану Алмабекову.

«Мы знаем, что демократическая партия «Ак жол» является продолжателем идеи независимости партии «Алаш». Она проводит большую работу в этом направлении, и определенную часть работы мы проводим совместными усилиями. Факультет истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби тесно сотрудничает с демократической партией «Ак жол». В прошлом году, например, провели масштабную конференцию, посвященную 100-летию движения «Алаш». Эта конференция состояла из двух частей, и первая часть, посвященная политической деятельности, прошла у нас, на базе нашего университета. Вторую часть мы провели в городе Анкара, в Турции. Вторая часть мероприятия была посвящена творческому наследию алашской интеллигенции. И во время пленарного заседания первой части нашей конференции ректор КазНУ им. аль-Фараби Галимкаир Мутанов озвучил идею создания на базе библиотеки университета зала, посвященного наследию партии «Алаш». И наш второй зал, который мы открыли в рамках композиции «Қазақ елі», – «Алаш мұраты» является итогом той работы, которую мы совместно проводили и проводим с демократической партией Казахстана «Ак жол», – сказала декан факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби Мендыгуль Ногайбаева.

**СЕНСАЦИЯ ГОДА – АЛФАВИТ ХУННУ**

Экспозиция «Семь граней Великой степи» получила название по заголовку программной статьи президента Нурсултана Назарбаева, и экспонаты свидетельствуют о передовых знаниях и технологиях древних жителей Степи. Здесь представлены изображения Кюльтегина, «Көк бөрі», древнетюркской письменности Тоньюкук, «Золотой человек» сарматского периода из Аралтобе и другие копии памятников декоративно-прикладного искусства и археологические находки разных периодов древней истории Казахстана.

«Артефакты, найденные во время научных археологических раскопок ученых КазНУ, показывают высокий уровень степной цивилизации. Например, конская упряжь, относящаяся к кимакскому периоду IX-XI веков, является ярким примером культуры всадничества наших предков. Входные двери сакского периода, найденные среди памятников Шиликты и Жалаулы, украшенные стилизованными золотыми изображениями и многие другие экспонаты», – рассказала Мендыгуль Ногайбаева.

Большой интерес у посетителей вызвал необычный экспонат – уникальный алфавит хунну. Это своего рода сенсация: алфавит хунну впервые показан общественности в Казахстане. Он состоит из 136 букв и воссоздан учеными Китая на основе археологических находок разных лет в Венгрии, Германии, Болгарии, Китае, Норвегии, Монголии и России.



«Как известно, первые века нашей эры древняя история Казахстана, Европы и Азии была наполнена бурными событиями, связанными с кочевыми племенами хуннов, дошедших до нас как эпоха «Великого переселения народов». Однако, как верно отмечено в статье «Семь граней Великой степи», «европоцентристская точка зрения не позволяла увидеть того реального факта, что саки, гунны, прототюркские этнические группы были частью этногенеза нашей нации» и оставили выдающееся культурное и историческое наследие мирового значения», – отметил ученый Гибадат Габбасулы.

Художественная панорама экспозиции «Мәңгілік Ел» отражает исторические образы и современные реалии, в которых казахстанский народ вместе с президентом реализовал многовековую мечту о независимости и суверенитете своей страны.

**ЦЕНТР «АЛАШТАНУ»**

Участие представителей партии «Ак жол» в реализации проекта «Алаш мұраты» в КазНУ органично дополнило ранее открытый центр «Алаштану».

В рамках реализации достигнутых соглашений с руководством КазНУ им. аль-Фараби, на базе факультета истории, археологии и этнологии университета совместно с демократической партией «Ак жол» появился научно-исследовательский центр «Алаштану».

30 апреля 2016 г. состоялось торжественное открытие НИЦ «Алаштану». Знаменательно, что в год 150-летнего юбилея Букейхана в самом крупном вузе страны – КазНУ им. аль-Фараби – состоялось торжественное открытие НИЦ «Алаштану», созданного усилиями КазНУ и ДПК «Ак жол». Мероприятие прошло на факультете истории, этнологии и археологии университета.

В официальной церемонии открытия НИЦ «Алаштану» с торжественным перерезанием голубой ленты приняли участие Талас Омарбеков, профессор, заведующий кафедрой истории Казахстана КазНУ и председатель партии «Ак жол», депутат мажилиса парламента РК Азат Перуашев.

Как сказал Азат Перуашев: «Основная цель центра – пропагандировать наследие деятелей движения «Алаш» среди молодежи, вызвать у нее интерес к наследию «Алаша», развить научный потенциал, воспитать гражданина в духе любви к своей родине, к своей земле» (перевод с казахского – Д.Е.).

У партии «Ак жол», вносящей свою лепту в изучение, пропаганду и распространение наследия «Алаш», теперь есть две опоры, два крыла в этом благородном деле – Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева в Астане и КазНУ в Алматы. В открытии центра «Алаштану» приняли участие депутаты мажилиса парламента РК Берик Дюсембинов, Дания Еспаева, заместитель председателя партии «Ак жол» Казыбек Иса, члены центрального аппарата партии, представители Алматинского городского филиала ДПК «Ак жол», преподаватели КазНУ, ученые, магистранты и студенты.

В рамках открытия Центра состоялся II этап традиционного ежегодного общенационального конкурса «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» («Светлый путь Алаша в XXI веке»), организованного ДПК «Ак жол» и посвящено 150-летию со дня рождения Алихана Букейхана.

Как сказал Азат Перуашев: «Согласно программе нашей партии, мы по мере наших сил и возможностей проводим мероприятия по наследию «Алаша», одним из которых является общенациональный конкурс. Если мы сможем возродить идеи «Алаша», внедрить их в наше сознание и использовать в повседневной жизни, то независимость нашей страны достигнет новых высот» (перевод с казахского – Д.Е.).

Этот конкурс, открытие зала «Алаш мұраты», центра «Алаштану» и другие мероприятия «Ак жола» показывают серьезный потенциал партии по изучению и пропаганде наследия «Алаш». В самом деле, многие современные проблемы государственности, экономики, земли, культуры, языка, традиций имеют корни и объяснения в эпохе «Алаша».

**Дастан ЕЛДЕС**
*d.eldesov@mail.ru*



Инаугурация президента Казахстана



# ДЕНЬ НЕЗАВИСИМОСТИ: КАК ЭТО БЫЛО

**16 декабря 1991 г. была провозглашена независимость Казахстана. Один из свидетелей тех событий рассказывает, как принимали самый важный закон в истории нашей страны.**

Первый шаг к независимости Казахстан сделал еще за год до ее официального провозглашения. 25 октября 1990 г. Верховный Совет Казахской ССР принял Декларацию о государственном суверенитете республики. Это событие завершило «парад суверенитетов», после которого союзные республики стали проводить самостоятельную политику.

Провал попытки государственного переворота, известной как «августовский путч», подтолкнул процесс распада СССР. Следующей важной вехой в истории становления Казахстана стали всенародные выборы президента. Победу на них одержал действующий глава государства Нурсултан Назарбаев. Через 10 дней он вступил в должность. 16 декабря состоялось заседание парламента страны – Верховного Совета РК, на котором приняли конституционный закон «О государственной независимости Республики Казахстан».

О событиях тех дней вспоминает председатель Верховного Совета Казахстана (1991–1993) Серикболсын Абдильдаевич Абдильдин.

### ДАТА НЕЗАВИСИМОСТИ

По воспоминаниям Серикболсына Абдильдаевича, дату принятия закона о независимости никто специально не назначал. Заседание, на котором обсуждался этот вопрос, было запланированным. Символично, что оно совпало с пятилетием «декабрьских событий».

– По графику совместные заседания с участием всех 360 депутатов Верховного Совета проходили дважды в год. В тот период было много дел, связанных с всенародными выборами президента. Мы решили приурочить очередной созыв Верховного Совета к вступлению в должность Нурсултана Назарбаева. 10 декабря, еще до церемонии инаугурации, Верховный Совет постановил переименовать КазССР в Республику Казахстан. На следующий день я внес в повестку заседания проект закона «О государственной независимости Республики Казахстан». В течение трех дней, с 14 по 16 декабря, депутаты принимали отдельные статьи этого закона.



*Фото после принятия закона «О государственной независимости Республики Казахстан»*

### ОБСУЖДЕНИЕ ЗАКОНА

Некоторые статьи закона вызвали бурные обсуждения в парламенте. Наиболее острыми были вопросы о государственном языке, правах человека и статусе отдельных этносов. Законодатели определяли само понятие «гражданин Казахстана».

– Закон о независимости был разработан группой экспертов с учетом норм международного права, включая Всеобщую декларацию прав человека. Множество спорных моментов уже было решено во время принятия Декларации о государственном суверенитете республики. Этот документ значительно облегчил нашу работу в 91 г.

В итоговый вариант закона вошли 18 статей, разделенные на семь глав. Помимо статуса Казахстана как независимого, демократического и правового государства, в них было прописано разделение властей на три ветви (исполнительная, законодательная и судебная), экономические основы государства, статус РК как члена международного права, меры по охране независимости и целостности территории страны. Закон о государственной независимости стал основой для разработки первой конституции Казахстана.

– При обсуждении первых законов страны возникло много спорных моментов. Существовали две точки зрения на дальнейшее экономическое развитие Казахстана. От КазССР нам достались сильное сельское хозяйство, территория с природными богатствами, развитая легкая и пищевая промышленность. Важно было не потерять этот потенциал. Многие выступали за постепенный переход от плановой экономики к рыночной. У нас перед глазами был пример успешных реформ, проведенных в Китае. В итоге победила точка зрения о более быстром, «шоковом» переходе к рынку.

### СУДЬБОНОСНЫЙ ДЕНЬ

Утром 16 декабря 1991 г. Верховный Совет заканчивал обсуждение закона. Серикболсын Абдильдаевич уже догадывался, что этот день войдет в историю.

– Заседание началось в 10 утра. В зале Верховного Совета присутствовал глава государства. Ближе к вечеру я вышел на трибуну и провозгласил, что депутаты приняли конституционный закон. Как председатель Верховного Совета я поставил свою подпись под постановлением о введении его в действие. Затем этот исторический документ подписал Нурсултан Абишевич Назарбаев. Зал ликовал и аплодировал. Несмотря на споры, возникшие в ходе обсуждения закона, все встретили его с большим энтузиазмом.

Председателя Верховного Совета тут же окружила пресса. Казахстанцы узнали о независимости в прямом эфире. Люди по всей стране радовались этому событию. Серикболсын Абдильдаевич вспоминает, что не было пышных торжеств и праздничного банкета. Уже на следующий день депутаты продолжили свою работу, обсуждая следующие шаги молодого государства.

– До 91 г. я работал представителем Казахстана при Совете Министров СССР. По долгу службы приходилось присутствовать на всех заседаниях министров. Уже тогда мне стало понятно, что советская страна вскоре прекратит свое существование, и нам нужно готовиться к независимости. Мы связывали большие надежды с этим событием. Я мечтал, что закон о независимости станет первым шагом на пути к росту гражданского сознания и свободному обществу.

Для Казахстана закон о независимости был лишь началом большого пути. Впереди молодую страну ожидало еще немало перемен: строительство новой экономики, развитие социальной сферы, установление международных отношений с другими государствами, появление национальной валюты и государственных символов, принятие Конституции, перенос столицы, периоды спада и подъема. Однако именно 16 декабря 1991-го стало точкой отсчета настоящего и будущего независимого Казахстана.

**Святослав АНТОНОВ**
*voxpopuli.kz*

# ПАРЯЩИЙ ОРЕЛ – СИМВОЛ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Ежегодно в красивых предгорьях Кокшетау Акмолинской области в честь дня Независимости Республики Казахстан проводится региональный чемпионат мастеров охоты с ловчими птицами «Кансонар», посвященный памяти легендарного беркутчи этих мест Масипа Батырханулы.**

Беркутчи в 30-ые годы прошлого столетия благодаря своему охотничьему промыслу с беркутом спасал от голода свой аул, а в 1941 г. отправив своего сына Беркутбая на фронт, несмотря на преклонный возраст, продолжал свой охотничий промысел с беркутом, добывая ценную пушнину, которую отправляли за рубеж и на полученные средства помогали боеприпасами фронту.

Отдавая дань уважения этой легендарной личности в г. Кокшетау съехались около 20 мастеров охоты с ловчими птицами из разных областей Казахстана, в том числе из Атырауской, Кызылординской, Павлодарской, Карагандинской и др. областей.

В церемонии официального открытия приняли участие и выступили с приветственным словом от Республиканской федерации беркутчи Землевский В. Н. Участникам и гостям чемпионата была презентована книга известного казахстанского писателя Данияра Албозым «Қазақ бүркітшілігінің әліппесі», который также выступил с приветственным словом и преподнес свои книги организаторам и участникам состязания.

На соревнования в Кокшетау приехало немало поклонников национального вида спорта, в том числе и зарубежные гости в лице делегации из Курганской области РФ во главе с руководителем крупной туристской компании – «Санаторно-курортного объединения «Здоровье» Н. Красновой, а также крупные инвесторы-бизнесмены, среди которых Вургун Агаев – Генеральный директор бизнес-компании «Сибирь» и др., намеренные вкладывать свои средства в реализацию актуальных для курортного региона проектов и расширения сотрудничества с Казахстаном.

По итогам соревнований, первое место было присуждено Кунтугану Арманбек из города Астана с беркутом «Акбалак», второе место – Кошкарову Арману из Атырауской области с беркутом «Нарын». И наконец, третье место присудили Кунтугану Серикбек с птицей «Тұйғын» из Целиноградского района Акмолинской области. Вице-президент Федерации «Қыран» Алматинской области Бағдат Мүптекекызы вручила кубок своей федерации молодому беркутчи из Павлодарской области Искакову Бекболату.

Традиционно по итогам чемпионата молодым мастерам охоты с ловчими птицами из Атырауской, Акмолинской областей и г. Астаны были вручены специальные дипломы имени Масипа Батырханулы «За волю к победе». Вручение произвел президент Федерации Акмолинской области Шынарбек Беркутбайулы Батырханов.

*Пресс-служба Управления туризма Акмолинской области*



# Бахтияр АМАНЖОЛ: В 1986 г. ПРОБУДИЛАСЬ ГЕНЕТИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ КАЗАХОВ



**Но в 1986 г., каким-то непостижимым образом, мы все были охвачены этим духом этнического достоинства! Никто такого не ожидал, но он словно вырвался на свободу и дал нам всем силы и веру! Мне посчастливилось подружиться с Бахтияром Аманжол. Казахский композитор и музыкальный теоретик, исполнитель на нескольких европейских и казахских инструментах, профессор алматинской консерватории им. Курмангазы. Оказалось, что Бахтияр был участником декабрьских событий 86 г. Я попросила у него интервью.**
**Это был тяжелый и в тоже время воодушевляющий рассказ, конечно, без слез такое слушать невозможно. Желтоксан был и останется, одним из самых кровавых расправ с казахской молодежью, придет время и имена палачей, предателей своего народа будут озвучены.**

**– Бахтияр, хочется узнать все, что вы там увидели, что с Вами там произошло.**

– У меня есть друг – гениальный архитектор Бек Ибраев. 16 декабря у архитекторов был какой-то конкурс, и Бек показывал одну из своих работ. И тут кто-то из наших говорит, что Кунаева сняли, из Москвы прислали Колбина. Стало так горько, мы возвращались уже без настроения, словно народную душу унизили. А ведь в памяти сидит еще голод 30-х гг., убийства 37 г.

И на следующий день я ехал мимо площади. И вдруг смотрю – площадь ровная, в центре стоит какая-то группа и держит белую простыню что ли. Вокруг них по периметру стоят квадратом люди в штатском и двойное оцепление милиции.

Я вернулся домой и примерно в 4 часа один мой знакомый звонит и сообщает: приходи на площадь, скажи остальным. Я тоже позвонил кому-то и стал собираться. Мама запереживала: «Сыночек, не ходи туда!». Я говорю: «Не, мама, я на работу». А сам думаю, вдруг в тюрьму заберут, одеться надо потеплее, покушать хорошо, неизвестно, когда еще потом покушаю. И пошел сначала в Консерваторию, отметился, как будто я на работе, потом на площадь.

Иду вверх по Байсеитовой, люди стоят спиной ко мне, двойное оцепление, потом вижу, вся площадь забита молодыми людьми. Я вдруг понял – это люди, которые преодолели в себе страх! Они ощутили себя свободными людьми, все такие красивые, счастливые были, и я был невероятно счастлив и мы ходили, смотрели друг другу в глаза, понимая, что мы едины. Вообще Желтоксан занимает одно из центральных мест в моей жизни. Потому что я был свидетелем, как что-то проснулось, какая-то этническая память что-то всколыхнула. Такое счастье было ощущать это, эту волну этнической информации. Поверите, впервые в своей жизни мы поняли, что в космическом плане мы что-то большое, что-то, ради чего стоит жить и умереть даже.

**– Потребность вырваться на свободу?**

– Я думаю, что это потребность просто почувствовать себя человеком, это как крылья расправляются. И ты осознаешь свою человеческую значимость, уровень, на что ты способен, ради чего тебя из Космоса сюда прислали, ну не ради того же, чтобы просто целую жизнь пахать, чтобы просто про-



кормиться, унижаться ради того, чтобы еще кусочек получить.

Тогда я уже стал замечать, что начались какие-то провокации. Солдаты из оцепления время от времени кого-то выхватывали из толпы, а за ними машины я видел, и ребят увозили, куда – неизвестно. Один мой друг, мы вместе работали тогда, он пришел туда, потому что из Консерватории преподавателей посылали забирать наших студентов с площади. Он увидел страшную картину, одного парня выхватили, взяли за конечности, повернули вниз лицом, растянули и бросили, он упал и больше не шевелился. Позже мы узнали, что есть такой изощренный способ убийства, когда берут за все конечности и растягивают, внутри человека что-то рвется и он погибает мгновенно. Им могли владеть только специально обученные люди, профессиональные убийцы. Но ведь чтобы убивать, надо было иметь и полномочия на такое. Это сделали на глазах у многих, провоцировали толпу на возмущение.

Появились солдаты с противогазами, пустили газ, но он поднялся вверх, видимо, от мороза и травить людей не получилось.

Потом я ушел домой и снова вернулся, где-то к 7. Подхожу к площади и вижу два черных столба дыма, поднимающихся вверх. Оказывается, они стали наших студентов поливать из пожарных машин – это тоже такой жестокий подход, мороз стоял сильный. И кто-то прямо в бензобак кинул огонь, и они сразу загорелись.

В 7 часов уже другая атмосфера. Все стали серьезнее, то тут, то там кто-то настраивал студентов, что уходить нельзя, поддаваться на провокации и угрозы не надо. Нужно продержаться три дня и тогда вмешается ООН, такие вот наивные были иллюзии.

Еще один эпизод запомнился такой. У меня была знакомая, дар у нее ясновидения. Мы с Беком Ибраевым в тот вечер пришли к этой женщине и спросили, что это такое сейчас происходит, чем закончится это время. И она сказала нам, что первый период будет очень тяжело, прямо удавиться как темно, второй период будет надежда и третий победа.

Мы с Беком возвращались от нее где-то в час ночи и снова решили на площадь пойти, через Абая по Мира поднимаемся и смотрим, девчонки и мальчишки бегут навстречу. Мы спрашиваем: «Что происходит»? Они кричат, что солдаты нападают, избивают всех. Мы повернули обратно, стали переходить дорогу на перекрестке. Я обернулся назад, смотрю, за нами цепь солдат бежит, молча так, в темноте. Смотрю по сторонам наверх и вижу там повсюду люди лежат. У них дубинки такие жесткие были, достаточно одного удара, чтобы человека убить.

И передо мной какой-то парень стоит, один на него замахнулся, и он поставил блок рукой и у него шапка упала, и тот его за волосы схватил, тут второй подбегает и бьет дубинкой снова в висок, наверное, убил его. А я инстинктивно, не думая ни о чем, кинулся ему помочь, но Бек он такой хладнокровный, сообразил, что не имеет никакого смысла. Он схватил меня и дернул со всей силы, и мы побежали вниз, рядом тоже бегут люди, нам удалось уйти.

Я добрался домой, рухнул спать и провалился, словно в черноту. Вдруг из черноты звонок, у нас в союзе композиторов был такой дядя Саин, он мне сказал, что вся творческая молодежь собирается в 6 утра в высшей партийной школе на Абая Ленина: «Айналайн, Бахтияр, приходи». Я с надеждой пошел туда. А там стоит какой-то партийный работник, русский мужик и зачитывает нам обращение Горбачева, который возмущен националистическим беспределом в Казахстане, и нам следует своими руками разобраться с этим в течение 3 дней. А кто не будет участвовать, к тому будут применены самые строгие меры. Вы здесь будете находиться, вам будут привозить еду. Показывать фильмы и время от времени вывозить на какие-то горячие точки.

Вот представьте, после того, что я там пережил и видел, мне какая-то тварь из Москвы будет указывать, что я буду делать! Я был так оскорблен! Нам предлагали стать народными дружинниками. Таким же образом на АЗТМ поступили, их вооружили арматурой, и эти русские мужики пошли! Ходили слухи, что по городу вылавливали казахскую молодежь и вывозили непонятно куда.

Я после этого подошел к нашим парням – предложил всем уходить. Тут дядя Саин мне говорит: «Ох, ты агитируешь здесь, знай, у тебя будут неприятности теперь». Я говорю: «Хорошо, раз так, каждый сам за себя отвечает, но я здесь не останусь». Хорошо, что ворота оставались открытыми, я ушел, смотрю впереди двое знакомых, оказывается, наши композиторы тоже ушли. Я так обрадовался, что мы не последние скоты, но некоторые остались. Ну как после этого можно себя нормальным человеком чувствовать, что тебя так грязно использовали, у меня, конечно, не укладывалось в голове.



Прихожу в Консерваторию, а там уже как муравейник, люди какие-то ходят. Вообще какой-то душевный холод уже, повсюду такая гнетущая тьма была. Мне навстречу ректор наш, Газиза Ахметовна Жубанова, с ней проректор русский и еще какой-то русский мужик, я так понял, что он курировал нас. Мы идем навстречу, медленно останавливаемся и я почему-то не отрываясь смотрю на этого русского мужика, а он на меня. И тут Газиза Ахметовна: «А это наш молодой композитор, он всю ночь дежурил в общежитии, поэтому вид у него такой не выспавшийся...» Она меня спасла в тот момент.

В этот день я снова пошел туда, понял, что у меня есть оговорка, якобы я студентов ищу. Но, конечно, я пошел туда не за этим. Мне было важно видеть, что там происходит. Смотрю, снова вся площадь оцеплена, ночью всех оттуда выгнали. Тут они снова начали людей хватать, и один солдат, там две девчонки около площади стояли, он их схватил. Я подбежал и стал их отдирать. А там сколько было, может тоже поливали, прямо каток. Я одну отодрал от него и вторую отодрал и как развернул и толкнул ее, и она укатилась вниз, они убежали потом. Сам тоже развернулся около него и упал. А в этот раз я то понял, что бьют, и одел малахай свой, мех там был, он меня спас. Он меня стукнул по спине своей дубинкой, я бежал от него на полусогнутых, не успевая распрямиться, почти в горизонтальном положении, но смог убежать. Это было такое счастье, как будто я океан почувствовал, что я участвую в этом океане, причастен к этой громадной волне, которая идет из тысячелетий этнического сознания!

Эти дни прошли, у нас в Консерватории террор начался, ректора сменили. А я сам в то время на очень интеллектуальной кафедре работал – «Полифония и анализ», там в основном русские и евреи, я один стал с ними спорить. Конечно, заведующий кафедрой пошел на меня жаловаться новому ректору и меня перевели на другую кафедру, где работали одни казахи. Прошли собрания всякие, нас бесконечно ругали, расследования всякие, кто что делал и пр.

И знаете, я понял, что генетическая память кочевников в час Х пробудится, и не надо переживать, что наш народ зомбирован и пр. Советская власть дольше гнобила и подавляла казахов, но в 1986 г. каким-то непостижимым образом мы все были охвачены этим духом этнического достоинства! Никто такого не ожидал, но он словно вырвался на свободу и дал нам всем силы и веру! Сейчас, главное, сберечь себя, не превратиться в нацию рабов, палачей, предателей, наш час еще придет.

**Жанара ДАРХАН**

*yvision.kz*

# КАК ВЫДАВАТЬ ЖЕЛАЕМОЕ ЗА ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТЬ УЧИТЕСЬ У «CENTRAL ASIA MONITOR»



**Взяться нас за ручку заставила статья в газете «Central Asia Monitor» от 07.12.2018 под названием «Казахскому национализму уже становится тесно в «Фейсбуке»?» Газета безапелляционно заявляет: «Фейсбук» в Казахстане превратился в зону конфликтов. Даже малейший повод способен вызвать жесткие разногласия. Что уж говорить о таких больных темах, как переименование Парка 28 гвардейцев-панфиловцев, которая была «топовой» в Сети всю прошлую неделю? Доходит до того, что некоторые активисты едут в другие города, чтобы «бить морду» своим оппонентам... Неужели мы переступили ту черту, когда национализм еще считался цивилизованным? И что вообще происходит с казахским обществом? Почему самые острые противоречия возникают именно внутри самого казахского социума?»**

Газета верна себе – она выдает желаемое за действительность, ей плохо удается это свое желание замаскировать, выдать его за истинное стремление понять происходящее вокруг. Впрочем, она занимается этим уже давно под видом дискуссии «Казахский национализм как политическое движение» – ей везде мерещатся националисты. Поэтому она вела эту дискуссию, выставляя казахский национализм пугалом. Чтобы удостовериться в этом, достаточно посмотреть на названия статей: «Острые углы казахского национализма», «Двуличный национализм», «Ресурсный национализм», «Держитесь подальше от «ора-патриотов», «Казахские и русские националисты: враги или союзники?», «Казахский национализм – это взгляд на строительство нации», «Анатомия казахского национализма» и т.д. Для «САМ» в национализме нет ничего хорошего, одни только минусы. Даже ресурсный национализм определяется как «потенциальный источник дестабилизации как политических, так и межэтнических отношений».



А вообще, что такое национализм и кто как его понимает? Чтобы разобраться в этом вопросе, исходя из принципа «бөдене сойса да, қасап сойсын» (букв. если надо резать перепелку, то пусть режет мясник), представим слово Рустему Кадыржанову, главному научному сотруднику Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК. Вот что написал он в своей статье «Сила в языке» в «Central Asia Monitor» (27.09.2013): «С одной стороны, национализм ассоциируется с милитаризмом, войной, иррационализмом, шовинизмом, нетерпимостью, насильственной ассимиляцией, авторитаризмом, ксенофобией, этноцентризмом, этническими чистками и даже геноцидом. По этой причине национализм был охарактеризован как «полнейший политический позор двадцатого столетия». С другой стороны, в массовом сознании западных обществ национализм связан с демократией, самоопределением, политической легитимностью, социальной интеграцией, солидарностью, достоинством, идентичностью, культурным выживанием, гражданством, патриотизмом, освободительной борьбой против чужеземного правления».

А «в Казахстане национализм, – продолжает автор, – как и в советское время, оценивается в массовом сознании крайне негативно. Из своего советского прошлого мы хорошо помним, что определение «националист» звучало как пугало, клеймо и даже приговор. Поэтому слова «национализм», как и раньше, чураются и избегают... Сегодня многие активисты казахского национального движения (национал-патриоты) именуют себя националистами, не испытывая при этом никаких комплексов, ставя национализм в один ряд с патриотизмом, любовью к народу и родине».

Правильно! Политолог Расул Жумалы в статье «Казахскому национализму уже становится тесно в «Фейсбуке»?», отвечая на вопросы, тоже отметил, что «национализм – это любовь к своей стране, преданность своему народу, патриотизм, знание языка, истории, культуры».

А вот что далее говорит Р.Кадыржанов: «Русские националисты требуют, чтобы в Казахстане было два государственных языка, но их казахские оппоненты, как, впрочем, и власть, возражают: государственный язык должен быть один, и это должен быть язык титульной нации.

Проблема, однако, в том, что далеко не все казахи говорят на родном языке. Это очень сильно препятствует становлению казахского языка как государственного: ведь если сами казахи не говорят на своем языке, то зачем русским и представителям других национальностей говорить на нем? Национализм нужно усиливать! Но как этого добиться? Рецепт есть, и он довольно простой: нужно укреплять национальную идентичность».

До этого места было все правильно, особенно, что касается национальной идентичности. Но автор из своего анализа вывод делает совершенно неправильный: «Это означает, что нужно распространять среди своих соплеменников комплекс врага по принципу «мы – они».

Вот так, не больше и не меньше! Оказывается, это я, Өмірзақ Ақжігіт, считающий себя националистом или национал-патриотом, тоже распространяю среди своих соплеменников комплекс врага? Вот уж никак не думал, что занимаюсь таким отвратительным своему сердцу делом.

Затем Р.Кадыржанов передает позицию националистов, которых призывает держать «в рамках, неопасных для общества»: «Они» представляют угрозу для «нас». «Они» навязали нам свой язык и свою культуру и хотят, чтобы мы забыли свой язык и культуру, стали манкуртами. Мы должны сплотиться, говорить на своем языке и развивать свою культуру. Каждый казах обязан говорить на казах¬ском языке. Только в этом случае мы станем сильной нацией, будем хозяевами на своей земле и заставим других говорить на нашем языке. Все, кто живет в Казахстане, будут называться казахами!»

Что здесь так не нравится господину Р.Кадыржанову и кадыржановым? Что же мы предлагаем такое из ряда вон выходящее из рамки всего цивилизованного? Что «каждый казах обязан говорить на казах¬ском языке»? А ведь в принципе не только каждый казах, каждый гражданин Казахстана обязан говорить на казахском языке. Это мы из-за уважения к представителям разных диаспор приняли такой мягкий, половинчатый закон о языке. А во всем остальном цивилизованном мире, начиная с той же России, государственный язык один. В Конституции Франции написано всего три слова: «Язык республики – французский». Кто им не пользуются, тех штрафуют. Те, кто в Европе живет, называются французами, немцами, итальянцами и т.д. Хотя там живут миллионы турок, миллионы арабов и др. Пришлось бы кадыржановым стать гражданами этих стран, они пикнуть не смели бы «обязан ли я знать государственный?»

Кадыржанов также отметил на страницах «САМ» (в другое время): «Оценивая казахский национализм с позиции демократичности, я бы сказал, что местами он демократичен, но местами недемократичен. Он недемократичен, когда утверждает: «В Казахстане есть только одна нация – казахи, все же остальные являются диаспорами». Здесь предполагается, что статус нации выше статуса диаспоры. В этом случае получается социальная иерархия с казахами наверху и всеми остальными внизу».

В тех же, с точки зрения наших политологов «многонациональных» странах Европы, человек, утверждающий о недемократичности их национализма из-за вопроса диаспоры, тут же стал бы посмешищем.



Политолог Расул Жумалы ответил на вышеприведенные вопросы очень четко и аргументированно, указав на одну из причин происходящего: «У нас действительно складывается нездоровая обстановка по причине раскола общества на два лагеря. Это хорошо видно по работе казахскоязычных и русскоязычных СМИ, у которых абсолютно разные темы, подходы и приоритеты... Национализм – это любовь к своей стране, преданность своему народу, патриотизм, знание языка, истории, культуры. Националисты Казахстана, во всяком случае, те, которых я знаю, никогда не ставили вопрос в такой плоскости: мол, «казахи выше, остальные ниже» или «казахи должны остаться, а остальные уехать». Они борются за то, чтобы уважали казахский язык, чтобы возрождалась история, культура казахов. Другое дело, что в Казахстане народ толерантен и пытается не доводить дело до крайностей. Злоупотреблять этим тоже не есть правильно». Конечно, правильней было бы сказать «казахский народ толерантен», но профессия берет свое...



А вот для блогера Сержана Аманова «хороший националист», видимо, только «мертвый националист». Вот что он заявил: «Нельзя быть националистом в хорошем смысле. Я давно для себя называю это нацизмом ... Никто из так называемых национал-патриотов не может внятно объяснить, что российская политика сделала плохого конкретному блогеру и в целом нашей стране? Лично я не могу найти ничего, кроме того, что она вышвырнула Казахстан из империи, раньше нас приняв декларацию о независимости». Надо же, «ничего плохого» не знает! Казахи в таких случаях говорят: «Көрмес түйені де көрмес...»

«Обидно за слово «патриотизм», но все мы помним Национал-социалистическую немецкую рабочую партию, которая тоже на начальных этапах не жгла в печах евреев и представителей других «низших рас», но при этом на страницах газет и в умах мирных бюргеров разжигала ростки ярости, обвиняя евреев во всех своих бедах. Увы, то, что происходит сегодня в Казахстане, уже даже не тенденция или тренд – это уже политика широкого слоя общества. Тут не только высказывания или абсурдные действия неадекватных людей – тут политические убеждения большого количества весьма грамотных людей, занимающихся политикой».

Чтобы так заявить, человек должен быть абсолютно лишен какого-либо знания о менталитете казахов. К тому же он сравнивает несравнимые эпохи, что указывает на то, что человек берется не за свое дело.

Всех противников национал-патриотов, русских и обрусевших казахов, объединяют одно – яростное стремление любой ценой сохранить статус-кво, чтобы ничего не изменилось, чтобы русский язык так и оставался на деле настоящим государственным делом, а казахский – на бумаге. Они готовы пожертвовать чаяниями, мечтой и целью целого народа всего лишь ради своего комфортабельного привычного положения, привычного русского языка.

И еще. Как известно, «у страха – глаза велики». Говорят, Джеймс Форрестол, бывший министр обороны США, как будто выбросился из окна своего кабинета с воплем: «Русские идут!»

Молю Бога, чтобы С.Аманов жил в квартире не выше 1 этажа дома.

**Өмірзақ АҚЖІГІТ**

# ЕРТЕГІ жанрының шебері



Біз осы тұста ұлттық құндылықтарымыз бен ұлттық дүниетанымыздан ажырап, қазақы қалпымыздан айрылып бара жатқан жоқпыз ба деген сауал санаға сызат, көңілге кірбің, жүрекке мұң ұялатады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұлтқа арналған маңызды құжаты, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс... Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек», – деп тереңнен түйін жасайды. Ендеше, ұлттың дамып, «Мәңгілік ел» қатарына қосылу үшін бірінші кезекте ұлттық кодыңды сақтай отырып, жаһандану дәуіріне өзіндік ұлттық ерекшелігімен еніп, әлем мойындар бәсекеге қабілетті озық елдердің қатарына қосылу – баршамыздың бүгінгі басты мақсатымыз. Халық ретінде әлемнің тарихи сахнасынан жоғалып кетпеу үшін барымызды салып, Алаш арыстарындай еліміз бен ұлтарақтай жерімізді қорғап, әдебиетіміз бен тарихымызды тереңнен таразылап, ұлттық салт-дәстүрлерімізді жадымызда жаңғыртып, өскелең ұрпаққа аманат ретінде аман-есен жеткізсек, елдік мұраттың бір тармағының орындалғаны деп білер едік. Ұлтымыздың басты діңгегі, еліміздің жарқын болашағы – балалар екендігі даусыз. Балалардың ұлттық санасын қалыптастырып, дүниетаным көкжиегін дамыту бағытында балалар әдебиетінің маңызы ерекше.

**Халқымыздың біртуар мақтанышы, халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы: «Ертегі айтатын адам қалмай ма деп қорқамын», – деп келешектің қамын кемелінен ойлап, бақытты елдің ертеңін көрегенділікпен бағдарлап, ел болашағына ерекше елеңдеген екен. Жаһандану дәуіріне бетбұрыс жасаған бүгінгі кезеңде осы салмағы басым сырлы сөздің ақиқаты тым тереңде жатыр. Ақиқатында, қазір ертегіші ата-әжелерді электронды дүниелер, дискілер алмастырды. Жаңа замандағы қазіргі қазақ баласы тұлғалы Толағайға емес құбыжық Шрэкке тамсанады, Күн астындағы Күнекейге емес тілазар Машаға еліктеп, соның теріс қылықтары мен шолжаңдығын айна-қатесіз қайталайтын халге жетті. Көлтауысарды білмесе де Спайдермэнмен жақсы таныс, Ер Төстіктің ерлігіне емес Ниндзя тасбақаға ұқсағысы келіп, солардың ерсі қылықтарын бойына сіңіруде.**

Қаламгер Тоқтарәлі Таңжарық: «Балалар әдебиеті – күрделі жанр. Бұрынғы аға буынның дені балаларға арнап жазған дүниелерін өзінің шығармашылық тұғырына арқау еткен. Әлі де сол жолдан таймай келе жатқан қаламгерлер баршылық. Меніңше, заманмен бірге әдебиетте, оған қойылатын талап та өзгеруі керек. Неге? Осы күнгі балалар әдебиетін оқысаңыз, сонау өткен ғасырдың 70 жылдарындағы қалыптасқан сарын өзгермей келеді. Әлі сол «Бір дегенім – білеу, екі дегенім – егеу...» деген сыңайда, «ауылға бардым, атам ертек айтты, апам ұршық иірді» дейтін тым бірсарынды кейіптен өзгерер емес. Неге балалар әдебиеті жаңалыққа ұмтылмауы керек? Телеарналарда балаларға арналған нешетүрлі мультфильмдер бар. Оқиғасы шым-шытырық, қызықты, қызғылықты. Оны үш жасынан бастап көрген бала сіздің байырғы тақпақтарыңызға қызықпасы анық. Сондықтан, балаларға бүгінгі күнге сай шығарма жазуға тиіспіз» деп бүгінгі замана тұрғысынан әділ бағасын береді.

Шынында да, балалар әдебиеті – күрделі жанр, балалар әдебиетін ұлтқа жаны ашитын, балаларды жақсы көретін адамдар жасайды, сондықтан, жаңа заманның, тәуелсіздік дәуірінің, «Мәңгілік елдің» өскелең ұрпағына бүгінгі күнге сай шығарма жазуға тиістіміз.

Қазақ қыздарының ішінде балаларға арнап ертегі жазатындар жазушылар өте сирек. Осындай балалар жан дүниесінің ғажайып әлеміне үңіліп, бала қиялын жетілдіріп, тағылымдық мәні зор туындылар тудырған қызығы мен қиындығы мол ой еңбегін қатар алып жүрген қаламгер, республикалық «Айгөлек» балалар журналында қызмет еткен, «Қоңыр қоңжық», «Туған топырақ» атты кітаптардың авторы, «Алтын қалам» әдеби бәйгесінің жүлдегері Жүсіп Әдина Әбдібайқызы.

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қамбаш ауылында туып-өсіп, бала кезінен жазуға жаны жақын болған Әдинаның журналистика факультетіне оқуға түсуіне әкесі себепкер болды. «Әке, менен журналист шықпайды», – дегенде «Тоқсан тоғыз пайыз еңбек, бір пайыз талант болса болды. Мен сені білем. Жаза аласың!», – деді рух берген қамқор әрі көреген әкенің парасатты ойы мен бағдары болашақ жазушыны алып айдынға, әдебиет әлеміне қарай қанат қақтырды.

Қаламгер Ә.Жүсіп өзінің өмір өрнектері жайында әрі алғашқы ертегі жазу ісіне қалай келгендігі жөнінде былайша тарқатады: «Оқуды бітірген соң Алматыға келіп саяси журнал «Азатта» жұмысымды жалғастырдым. Осы уақытта «Үшқиян» баспасының директоры Махмуд Қосмамбетовпен таныстым. Баспаның жанынан «Ертегілер елінде» журналы шығып тұрады екен. Махмуд ағайдың ақыл-кеңесімен журналға ертегі жаза бастадым. Сөйтіп, өмірде өз орнымды таптым. Қазір де баулыса көптеген қалам ұстаған жастар балалар тақырыбына жаза алады. Жазып жүргендері де бар. Тек насихаты кемшін болмаса...».

Балалардың ой әлеміне саяхат жасап, өнегелі ертегі жазу қиынның қиыны, әрі ертегі жазу асқан кәсіби шеберлік пен жүйелілікті, қысқа әрі нұсқа жазуды талап етеді. Оның үстіне баланың дүниетанымына сәйкес түсінікті, тілі жатық, ойы жинақы болуы тиіс. Осы үдеден шыға білгенде ғана кішкентай оқырманның нәзік жүрегіне жол табады. Балалар әлемі ізгілікке құштар, ойы тұнық, өмірдің тек сәулелі жақтарын көріп, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренетін, тез әсерленетін, боямасыз болмыс, қардай таза қалып. Әдина Әбдібайқызы ертегі жазу барысында төмендегідей жайттарға назар аударады: «Ең бірінші, ертегім арқылы баланың жанын мейірімді етсем деймін. Ертегінің жағымсыз кейіпкерлері арқылы жаман іс-әрекет, өтірік, ұрлықтың түбі – жамандыққа, мейірімділік, қамқорлық, шындық – жақсылыққа, жетістікке жеткізетінін жазып келемін. Қысқа жазамын. Қарапайым ауызекі тілді сақтаймын. Ертегі жазудың да басты талабы сол ғой. Ертегілерімнің дені 3-4 сыныптың оқушыларына арналады. Ал мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ертегілерім өте аз. Оларға арнап жаза алмай жүрмін».

«Қарақошқар» ертегісінде жас оқырмандарына ерекше ой салып, мақтаншақтық пен астамшылдықтан, тәкаппарлық пен санасыздықтан жирендіріп, қошқардың жағымсыз әрекетінен ой түюге шақырады.

Тілі қызықты, баланың қабылдауына жеңіл, езу тартқыза отырып, бір ойдан кейін жүйелі түрде екінші ой жалғасын тауып отырады. Қаламгердің ертегілерінің дені – мысал ертегілер. Ертегідегі негізгі кейіпкерлер жан-жануарлар, аңдар мен құстар, қарапайым еңбек және өнер адамдары, тақырыбы жағынан да сан алуан: адамгершілік, мейірімділік, ақылдылық, әдептілік, білім, адал достық, еңбекке баулу, кейіпкерлері арқылы адам болмысындағы ұнамды және жағымсыз қасиеттерді көрсету нәтижесінде жас оқырмандарға ізгіліктен сусындатып, зұлымдық пен жамандықтан жиренуге насихаттайды.

«Күріш пен күрмек» ертегісінде өзгеге ұшан-теңіз пайдасы тиетін мейірімді, адал, ақ ниетті күріш пен тәкаппар, өзімшіл, мақтаншақ, ашуланшақ, реңжігіш сонысына қарамай қорқақ күрмектің өзара қарым-қатынасы арқылы қоғамдағы кездесетін кейбір адамдардың бойындағы жағымды-жағымсыз қасиеттерін айшықтайды.

«Етікші» ертегісінің негізгі идеясы арқылы баланың жан әлемін мейірімділік пен өзгелерге қолғабыс етуге, жанашырлыққа, жұртқа жақсылық жасауды әдетке айналдыруды үлгі-өнеге етеді. «Етік жөндейтін кішкентай ғана лашығының есігін ашқанда есік алдында жатқан тілдей қағазды көреді. «Мынау жеміс ағаштары тегін еңбегіңнің қайтарымы болсын» деп жазылыпты. Етікші бұл ағаштар өткендегі кісінің сыйы екенін түсіне қояды. Сол күннен бастап етікші артық табыс тапса, жұртқа тегін етік жөндеп, жақсылық жасауды әдетке айналдырады» деп тәлім-тәрбиенің қайнар бұлағынан нәр алуға шақырады.

«Ұстаз бен шәкірт» ертегісінде жас өрендерге өнердің маңыздылығын түсіндіре келе, ертегінің ең соңында санаға сәуле себетін салиқалы, өнегелі ой тұжырымдайды: «Жақсы адам болам деген жеткіншектің бәріне қатысты нәрсе. Сен халық алдында жүресің. Ол сенің ең бірінші сыншың, ақылшың, қолдаушың. Ал халық алдына шыққан әншіден жақсылық, ізеттілік, инабаттылықты көріп барып талантын таниды. Сен осы жолда аз да болса сабақ алдың. Енді сені әншілікке баулу қиын емес. Ол сенің өзіңде тұнып тұр. Сен мені түсіндің деп ойлаймын». Балалар қоршаған ортасын қалай көрсе, сол тұрғыда қабылдайды, ертегі кейіпкерлеріне еліктейді. Қиялына ерік беріп, сол бейнені санада суреттегідей сызып, көз алдарына елестетеді.

Жазушы Ә.Әбдібайқызы осы тұрғыдағы өмірлік асыл мұратын тамаша тұжырымдайды: «Бала – көңілі ақ, пәк, мүлдем таза ғой. Оларды сендіру де, олардың ынтасын тудыру да – біздің, үлкендердің міндеті. Үйде – ата-ананың, бақшада – тәрбиешінің, мектепте – мұғалімнің міндеті. Осылардың барлығы өз міндетін дұрыс атқарса, бала сенеді, ертегіге деген ықыласы артады деп ойлаймын».

«Сенім» ертегісінде баланың бойында батылдық пен сенімділік секілді құндылықтарды қалыптастыру мақсатында кішкентай оқырманға серпін беріп, болашаққа үкілі үмітпен қарап, табанды әрі ержүрек болуға үндейді: «Кіп-кішкентай, жұдырықтай жүрек оған бір кереметті ашқан еді. Ол кереметінің аты-сенім болатын. Сенім бар жерде жүрек бар екен. Сенім бар жерде тәуекел де бірге жүреді екен. Міне, бала емшіні алып келуі арқылы осындай керемет құндылықтарға ие болды. Сенім мен тәуекелдің алмайтын асуы, құтылмайтын аюы жоқ екен».

Осы орайда Мұхтар Әуезовтің «Сын – шын болсын, шын сын болсын» деп айтқан ғибратты сөзі еріксіз еске түседі. Алайда, адам біреуді сыбап алам десе сылтау, сынаймын десе сынық табылады екен-ау деген ойдан аулақ болған жөн. Әдинаның кейбір ертегілерінде диалект, кірме сөздер де кездеседі. «Достықтың қадірі» ертегісінде «дәу столды қойып, рахаттанып самаурынмен шәй ішті» деген жолдардағы дәу – үлкен деген мағынада қолданылған диалект сөз болса, «стол» сөзі орыс тілінен енген кірме сөз екендігі баршаға мәлім, аталмыш сөзді әдеби нормада «үстел» деп қолданатынымыз түсінікті. «Қара қошқар» ертегісіндегі «Дәу қошқар, семіз қошқар, қойларға күн бермеген қошқар, қолапандай мүйізді қошқар шалт бұрылып қораға қарай тұра қашты» деп «дәу» сөзін тілдік қолданыста жиірек қолданатыны байқалады. «Күріш пен күрмек» ертегісінде ауызекі сөйлеу стилінде қолданылатын сөздер де бой көрсетіп қалады. Мәселен, «Сендердің бар көздегендерің осы қазанға түсу ма?! – деп айқайлады» сұраулы сөйлемін қазақ тіл білімінің заңдылықтары мен әдеби нормаға сай «түсу ме?» деп қолданса, әлдеқайда ұтымды болар еді. Қалай болған күнде де бұл сипаттар Әдинаның асқарын аласартпайды, биігін түсірмейді.

Жалпы ертегіші Әдина Жүсіптің барлық ертегілерінде ұлттық тәрбие мен бала тұлғасын қалыптастырудағы ұлттық құндылықтар, адамгершілік, имангершілік қасиеттер көркем көрініс табады. Оқып отырған баланың қиялын өсіріп, кейде езу тартқызып, кейде терең ойдың теңізіне батырып, ерекше ықпал етеді. Көркемдік қуаты да, мағыналық жағынан және танымдық-тағылымдық, биік эстетикалық талаптар тұрғысынан да сәйкес келеді әрі қазіргі таңда үлкен сұранысқа ие.

Ертегі жанрын серік еткен қаламгер Ә.Жүсіп ертегі жазудағы тағы бір сырын көпшілікпен бөліседі: «Ертегілерімді ең бірінші жолдасым Берікбай мен қызым Ғаламнұрға оқып беремін. Олар жақсы екен десе, араласатын құрбым Мира Сембай деген ертегіші қызға жіберемін. Ол артық-кемін айтып, өз бағасын береді. Махмұд ағай кейбір өзіне ұнаған ертегілеріме лайықты бағасын беріп отырады».

Қаламгер Әдина Әбдібайқызы балаларға арнап жазатын авторлардың аз емес екенін, алайда, олардың шығармалары жарыққа шықпай жүргенін тілге тиек етеді. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларының арасында ертегі жазатын балалардың баршылық екенін, олардың кейбірінің жазғандарына тіпті таң қалатынын да жасырмайды.

Сөз соңында Әдина Жүсіптің өнер жолына шығармашылық шеберлік пен толағай табыстар, жемісті жетістіктер тілейміз! Әрқашан осындай тағылымды дүниелерімен бүгінгі жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын, сөздік қорын байытып, құнды қасиеттер мен ізгілік әлеміне тәрбиелеуде өлшеусіз үлесін қосып, қазақ руханиятының дамуында зор еңбегімен көріне берсін демекпін!

**Д.МҰХАМЕДИЕВ**
**филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**




Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

***Қала әкімі мен оның кішкентай баласының әңгімесі.***
***– Әке, сіз төрт мезгілдің қайсысын ерекше жақсы көресіз?***
***– Балам, маған қыстан басқасының бәрі ұнайды. Жаз да, күз де, көктем де жақсы. Қыс қана жаман.***
***– Неге? Қыс деген тамаша ғой. Сырғанап ойнайсың, аққала жасайсың, қар атқылайсың.***
***– Балам, қысты неге жек көретінімді кейін әкім болғанында көшелерді қар басып, үйлердің суы қатып жатқанда түсінесің...***

***

***– Шенеунік пен гастрабайтердің ұқсастығы неде?***
***– Шенеунік сыртқа ақша, ал гастрабайтер ішке ақша тасиды!***

***

***– Әке, айтшы, ертегілердің бәрі «Ерте, ерте, ертеде...» деп басталама?***
***– Жоқ, балам. Ең қызық ертегілер «Егер сайлауда маған дауыс берсеңдер...» деп басталады.***

***

***Баласы әкесінен сұрайды:***
***– Әке, мына теңіздің суын өлшесе, қанша шелек су шығуы мүмкін?***
***– Балам, ол шелегіңнің үлкендігіне байланысты ғой.***

***

***Жол полициясы қызметкері мен баласының әңгімесі:***
***– Әке, мен де өскенде сен секілді Жол полициясының инспекторы болғым келеді. Ол үшін қай сабақты жақсы оқуым керек?***
***– Сен математиканы дұрыс меңгерсең болды. Онда да алуды, қосуды, көбейтуді жақсы меңгеруге тиіссің.***

№46-47 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы



# НОУТБУКТЕ ЖҰМЫС ІСТЕГЕНДЕ АРҚА АУЫРМАС ҮШІН...

**Кей адамдар үшін ноутбукпен жұмыс жасаған ыңғайлы. Жұмысы өнімді болуы мүмкін. Бірақ ноутбук алдында дұрыс отырмау – арқа, мойын мен иыққа салмақ түсіреді. Салмақ түсіріп қана қоймай, дертке де шалдықтырады.**

Ноутбук немесе нетбук кез келген жерде алып жүріп, ісіңді тындыруға болады. Бұл жағынан таптырмас құрал. Ал үйде ұзақ уақыт пайдаланатын болсаңыз, онда ескере жүрер ережелер барын ұмытпаңыз.

Егер ноутбук алдында ұзақ уақыт бойы бүкірейіп, бір қалыппен отыратын болсаңыз арқа бұлшықеттеріне салмақ түседі. Қан айналымы баяулайды. Кейде дене ісінуі де мүмкін. Арқа бұлшықетіңізге зиянын тигізеді. Неліктен бұлай десеңіз: өйткені бүкірейіп отырғанда бұлшықеттер жұлыннан омыртқаға өтетін жүйке жүйесін қысады, ауыртып, сезімталдылықты жояды. Егер мойын омыртқадағы жүйкені қысатын болса онда мойын, қол, иық ауырып, ұйып қалады. Бел омыртқадағы жүйке қысылатын болса бел мен аяқта ауырсыну пайда болады. Енді бұдан шығатын қандай жол бар? Ол үшін...

→ Орындық жайлы болуы тиіс. Үстелдің биіктігі 75-85 сантиметр аралығында болған дұрыс. Сондай-ақ, айналмалы, шынтақ қоятын және белге арнайы тіреуіштері бар орындық таңдаған абзал. Пернетақтаны ыңғайлы орналастырыңыз. Ал тінтуірдің (маус) салмағы жеңіл, ал айналатын дөңгелек батырмасы ауырлау қозғалғаны дұрыс.

→ Көпшілік ноутбукке бүкірейе отырады. Себебі пернетақта мен тінтуір бөлек орналаспаған. Сол үшін ноутбукқа жеке пернетақта мен тінтуір сатып алған абзал. Оны жалғап, ноутбукты алысырақ қойып, жұмыс жасаған өзіңізге де ыңғайлы, әрі денсаулығыңызға пайдалы.

→ Ноутбукты тізеге қойып пайдалануға болмайды. Дұрысы орындыққа қойып, қолды тіреп, арқаны бүкпей жұмыс жасаған дұрыс.

→ Ноутбук алдында ұзақ отыруға болмайды. Ара-арасында үзіліс жасап, сергіп алғаныңыз жөн. Бұл буындар мен бұлшықетке көп күш түсірмеудің бір жолы.

Арқа, мойын мен иықтағы сырқаттар бірден пайда болмайды. Ақырындап меңдей бастайды. Ал оны емдеу ұзаққа созылады. Сондықтан да ескерер ережелерді есте сақтап, денсаулығыңызға күтім жасаңыз.

*massaget.kz*

■ ІС-ШАРА

**Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының 2018 жылға арналған жоспарына сәйкес «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ҚР Тәуелсіздік күніне арналған «Ана тілім - ән-жырым» атты ән салу, терме айту, көркемсөз оқу шеберлігі бойынша қалалық байқау болып өтті. Байқауда 18 жастан асқан үміткерлер өз бақтарын сынауға мүмкіндік алды.**



# ӘН МЕН ЖЫРДЫҢ АРҚАУЫ – АНА ТІЛІ

Бұл ауқымды шараның басты мақсаты – қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, дарынды жастарды анықтап, оларға барынша қолдау жасау, сол сияқты Қазақстанның қол жеткен табыстарын көрсете отырып, рухани бірлікті нығайтып, отансүйгіштік сезімді тәрбиелеу, қазақтың ұлттық мәдениеті мен өнеріне, әдебиеті мен тіліне деген ықыласты арттыру болатын. Байқау барысында ұйымдастырушылар алдына қойған мақсатқа жетуге барынша күш салғанын көрсетті. «Халық іші - өнер кеніші» - деп тегін айтылмаған, ел арасында танылмаған таланттардың көп екеніне көз жеткіздік.

Бұл байқау алдымен алып қаланың барлық сегіз аудандарында өткізіліп, жүзден жүйрік шыққандар іріктелініп, бүгінгі қорытынды, шешуші кезеңге жеткен болатын. Қойылар талап та төмен болған жоқ. Ән, терме, көркемсөз жанрындағы «Сұлу сазды әсем ән», «Толғауы терең жыр-терме», «Мағыналы ойлы көркем сөз» атты үш номинация бойынша жарысқа түскендердің алдында Отан, туған жер, ана тілі, Тәуелсіздік, Желтоқсан, ынтымақтастық пен татулық сияқты күрделі тақырыптарды қамту міндеті тұрды. Оған қоса ән салу, терме айту, домбыра тарту, көркем мәтінді мәнерлеп оқу, сахнада өзін-өзі ұстау тіпті киім сәніне де басты назар аударылды. Гүлмира Акұрпекова, Баян Бекетова, Марат Оралханов, Нұрмұхан Шаймерденов, Бақыт Қалымбет секілді көпшілікке кеңінен танымал әдебиет, өнер, қоғам қайраткерлерінен құралған төрешілер алқасына жеңімпаздарды анықтау да оңай болмады. Айта кетуіміз керек, жобаның авторы, шараның басты ұйымдастушыларының бірі, тіл жанашыры – Бақыт Қалымбет. Тағы бір айта кетерлік жағымды жағдай, бұл сайыста ешкім марапаттан тыс қалған жоқ. Бас жүлде, алғашқы үш орындарға қаржылай және бағалы сыйлықтар, қалған қатысушыларға сыйлықтар мен марапаттау қағаздары табыс етілді. Ән салудан бас жүлдені Бағдат Нысанбай, жүлделі үш орында Рая Тәліпханова, Қажымұқан Қалиев, Аружан Жұмабаева, терме айтудан сәйкесінше Нұрша Бақытбекқызы, Рауан Ескіліков, Айбын Жамалы, Ғибрат Жұмағұлов, көркемсөз номинациясы бойынша Сағыныш Қорғанбаева, Бейбарыс Зарипов, Ермек Тұрғанбеков, Нұрлан Сағынаев топ жарды.

Жүлделер мен марапаттау қағаздарын жеңімпаздарға белгілі әнші Гүлмира Акұрпекова, ақын Баян Бекетова, әншісазгер Марат Оралхановтар тапсырып, жас таланттарға ана тілін аялап, өнер биігінен көріне берулеріне тілек білдірді. Ақын Баян Бекетова бұл өткізіліп отырған шараның маңызы зор екенін ерекше атап өтті. Еліміз Тәуелсіздік алған күннен бастап тіл тақырыбы үнемі күн тәртібінде тұрғанын, кезінде көптеген қиындықтарға тап болғанын, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту бүгінгі күні де өткір мәселе екенін еске салды. «Ана тілім - ән-жырым» сияқты байқауларды жыл сайын өткізіп тұру тілге деген нағыз жанашырлық болып табылатынын, оған қоса отансүйгіштік, ұлттық құндылықтарды жастардың бойына сіңіруге,олардың рухани дамуына, енді ғана бастау алған өнерлерін одан әрі ұштауға үлкен септігін тигізетінін жеткізді.

Ия, жыл бойы ұйымдастырылған игі іс те өз мәресіне жетті. Кеш соңында қазақ тілінің көкжиегін кеңейту жолында көптеген істерге ұйытқы болған аудандардың жұмысы да қорытындыланды. Аталмыш көрсеткіш бойынша Алматы қаласының Алмалы, Алатау, Медеу аудандары жеңімпаз деп танылды. Бұл жерде біреу жеңді, біреу жеңілді деп айту да орынсыз. Белгілі бір мақсатта өткізілген ауқымды шараның басты жеңімпазы Ана тіліміз болды десек қателеспейміз. Қазақ тілінің мәртебесі өссе, ұлтымыздың мерейі үстем болады.

**Зейнолла АБАЖАН**

# ХАНБИБІ ЕСЕНҒАРАҚЫЗЫНЫҢ 10 ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

■ ӘДЕБИЕТ

**Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде Қазақстан Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының ұйымдастыруымен, Еуразия Ұлттық университетінің қолдауымен халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, С.Есенин атындағы Ресей Жазушылар одағының алтын медаль және «Парасат» орденінің иегері Ханбибі Есенқарақызының таңдамалы 10 томдығының таныстырылымы өтті.**



«Фолиант» баспасынан жарық көрген 10 томдыққа ақынның әр жылдары жазған жырлары мен тарихи зерттеу мақалалары топтастырылған.

Шараға белгілі сатирик Көпен Әмірбек, қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазы, белгілі ақын, «Ақ жол» КДП төрағасының орынбасары Қазыбек Иса, профессор Дихан Қамзабек қатысып, он томдықтың тұсауын кессе, жиынды белгілі ақын Дәулеткерей Кәпұлы жүргізді. Таныстырылым кешіне қатысқан зиялы қауым өкілдері ақынның шығармашылығы хақында өз пікірлерін айтып, жылы лебіздерін арнады.

Университет ректорының атынан құттықтаған алаштанушы ғалым, академик Дихан Қамзабекұлы ақын апамыздың кеудесіне «Күлтегін» медалін тағып, құрмет көрсетті.

Кітап таныстырылымында ақын сөзіне жазылған әндер орындалып, өлеңдері оқылды. Жиналған студент жастар ақынға көкейдегі сауалдарын қойып, әдебиет туралы тағылымды әңгімесін тыңдады.

*qazaquni.kz*

## ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

***«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:***

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 379,24 | 3 ай | қала | 1137,72 | 6 ай | қала | 2275,44 | 12 ай | қала | 4550,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 397,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1193,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2387,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 4774,32 |


Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
Жауапты хатшы - Гүлмира САДЫҚ
Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұрлан ӘБДІБЕК (қоғам)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
Маңғыстау облысы:
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)
Атқарушы директор –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН
Тарату бөлімі:
Алматыда:
Мағжан НҰРҒАЛИЕВ
(8-702-466-27-02)
Астанада:
Көбей ЖЕТІБАЙ
(8-775-665-74-10)
Шымкентте:
Мұтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),
Астанада «Алты Алаш» (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19.12.2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976–Г (Алғашқы куәлік №1270–Г, 01.08.2000 жыл).
Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.
Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді
АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 000
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К.Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www.qazaquni.kz
Кезекші редактор –
Зейнолла АБАЖАН

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ., С.Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ
Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген